

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ АГРАРЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Айнұр Елтайқызы ҚАЙЫРБАЕВА

КӘСІПОРЫН ЭКОНОМИКАСЫ

Оқу құралы

Алматы 2010

ББК 65.290-2 я 73
УДК 658 (075.8)
Қ14

Рецензенттер:

Байбарақов Е.Б. – ҚР ҰҒА академигі, экономика ғылымдарының докторы, профессор.

Белгібаев Қ.М. – ҚазҰАУ, экономика ғылымдарының докторы, профессор.

Қайырбаева Айнүр Елтайқызы

Қ14 Кәсіпорын экономикасы. //Оқу құралы. -Алматы, «Агроуниверситет» баспасы, 2010.-170 бет.

ISBN 978-601-241-163-8

Оқу құралы 050506 - «Экономика», 050507 - «Менеджмент», 050508 «Есеп және аудит», 050509 - «Қаржы», 050511 - «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандықтары бойынша типтік оқу бағдарламасына сәйкес орындалған. Осы мамандықтар бойынша білім алып жатқан бакалаврлар мен магистранттарға арналған.

ББК 65.290-2 я 73
УДК 658 (075.8)

Оқу құралы Қазақ ұлттық аграрлық университетінің Ғылыми кеңесі шешімімен басып шығарылды (№ 13 хаттама 04.05.2010 ж.).

ISBN 978-601-241-163-8

© Қайырбаева А.Е., 2010.
© «Агроуниверситет» баспасы, 2010.

АЛҒЫ СӨЗ

Кәсіпорын экономикасы пәні Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрлігінің Білім беру мен тестілеудің мемлекеттік стандарттары ұлттық орталығының бакалавриат 2006 жылғы 3.08 Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында көрсетілген міндетті оқыту пәні.

Нарықтық жүйе экономиканың негізгі мәселелерін шешуде тиімді және ыңғайлы болып отыр. Ол бірнеше жылдар бойы құрылды. Ал, нарықтық экономика жағдайында экономикалық іс-әрекеттердің орталығы экономиканың негізгі жүйесі-кәсіпорындарға ауысады. Қоғамға қажетті өнім мен қызметтер дәл осы деңгейде өндіріледі.

Кәсіпорындарда кәсіпкерлік іс-әрекеттерді ұйымдастыру мен экономикасы мәселелері шешіледі. Қазіргі таңда Қазақстан үшін нарықтың қазіргі жолы өте тиімді.

Кәсіпорын экономиканың негізгі бастапқы буыны. Кәсіпорын экономикасы экономистер дайындау жүйесінде негізгі пәннің бірі болып табылады.

Бұл пәнді оқытудағы мақсат - шаруашылық жүргізудің нарықтық жағдайында кәсіпорынның қызмет етуінің экономикалық механизмін зерттеу негізінде білімгерлердің экономикалық ой өрісін дамыту.

Бұл курсты оқу барысында Қазақстан экономикасын одан әрі жаңарту мен әртараптандыруды ескере отырып, білімгерлерді қалыптасқан құқықтық, экономикалық, қаржылық және әкімшілік ортада кәсіпорынның қызмет етуінің жаңа механизмінің білімімен білімгерлерді қаруландыру.

Қазақстан Республикасында жүргізілетін экономикалық реформалар кәсіпорынның құқықтық, қаржы – экономикалық және әлеуметтік жағдайын, оның экономика жүйесіндегі мәртебесін бірталай өзгертті.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасындағы нарықтық қатынастар қалыптасу жағдайында барлық экономикалық салалардағы кәсіпорындарында қызмет тиімділігін арттыру маңызды.

Кәсіпорындар ресурстарды үнемдеп, жоғары өнімді техникалар мен технологияларды қолданулары, өндірісті және өнімдерді сатуға

кететін шығындарды мейлінше аз жұмсаулары тиіс. Мұның барлығы терең экономикалық білімді қажет етеді. Қазіргі нарықтық экономикалық жағдайда нарық талабына сай, сұраныстың талабын қанағаттандыра алатын, өнім өндіруді дұрыс ұйымдастыра білетін, білікті қызметкерлері бар, жоғары табыс төлейтін, көп пайда табуды қамтамасыз ете алатын кәсіпорындар ғана бәсекеге қабілетті бола алады.

Нарықтық экономика жағдайында өнімдері тұтынушылардың сұранысына ие болған, бәсекелестік күресте жеңе білген кәсіпорын ғана ұзақ өмір сүре алады. Сондықтан да келешекте өндірісті жүргізуге маманданған экономисттер үшін кәсіпорынның экономикалық негізін терең білгендері қажет. Осыған орай “Кәсіпорын экономикасы” пәнін оқытудың маңызы зор.

Курсты оқып аяқтағаннан кейін студент кәсіпорынның өндірістік бағытын дұрыс, айқын анықтай алуы және аймақтың табиғи - климаттық ерекшеліктері мен экономикалық мүмкіншіліктерін, тауар өндіруші мен қызмет көрсетушілерге деген сұраныс пен ұсынысты, табиғи, материалдық-техникалық және еңбек ресурстарын экономикалық негізделген тұрғыда пайдалана білулері тиіс.

1-бөлім. ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА ЖҮЙЕСІНДЕГІ КӘСІПОРЫННЫҢ ОРНЫ

1.Қазақстан Республикасы экономикасының даму сипаттамасы және оны мемлекеттік реттеу

1.1 Ұлттық экономика түсінігі

Ұлттық экономика бүкіл ел, мемлекет дәрежесінде макрожүйе ретінде сипатталады. Макрожүйе – бұл қоғамдық элементтерді немесе қатынастарды біртұтас алып қараған жағдайда, олардың заңдылық байланыстары кезіндегі элементтер мен қатынастар жүйесі.

Макрожүйенің негізгі элементтері: жиынтық өндіріс бұл сан алуан игіліктерді өндіретін кәсіпорындардың жалпы жиынтығы; жиынтық қоғамдық өнім – бұл белгілі бір кезеңде өндірілген игіліктердің барлық сомасы; жиынтық тұтыну – бұл қоғамның барлық мүшелерінің тұтынуының жалпы сомасы. Бұл аталған үш элемент макроэкономиканың құрылымын құрайды.

Ұлттық экономика – белгілі бір елдің қоғамдық еңбек бөлісінің, ғылыми техникалық дамудың, халықаралық қатынастың, қалыптасқан және өзара байланысқан саланың бірыңғай кешені.

Құрылым тұрғыдан ұлттық экономиканы құқықтық, салалық және кеңістік ұйым деп қарауға болады.

Құқықтық тұрғыдан ұлттық экономика – заңды тұлға мәртебесі бар ұйымдар жиынтығы.

Салалық тұрғыдан ұлттық экономика – экономикалық іс әрекеттің өрісі, секторы, саласы.

Ұлттық экономика материалдық өндіріс және өндіріс емес өрісі болып екіге бөлінеді.

Материалдық өндірістің өрісі – бұл материалдық игілікті жасаушы немесе қызмет атқарушы экономикалық іс әрекеттің түрі және салалардың жиынтығы. Бұл өрістің іс әрекетінің нәтижесі ретінде өндірістік техникалық өнім, тұтыну таурлары, көлік, байланыс және т.б. көрсеткен қызметтер жатады.

Өндірістік емес өріс – тұрғындарға қызмет көрсететін іс әрекеттің түрлері мен салаларын біріктіреді: білім, денсаулық және әлеуметтік жәрдемдер, коммуналдық, әлеуметтік және жеке адамдарға көрсетілетін қызметтер.

Меншік түріне байланысты экономика секторын мемлекеттік және жеке меншікті деп бөлуге болады.

Мемлекеттік сектор мемлекет меншігінде болатын немесе мемлекет басқару органдарымен бақыланатын және басқаратын кәсіпорын ұйымдар жиынтығы.

Жеке меншік секторы тікелей мемлекетпен бақыланбайтын кәсіпорындар, ұйымдар және мекемелер жиынтығы.

Ал пайда табу үшін өнімді өндіру мен қызмет көрсетуді атқаратын және нарықтық емес өндіріспен айналысатын шаруашылық бөлігінің жиынтығын қаржылық емес кәсіпорындар секторы деп атайды.

Бақылау нысаны бойынша үш ішкі секторға бөлінеді:

- 1) мемлекеттік;
- 2) ұлттық жеке меншік;
- 3) шетел.

Қаржылық мекемелер секторы деп қаржылық делдалдармен, сақтандырумен, қаржылық делдалдық және сақтандыру аясында көмекші қызметтер мен айналысатын іс әрекеті оның негізгі түрі болатын коммерциялық емес ұйымдарды бақылайтын органдар жиынтығы.

Ұй шаруашылық секторы адамдардың азғантай топтарынан тұратын ұй шаруашылық жиынтығы түрінде көрсетіледі.

Сонымен сала дегеніміз – іс-әрекеттің өрісі, шығарылған өнімі, өндірістің технологиясы, шикізаты, негізгі қоры мен қызметкерлердің дағдысының ортақтылығы тән кәсіпорын мен ұйымдар жиынтығы.

1.2 ҚР индустриалды инновациялық даму бағдарламасы

Ел басының жарлығы бойынша бекітілген ҚР 2003-2005 жылдарға Мемлекеттік азық-түлік бағдарламасы және 2004-2010 жылдарға ҚР ауыл аумақтарын дамыту туралы Мемлекеттік бағдарлама жасалынып, ұсынылған.

2003-2005 жылдардың ҚР Мемлекеттік азық-түлік бағдарламасы аграрлық экономиканың тиімді дамуын, ауыл тұрғындары мен ауыл шаруашылық құрылымдарының жоғары технология негізінде олардың табыстарын өсіруді, агроөнеркәсіптің мамандандырылуын қарастырады.

Бұл бағдарламаның мақсаты - АӨК-нің тиімді жүйесін қалыптастыру және бәсекелік қабілеті бар өнім өндіру негізінде Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Осы құжатты іске асыру үшін республикалық бюджеттен үш жылға аграрлық сектор үшін 220 млрд. теңге шамасында, оның ішінде 2003 жылға 55 млрд, 2004 жылы – 68,4, ал 2005 ж. - 80,8 млрд. теңге бөлінді. Ал су шаруашылығы жүйесінде міндетті іске асыру үшін 57,5 млрд. теңге, балық шаруашылығына-1,3 млрд. теңге бөлінген.

ҚР Үкіметі “2003-2015 жылдарға Қазақстан Республикасының индустриалдық-инновациялық даму бағдарламасын қабылдады”. Оның мақсаты: “Экономика саласын әртараптандыру жолымен еліміздің тұрақты дамуына қол жеткізу, сонымен қатар шикізат бағытынан қалдықтың болуына себепші болу, ұзақ мерзімді сервистік-технологиялық экономикаға көшу үшін дайындыққа жағдай жасау”.

Оның ұзақ мерзімдік сипаты, ағымдағы, келешектегі және стратегиялық бағдарламалар мен ұлттық экономиканы дамытудың стратегиялық жоспарымен тығыз байланысы бар екендігінде болып отыр. Аса маңызды бағыттардың, техникалық-экономикалық көрсеткіштер мен параметрлерді талдау бағаламасы мен болжамы күтетін істер және қаражаттардың сипаты мен көлемін күні ілгері анықтауға, күш-қуат пен қаражатты стратегиялық міндеттерді шешуге шоғырландыруға, маңызды мәселелер мен қиындықтарды айқынырақ көруге, “Қазақстан-2030” стратегиялық бағдарламасын орындауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

1.3 Нарықтың мәні, негізгі категориялары

Нарық дегеніміз – сатушылар мен сатып алушылардың қарым-қатынасы. Нарық - тауар өндірушілер мен кәсіпкерлердің өз қызметтерінің нәтижесіне қызығушылығы негізінде экономикалық тиімді жүргізілуін қамтамасыз ететін экономикалық қатынастар жүйесі.

Нарықтың жұмыс істеуіне қажетті жағдайлар:

1. Экономикалық еркіндік немесе тәуелсіздігін - әрбір кәсіпорын өзі шешеді.
2. Меншіктік құқық - бірнәрсеге ие болу.

3. Бәсекелестік - әркім өз өнімін өндіру үшін таласады.
1. Нарықтық, құқықтық институттың құрылуы – заң шығаратын ұйымдардың болуы.
2. Қатаң бюджеттік шектеу - әр адамның табысы экономикаға қосқанға байланысты.
3. Болжауға болатын мемлекеттік саясат – саясат бір бағытта болуы керек.

Нарықтық механизм-нарықтық заңдарға сәйкес экономикадағы өндіріс, бөлу, айырбас және тұтыну үдерістеріне әсер етуге қажетті тәсілдер мен әдістер, тұтқалар жиынтығы.

Нарықтық механизм төрт элементтен тұрады:

1. Сұраныс–нарықта қажетті және ақша құралдарымен қамтамасыз етілген тауар мен қызметтер көлемі. Сұраныс–бұл төлемдік қабілеті бар қажеттілік.

Сұранысқа әсер ететін факторлар:

- қосымша тауарларға бағаның өзгеруі;
- халықтың ақша табыстарының өзгеруі;
- тұтынушылар талғамының өзгеруі;
- сатып алушылар санының өзгеруі;
- қажеттіліктер етудегі өзгерістер.

2. Ұсыныс – нарықта нақты сатуға ұсынылған тауар көлемі.

Ұсынысқа әсер ететін факторлар:

- ресурстар бағасының өзгеруі;
- технологияның өзгеруі;
- салықтар мен дотациялардың өзгеруі;
- басқа тауарларға бағаның өзгеруі;
- жеткізушілер мен жабдықтаушылар санының өзгеруі;
- нарықтағы, болашақтағы өзгерістер.

3. Бәсекелестік – максималды пайда табу мақсатында тауар өндірушілердің ұтымды, өнімді өткізу, өндіру жағдайларына өзара бәсекеге түсуі.

Бәсекелестіктің түрлері:

- сала ішіндегі бәсекелестік;
- салааралық бәсекелестік;
- бағалық бәсекелестік;
- бағалық емес бәсекелестік немесе бағадан тыс.

4. Баға – тауардың ақшалай көрінісі.

Нарықтық механизм элементтері бір-бірімен байланысты болады.

Нарық келесідей белгілері бойынша бірнеше түрге бөлінеді:

1. Нарықтық қатынастар объектісінің экономикалық бағыты бойынша мынандай түрлерге бөлінеді:
 - тұтыну тауарлар мен қызметтер нарығы;
 - өнеркәсіп бағытындағы тауарлар нарығы;
 - шикізат нарығы;
 - еңбек нарығы;
 - құнды қағаздар нарығы;
 - екінші деңгейдегі шикізат нарығы;
 - ортадағы тауарлар нарығы.
2. Бәсекелестік шектеу деңгейі бойынша:
 - еркін нарық;
 - монополиялық нарық;
 - олигополиялық нарық;
 - аралас нарық.
3. Географиялық орналасуы бойынша:
 - жергілікті;
 - ұлттық;
 - әлемдік.
4. Сату сыйпаты бойынша:
 - көтерме;
 - бөлшектік.
5. Салалар бойынша:
 - мұнай;
 - ауыл шаруашылығы шикізаты;
 - өнеркәсіптік;
 - автокөлік;
 - азық-түлік.

1.4 Экономиканы мемлекеттік реттеу

Экономиканы мемлекеттік реттеу-әлеуметтік-шаруашылық үдерістеріне олардың тиімді теңгермешілігі мен макроэкономикалық тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттің әкімшілік-экономикалық және ұйымдық-құқықтық негізде араласуы.

Мемлекеттік реттеу – бұл шаруашылықты жүргізудің нарықтық механизміне тұрақтандырушылық ықпалын тигізу мақсатында мемлекеттің экономикаға тікелей жанама араласуы.

Экономиканы реттеу – мемлекеттің макроэкономикалық тұрғыда қолданатын іс-әрекеті. Себебі: ерікті кәсіпкерлік жүйесі мен нарықтық қатынастар тиімді теңгермешілік жағдайындағы тұрақтылықты қамтамасыз ету мәселесін мемлекетке қалдырады.

Мемлекеттік реттеудің ғылыми тұжырымдамасын анықтайтын негізгі ережелер:

- меншіктің мемлекеттік және жеке түрлерінің болуы;
- макроэкономикалық реттеу барысында үкімет қызметінің бағыттары, қағидалары айқын қадағаланып отыруы;
- құрылымдық-инвестициялық саладағы реттеу әрдайым халық шаруашылықтық интеграцияның ең жоғарғы деңгейінде жүзеге асырылатындығы;
- шетел инвестициялары жөніндегі мәселелердің жеке қарастырылуы;
- макроэкономикалық тәсілдің ұлттық республикалардың әлемдік шаруашылық жүйесіне кіру мәселесін шешуі.

Экономиканы мемлекеттік реттеу әдіснамасына, оның тұжырымдамасы, қағидалары, механизмдері мен әдістері жатады.

Экономиканы мемлекеттік реттеу әдістерін шартты түрде екі топқа бөледі: тікелей (әкімшілік) және жанама (экономикалық).

Тікелей реттеу әдістері – экономикалық үдерістердің өзіне, оның шамасына әсер етумен байланысты. Бұл экономиканы шамадан тыс монополизациялауды шектейтін, бәсекелестікті дамытатын, тұрғындардың төлем қабілеті бар жағдайларын қолдайтын, әлеуметтік қорғау саясатын жүзеге асыратын шараларды қамтиды.

Жанама реттеу әдістері – барлық шаруашылық субъектілері үшін міндетті. Оның қызметі экономикалық қаракеттің шарттары нәтижесіне әсер етумен байланысты.

Экономиканы мемлекеттік реттеудің әдістері:

1. Фискалдық саясат – мемлекеттік бюджетпен реттеу құралдарын қамтиды. Салықтық реттеу фискалдық саясаттың маңызды бөлігі.

2. Несие - ақша саясаты – мемлекет нақты салалық және аймақтық мәселелерді шешуде, ерекше мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру үшін мақсатты жеңілдікпен пайдаланылатын несиені беруі.
3. Бағаны және табысты реттеу саясаты – мемлекеттің барынша тікелей әсер ету құралдарын қолдануы.
4. Әкімшілік реттеулер – кейбір, әдейі ерекшеленген салалар. Мысалы: қоғамдық пайдалану салаларына (электрэнергетика, көлік) бақылау шаралары.
5. Қысқа мерзімді реттеулер – бірнеше айдың ішінде нәтиже алуға есптелінген ұдайы өндіріс үдерісіне әсер ету.
6. Ұзақ мерзімді реттеу – бірнеше жыл бойынша нәтиже алуға есептелінген ұдайы өндіріс үдерісіне мақсатты бағытта әсер етуі.

Біздің мемлекетіміз аграрлық сектор және республикамыздың агроөнеркәсіп кешені экономиканың аса маңызды саласы болғандықтан. 2002 жылы ел басымыз Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы арқылы “Ауыл дегеніміз – сайып келгенде, халықтың тұрмыс салты, мәдениетіміздің, дәстүріміздің, әдет ғұрпымыз бен рухани тіршілігіміздің қайнары. Осынау саяси моральдық және әлеуметтік факторлардың өзі-ақ бізден ауылға барынша байсалды қарауымызды талап етеді”, деп атап көрсете отырып, экономикасы құлдырап кеткен ауылды қайта қалпына келтіру мен жаңғырту үшін 2003 – 2005 жылдар ауыл жылдары деп жарияланып, мемлекеттік бюджеттен 150 млрд. теңге қаржы бөлінді.

1.5 Кәсіпкерлік, оның нысандары мен түрлері

Кәсіпкер – жеке тұлға, ол:

- өндірістік – шаруашылық;
- көтерме сауда;
- инновация;
- кеңестер беру;
- коммерциялық делдалдар;
- бағалы қағаз операциялары және тағы басқа да заңмен тиым салынбаған кез-келген қызмет түрлерімен айналысуына құқылы.

Кәсіпкерлік – меншікке негізделген, несиеге алынған және басқа да мүліктерді пайдалану арқылы қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жүзеге асырылатын бастамалық, шаруашылықтық және басқа да қызмет.

Кәсіпкерлік қызмет екі нысанда жүзеге асырылады:

1. Меншік иесінің мүліктік жауапкершілігі негізінде өзінің тәуекел етуі.
2. Кәсіпорынды меншік иесі атынан басқару.

Кәсіпкерлік субъектісі:

1. ҚР-ның және басқа елдердің азаматтары.
2. Заңды түрдегі шетел азаматтары мен өкілеттілігі шектеулі тұлғалар.
3. Азаматтық бірлестіктер.

Кәсіпкердің құқықтары:

- келісімнің бастамаларын жүзеге асырып қаржы-қаражат тарту;
- интеллектуалды меншік объектілерінің, азаматтар мен заңды тұлғалардың мүлкі мен жекеленген мүліктік мүдделерін қорғау;
- өндірістік бағдарламалар жасау;
- ҚР-ның заңдары мен келісімдеріне сәйкес баға белгілеуді реттеу;
- сыртқы экономикалық қызметтерді жүзеге асыру;
- кәсіпорындарды басқаруда әкімшілік-тәртіптік қызметтерді жолға қою;
- кәсіпорын иесінің атынан қызметкерлер жалдау және оларды жұмыстан босату.

Кәсіпкерлік қызметтің түрлері:

- өндірістік;
- коммерциялық;
- қаржылық;
- кеңестер беру.

Өндірістік кәсіпкерлікке қатысты негізгі қызметтер:

- өнім өндіруге бағытталған жұмыстар мен қызмет көрсетуді атқару;
- ақпараттарды өңдеу және жинау;
- рухани құндылықтарды игеру;
- тұтынуға жататын басқа да өткізілімдер.

Коммерциялық кәсіпкерліктің мазмұны тауар-ақша қатынастары мен сауда-айырбас операцияларынан тұрады. Шын мәнінде, бұл тауар мен қызмет көрсетуді қайта сататын орын.

Қаржылық кәсіпкерлікке сату-сатып алудың ерекше тауарлары: ақша, валюта, құнды қағаздар, яғни ақшаны тікелей және қосымша нысанда сату жатады.

Кеңес беру қызметіне:

- жалпы басқару;
- әкімшіліктік басқару;
- қаржылық қолдау;
- маркетинг;
- ақпаратты технология;
- арнайы қызметтер жатады.

Кәсіпкерлік қызметтің орны ең алдымен – **кәсіпорын**.

ҚР–ның Азаматтық кодексі және қолданылып жүрген заңдар мен заңдылықтарға сәйкес кәсіпорындардың мынадай ұйымдық-құқықтық нысандары бар:

- мемлекеттік кәсіпорындар;
- серіктестік (толық, жауапкершілігі шектеулі, сенімді және қосымша жауапкершілігі бар);
- акционерлік қоғам, бірлестіктер.

Мемлекеттік кәсіпорындарда – негізгі құралдар мемлекеттің меншігінде болады. Мемлекеттік ұйымдардың қарамағында болатын кәсіпорындарды қазыналық деп атайды.

Кәсіпкерлік қызметке қатысушылар мен олардың әріптестерінің бірігуі “**Серіктестік**” деп аталады. Серіктестік шаруашылықтарға әріптестердің қатысуы жазбаша келісімдер мен шарттар түрінде бекітіледі. Серіктестіктерді олардың құрылтайшылары құрайды.

Толық серіктестік – екі немесе одан көп тең құқықты адамдардың ұйымдасқан шаруашылық қоғамының, бірлестігінің түрі. Олар кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін бірігіп, жасасқан шарт негізінде өз мүліктерімен қоғам алдында жауапты болады.

Жауапкершілігі шектеулі серіктестік – кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін екі, одан да көп адамдардың бірігуі. Серіктестік мүшелері өз үлесін басқа мүшелерінің келісімімен басқа адамға немесе үшінші тұлғаға бере алады.

Сенімді серіктестік – шарт жасасу негізінде екі, одан да көп кісіге беріледі.

Қосымша жауапкершілігі бар серіктестік – серіктестіктің мүшелері жарғылық қорға өздерінің міндетті салымдарымен жауап береді.

Акционерлік қоғам - рұқсат ету жолымен заңды құқығы және өзіндік жарғысы бар бірлестік. Акционерлер болуға жеке адам да, заңды тұлғалар да қақылы. Акционерлік қоғамның негізгі капиталы акцияларға бөлінеді.

Кәсіпорынның түрлері:

1. Кооператив – пайда табу мақсатында емес, мүшелеріне көмек көрсету, қызметтеріне тиісті ықпал жасау үшін құрылатын қоғамдастық.

2. Бюджеттік кәсіпорындар – заңды, шаруашылық дербестігі жоқ ұйымдар кіреді. Олар мемлекеттік-әкімшілік жүйе шеңберінде тікелей немесе құрылымдық тұрғыда министрліктерге, ведомстволарға немесе жергілікті басқару органдарына бағынады.

3. Мемлекеттік корпорациялар - кәсіптік немесе ортақ мүдделер ұстанымында біріккен қоғам.

4. Ассоциациялар - шаруашылық есеп, өзін-өзі қаржыландыру және өзін-өзі басқару негізінде жұмыс істейтін кәсіпорындардың, мекемелердің бірыңғай экономикалық, әлеуметтік, мәдени мүдделер негізінде ерікті түрде заңды ұйым ретінде бірігуі.

Ассоциациялардың негізгі түрлері:

- концерн;
- салааралық;
- мемлекеттік бірлестік;
- шаруашылық ассоциациясы;
- консорциум.

Концерн - қатысу жүйесі, мүдде ортақтығы туралы шарттар, қатысу үлесі, патенттік-лицензиялық келісімдер, қаржыландыруға, өндірістік ынтымақтастық негізінде өзара тығыз байланысқан дербес кәсіпорындар бірлестігі.

Консорциум – капиталистік монополиялар нысандарының бірі, іріленген өнеркәсіп құрылысын жүзеге асыру, белгілі бір өнім түрін өндіруде мейлінше ұлғайту мақсатында бірнеше банк немесе өнеркәсіп субъектілері арасында жасалып, қабылданатын уақытша келісім.

1. **Холдинг** – басқа компанияларға бақылау жасау мақсатында өзінің капиталын олардың акцияларының бақылау пакеттерін сатып алу үшін пайдаланатын акционерлік компания.
2. **Картель** – біртектес өнім өндіретін тәуелсіз өнеркәсіп орындарын белгілі бір нарыққа үстемдік орнату мақсатында ұйымдастырған бірлестік, ассоциация.
3. **Синдикат** - өндірушілердің өнімді біртұтас сауда кеңсесі арқылы бірігіп сату жолымен бәсекені болдырмау және монополиялық пайда алу мақсатымен монополиялық бірігу нысаны.
4. **Трест** – кәсіпкерлер бірлестігі, ол өзіне кіретін кәсіпорындардың өндірістік, коммерциялық және заңды дербестігін жойып, бірыңғай басқару жүйесіне бағынумен ерекшеленеді.

Меншік нысанына байланысты кәсіпорынның түрлері:

1. **Бірлескен кәсіпорын** – екі немесе одан да көп елдің заңды тұлға құқығы бар құрылтайшылардың мүлкін біріктіру негізінде құрылған.
2. **Еншілес кәсіпорын** – заңды тұлға құруға құқығы бар, бірақ, акциялардың пакеті немесе жарғылық қоры басқа кәсіпорынның қолында болады.
3. **Жалгерлік кәсіпорын** – кәсіпкерлік қызметі жалға алынған мүліктердің негізінде жүзеге асырылатын шаруашылық.
4. **Жеке кәсіпорын** – азамат, соның ішінде шетел азаматы, азаматтығы жоқ тұлға құрған кәсіпорын.
5. **Коммерциялық кәсіпорын** – заңды тұлға құқығын беретін, өзін-өзі қаржыландыру жағдайында коммерциялық қызметпен айналысатын және барынша көп табыс алуды көздейтін оқшауландырылған дербес шаруашылық бірлігі.
6. **Ұжымдық кәсіпорын** – мемлекеттік кәсіпорынның өтеуін өтеп алған немесе мүлікті еңбек ұжымы заңды жолмен сатып алған жағдайда құрылған шаруашылық.
7. **Шағын кәсіпорын** – жұмысшылар саны жағынан шектеулі, шаруашылықтың айналымы белгілі бір мөлшерлік көрсеткіштерден жаңадан құрылған немесе бұрыннан жұмыс істеп тұрған кәсіпорын.
8. **Шетелдік кәсіпорын** – жарғылық капиталы толығымен шетелдік инвестициялардан құрылған кәсіпорын.

9. **Ірі кәсіпорын** – сала өндірістерінің жалпы көлемінің көп үлесін және акцияларды иеленушілердің саны жағынан ірі деп саналатын кәсіпорын.

Меншік түріне байланысты халық шаруашылығындағы кәсіпорын түрлері:

1. **Жеке меншік** - адамдардың меншігінің негізінде құрылады.
2. **Муниципалдық** - жергілікті ұйымдарды басқару негізінде құрылады.
3. **Мемлекеттік** – мемлекеттің басқару негізінде құрылады.
4. **Жалгерлік** – меншіктің иесімен, оны жалға алып отырған еңбек ұжымдарының арасындағы келісім – шарттың негізінде құрылады.

Пайдалануға ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Есполов Т.И., Белгібаев Қ.М., Сүлейменов Ж.Ж. «Экономикалық теория» Оқу құралы. - Алматы, «Агроуниверситет», 2009 жыл. 7-9 беттер
2. Ниязбекова Р.Қ., Рахметова Б.А., Байнеева П.Т. «Кәсіпорын экономикасы» Оқу құралы. - Алматы, «Экономика», 2008 жыл. 6-9 беттер
3. ҚР индустриалды инновациялы стратегиясы
4. Малғараева Ж.Қ., Қалықова Б.Б., Саяпыл Ә., Итекеева Г.Қ. «Экономикалық теория» Оқу құралы. - Алматы, «Агроуниверситет», 2006 жыл. 30-37 беттер
5. Ихданов Ж.О., Орманбеков Ә.О. «Экономиканы мемлекеттік реттеудің өзекті мәселелері» Оқу құралы. - Алматы, «Экономика», 2002 жыл. 6-29 беттер
6. Махамбетов Н.Ә. «Экономиканы мемлекеттік реттеу» Оқу құралы. - Алматы, «Агроуниверситет», 2007 жыл. 6-29 беттер
7. Смағұлова Г.С. «Аймақтық экономиканы басқару мәселелері», оқу құралы. - Алматы, «Экономика», 2005 жыл. 43-51 беттер.
8. Жатқанбаев Е.Б. «Экономикалық теория бойынша практикалық оқу құралы». - Алматы, «Курсив», 2006 жыл. 197-206 беттер.
9. Қайырбаева А.Е. «Кәсіпорын экономикасы» Оқу құралы. - Алматы, «Нұр-принт», 2007 жыл. 4-18 беттер

Бақылау сұрақтары:

1. Ұлттық экономика дегеніміз не?
2. ҚР мемлекеттік құрылымдық саясаты қандай?
3. 2015 жылға дейін ҚР-ның индустриялық инновациялық басым бағыттары қандай?
4. Нарықтың мәні неде? Оның түрлерін атаңыз.
5. Нарық механизмі, оның негізгі элементтерін атаңыз.
6. Экономиканы мемлекеттік реттеудің қажеттілігі неде?
7. Экономиканы мемлекеттік реттеудің әдістерін атаңыз.
8. Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігі.
9. Кәсіпкер дегеніміз кім?
10. Кәсіпкерлік деген ұғымды қалай түсінесіз?

Экономикалық тренинг

1. Негізгі категориялар

Мемлекет, аграрлық саясат, ауыл шаруашылығы, кәсіпкерлік, тиімділік, меншік, экономика, нарық, сатушы, сатып алушы, кәсіпкер, нарықтық механизм, сұраныс, ұсыныс, бәсеке, еркін бәсеке, олигополиялық бәсеке баға, бағалық бәсеке, бағасыз бәсеке, өнімнің бәсекелестігі, кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігі, кәсіпкерліктегі тәуекелділік, тәуекелділік, өндірістік тәуекел, коммерциялық тәуекел, қаржылық тәуекел, инвестициялық тәуекел, нарықтық тәуекел, тәуекел аймақ, тәуекелсіз аймақ, аз тәуекелді аймақ, жоғары тәуекелді аймақ, қауіпті тәуекелді аймақ, жарамайтын тәуекелді аймақ, тәуекелділікті сақтандыру, мемлекеттік кәсіпорындар, серіктестік, толық серіктестік, жауапкершілігі шектеулі серіктестік, сенімді серіктестік, қосымша жауапкершілігі бар серіктестік, акционерлік қоғам, кооператив, бюджеттік кәсіпорындар, мемлекеттік корпорациялар, ассоциациялар, концерн, консорциум, холдинг, картель, синдикат, трест, бірлескен кәсіпорын, еншілес кәсіпорын, жалгерлік кәсіпорын, жеке кәсіпорын, коммерциялық кәсіпорын, ұжымдық кәсіпорын, шағын кәсіпорын, шетелдік кәсіпорын, ірі кәсіпорын, жеке меншік, муниципалдық, мемлекеттік, жалгерлік.

2. Сол жақтағы беттен оң жақтағы беттегі анықтамалардың сәйкестігін анықтаңыз

Нарық	нарықтық заңдарға сәйкес экономикадағы өндіріс, бөлу, айырбас және тұтыну үдерістеріне әсер етуге қажетті тәсілдер мен әдістер, тұтқалар жиынтығы.
Нарықтық механизм	бұл шаруашылықты жүргізудің нарықтық механизміне тұрақтандырушылықтықпалын тигізу мақсатында мемлекеттің экономикаға тікелей де, жанама араласуы.
Мемлекеттік реттеу	сатушылар мен сатып алушылардың қарым-қатынасы.

3. Дұрыс – дұрыс емес

- 3.1.** 2003 – 2005 жылдар ауыл жылдары деп жарияланып, мемлекеттік бюджеттен 150 млрд. теңге қаржы бөлінді
- 3.2.** 2003 – 2005 жылдар ауыл жылдары деп жарияланып, мемлекеттік бюджеттен 165 млрд. теңге қаржы бөлінді
- 3.3.** 2003 – 2005 жылдар ауыл жылдары деп жарияланып, мемлекеттік бюджеттен 180 млрд. теңге қаржы бөлінді

4. Дискуссиялық сұрақтар

- 4.1.** ҚР Үкіметінің “2003-2015 жылдарға Қазақстан Республикасының индустриалдық-инновациялық даму бағдарламасы” қашан қабылданды?
- 4.2.** ҚР Азаматтық кодексі және қолданылып жүрген заңдар мен заңдылықтарға сәйкес кәсіпорындардың қандай ұйымдық-құқықтық нысандары тиімді?
- 4.3.** Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін қалай арттыруға болады?

2. Кәсіпорын шаруашылық объектісі ретінде

2.1 Кәсіпорын - шаруашылықты жеке жүргізуші субъект

Экономика – бұл қоғамның өндірістік үдерістер кезіндегі қажетті өнімдерді алу бағытында белгілі шектеулі ресурстарды пайдалану мен оларды әртүрлі топтардағы адамдарға бөлу болып табылады.

Экономикалық ғылым шаруашылықтың теориялық прагматикалық, нормативтік сұрақтарын қарастырады. Экономика күрделі, көп қырлы жүйе.

Экономика – бұл тауарлар мен қызмет көрсетулерді өндіру, бөлу, сату және пайдалану жөніндегі қоғамдық ғылым. Адам қызметінің саласы болып, адамдардың қажеттілігін қанағаттандыруға қызмет етеді, сонымен қатар барлық экономикалық ғылымдардың жалпы объектісі болып табылады.

Экономика дегеніміз - өндірістік күштер мен өндірістік қатынастардың жиынтығы немесе белгілі қызмет ету бағытында, белгілі бір мақсатқа қол жеткізу барысында неғұрлым аз шығын жұмсай отырып, табысқа қол жеткізу.

“Кәсіпорын экономикасы” пәнін түсіндіру үшін ең алдымен негізгі экономикалық мәселелерді шешуде кәсіпорындардың алатын орны мен рөліне сүйенеміз.

Кәсіпорын экономикасы – кәсіпорынның, қызметінің теориясы мен тәжірибесіне көңіл аударады. Ол кәсіпорынның, шаруашылықтың басқа бірліктерімен, аралас шаруашылық салаларымен байланыстарын экономикалық зерттейді.

Шаруашылықтың экономикасы кәсіпорынның шаруашылық өмірі жайлы және әлеуметтік бірлігін зерттейтін ғылым ретінде екі бөлікке бөлінеді:

- 1) кәсіпорынның жалпы экономикасы;
- 2) кәсіпорынның экономикалық арнайы бөлімдері.

Кәсіпорынның жалпы экономикасы – барлық кәсіпорындардың бірдей дәрежедегі құрылымын шешеді. Ең бастысы барлық кәсіпорындардың мамандандыру ерекшеліктеріне көңіл аударады.

Кәсіпорындардың экономикалық арнайы бөлімі – осы мәселелерді мамандық ерекшеліктеріне көңіл аудара отырып зерттейді.

Шаруашылықтың экономикасы ғылымы - ғылыми пән болғандықтан кәсіпорындарда шаруашылықтың іс-әрекеттерін, теориялық, прагматикалық бейнелеулік негіздеу болып табылады.

Кәсіпорын экономикасы - эмпирикалық ғылым, яғни күнделікті іс-әрекетте жеке, уақытша факторларды, мәселелерді талдап, зерттеп, қорытынды жасау.

Кәсіпорын экономикасы ғылымы нақты алынған кәсіпорынның төңірегінде жүргізілетін қызметтерді зерттеумен айналысады.

Кәсіпорын экономикасы - өндірістік факторлардың, өндірістік емес факторлардың айналым капиталының, дайын өнімнің ақшалай қаражаттардың, банктегі есеп шоттағы қаржылардың, бағалы қағаздардың, өзіндік капиталдың, табыстар мен пайданың, өндірілген өнімдерді өткізуден түскен түсімдер мен көрсетілген қызметтердің жиынтығы.

Нарықтық экономика жағдайында кәсіпорын шаруашылықты жүргізудегі негізгі объективті буын. Нарықтық сұранысты еске ала отырып, кәсіпорын тек өнім өндіріп қана қоймай, халықты жұмыспен қамту, жаңадан жұмыс орындарын ашу, еңбек ақыларын есептеу тағы басқа жұмыстарын іске асырғаны жөн.

Кәсіпорынның мәртебесі, оны құрудың тәртібі мен жойылуы, мүлікті пайдалану, шаруашылық жүргізу, экономикалық-әлеуметтік қызметтері, кәсіпорынның мемлекеттік және жергілікті өзін-өзі басқару ұйымдарымен қатынасы негізінде ұлттық заңдармен реттеледі.

Кәсіпорын-белгілі бір өнім өндіретін немесе халыққа қызмет көрсететін заңды тұлға. Сонымен қатар техникалық, әлеуметтік, экономикалық және қоршаған ортаны қорғау бірлігін шамалап, сақтау. Өзіндік шешім қабылдай отырып, тәуекелділікке жауап береді және сұранымды қанағаттандыру бағытында жұмыс істеуі тиіс. Кәсіпорын - қоғамдық еңбек бөлінісі жүйесіндегі оқшауландырылған дербес өндірістік шаруашылық. Кәсіпорын мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап, заңды тұлға құқығына ие болады.

Кәсіпорынның тиімді жұмыс істеуіне, өндірістік ұйымдарына мына факторлар әсер етеді:

- 1) шоғырландыру;
- 2) мамандандыру;

- 3) біріктіру;
- 4) аралас өндіріс.

Кәсіпорын экономикасын зерделеудің негізгі объектілері:

- кәсіпорынның өндірістік құрылымы, өнеркәсіп өндірісінің үлгісі, өндіріс кезеңін ұйымдастыру;
- өндірісті басқару үдерісін ұйымдастыру;
- шаруашылық стратегиясын таңдау, өнім өндіруді жоспарлау және өнімді сатуды әзірлеу;
- өндірістің материалдық-техникалық базасымен қамтамасыз етілуі;
- өндірістің техникалық жағдайы және қажетті өндірістік инфрақұрылымды құру;
- өндірістік шығындарды қалыптастыру, өнімнің өзіндік құнының калькуляциясы, өндірістің баға саясаты;
- өндірістің қаржы ресурстары, шаруашылық қызметінің тиімділігі, кәсіпкерліктегі тәуекелдік баға;
- кәсіпорынның жаңартпашылық қызметі, өнімнің сапасы;
- мамандарды іріктеу, оларды жұмысқа қабылдау, еңбекті ұйымдастыру, еңбекке ақы төлеу жүйесі және еңбек өнімділігін арттыруды ынталандыру.

Кәсіпорын қызметінің негізгі факторлары:

1. **Жер** – бұл белгілі бір өлшемдегі пайдалану мүмкіндігі орасан зор табиғи байлық;
2. **Жұмыс күші** – ой және дене еңбегі, еңбекке қатысушылардың тәжірибелік және интеллектуалды құрамы;
3. **Еңбек заты және еңбек құралдары** - еңбек заты және еңбек құралдары арқылы өнім өндіріледі, тиісті қызмет көрсетіледі;
4. **Кәсіпкерлік** – меншікке негізделген, несиеге алынған және басқа да мүліктерді пайдалану арқылы қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жүзеге асырылатын бастамалық, шаруашылықтық және басқа да қызмет;
5. **Капитал** – тұтыну заттарының көлеміне қарай шектелген ақша қаражаты.

Нарықтың кәсіпорынға қоятын негізгі талаптары:

1. Жұмыс істеудің нәтижесінде тек қана өнім өндіріп, қызмет жасап қоймай нәтижесінде пайдаға қол жеткізу.
2. Жұмсалынған шығындарды алынған табыстар есебінде міндетті түрде жабуы қажет.

3. Өнімдердің әлеуметтік-экономикалық жағдайда тапшылықта болуына байланысты, оларды тек қана бір түрде ғана өндіріп қоймай, бірнеше түрде сапалы өнім өндіріп, халықтың сұранымын қанағаттандырып, өнімдерді сатып-өткізу.

4. Кәсіпорынның еріктілігі.

Экономиканың қайсысы болмасын өндірістен, экономикалық өнім жасаудан құралады. Өндіріссіз тұтыну болмайды. Кәсіпорын өнім шығарады, жұмыстар мен қызмет көрсетеді, яғни тұтыну және ұлттық байлықты молайтудың негізін қалайды. Кәсіпорынның тиімді жұмыс істеуі, оның қаржылық жағдайының қандай екендігі мемлекеттің индустриалдық қуатына байланысты. Оның негізгі белгілері:

- ұйымдық бірлік: кәсіпорын белгілі түрде ішкі құрылымы және басқару жөнімен ұйымдасқан ұжым;
- белгілі түрдегі өндірістің құрал кешені: кәсіпорын барынша пайданы көбейту мақсатында экономикалық игіліктерді өндіру үшін экономикалық ресурстарды біріктіреді;
- мүліктің жекеленуі: кәсіпорынның өзінің жеке мүлкі болып, белгілі мақсатқа жеке пайдаланылады;
- мүліктік жауапкершілік: кәсіпорын түрлі жағдайға сай өзінің барлық мүліктеріне толық жауапкершілікте болады;
- кәсіпорын дара басшылықты болжалайды, басқарудың тікелей әкімшілдік формасына негізделеді;
- шаруашылық айналымына жеке атынан шығады;
- оперативті-шаруашылық жеке экономикалық дербестік: кәсіпорын жеке операцияларды жүзеге асырады.

Кез-келген кәсіпорынның нарықтық жағдайдағы ең маңызды мақсаты - өз жұмысындағы қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету. Кәсіпорын өзінің қызмет етуінде белгілі бір ұстанымдарға сүйенсе алдына қойған мақсатына қол жеткізе алады.

Кәсіпорындардың негізгі міндеттері:

- жоғары сапалы өнімдер өндіру, оларды жүйелі түрде жаңалау, сұраныстарға сай қызмет көрсету;
- өзара алмасушыларын ескере отырып, өндірістік ресурстарды ұқыпты пайдалану;
- кәсіпорынның стратегиясы мен тактикасын әзірлеу;
- ғылыми-техникалық жетістіктер мен озық тәжірибені өндіріске кеңінен қолдану;

- өздерінің қызметкерлеріне жағдай жасау, еңбек ұжымдарында қолайлы саяси-психологиялық ахуалды жақсарту;
- баға саясатын икемді жүргізу.

Көптеген кәсіпорындардың басшылары үшін негізгі мақсат ол-өнімді өткізу, кәсіпорындардың қызметкерлеріне жалақыны уақытылы төлеу деп есептейді. Ол қате пікір кәсіпорын өзінің қызмет ету барысында экономикалық тұрақтануға талпынуы тиіс.

2.1 Банкроттық түсінік және белгілері

ҚР “Банкроттық туралы” заңы 1997 жылы 21 қаңтарда № 67-1 қабылданып, оған соңғы рет 2003 жылдың 3 маусымында № 427-11 заңдарымен енгізілген өзгертулер мен толықтырулар арқылы реттеліп, қарастырылады. Бұл заң ҚР Конституциясына негізделеді.

Банкрот - дәрменсіздігі сот арқылы белгіленген борышкер. Ал банкроттық - борышкердің сот шешімімен танылған, оны таратуға негіз болатын дәрменсіздігі.

Борышқордың мүлкін басқару сот қаулысы бойынша несие берушінің мүддесін көздей отырып жүзеге асырылады. Банкроттық борышкердің сотқа беген өтініші негізінде белгіленеді. Қарызды төлеуге шамасы жоқ ұғымы ақшалай міндеттер бойынша кредиторлар сұранысын, еңбек ақы төлеу талабын қанағаттандыра алмау, сонымен қатар өзіне тиісті мүлік есебінен бюджет пен бюджеттен тыс қорларға міндетті төлемдерді қамтамасыз ете алмауы жатады. Басқаша айтқанда, шаруашылық субъектісінің қарызды төлей алмауы, ағымдағы операциялық қызметті қаржыландыра алмауы, қарыздардың, міндеттердің өсуіне байланысты жедел міндеттемелерді өтеу қабілетсіздігі.

Кәсіпорынның шығынға ұшырауын, әрдайым бірдей нашар жұмыс істеудің немесе төмен сапалы өнім шығарудың нәтижесі деуге болмайды. Ол әдетте, енгізілетін өндіріс жоспарына жоғарыдан тауарлардың мемлекеттік бағасының төмен деңгейде болуынан туындайды.

Нарықтық экономикаға байланысты банкроттық-шаруашылық өмірінің объективтік немесе субъективтік себептерінен туындайтын белгілі бір табиғи құбылыс. Ол кәсіпорынның ұдайы өндіріс капиталының шаруашылық механизмі балансының бұзылуынан, қаржылық және инвестициялық саясатының тиімсіз болуынан

туындайды. Сондықтан тиімсіз жұмыс істеп жатқан кәсіпорындардың банкротқа ұшыраулары мүмкін. Оны тиісті өкілеттік орган куәландырады. Мұндай кәсіпорындардың мүлкі қосымша қаражат табу үшін басқа кәсіпорынға сатылуы, жалға берілуі немесе акционерлік меншікке өткізілуі мүмкін.

Егер борышкер өзінің міндеттемелерін 3 ай ішінде орындай алмаса, оның төлем қабілеті жоқ деп саналады. Кредитордың борышкерге қойған талаптарының сомасы 150 айлық есептік көрсеткіштерден жоғары болса ғана, банкроттық жайлы іс сотпен қаралады.

Банкрот жүйесін құру мен оны нақтылы іске асырудың түпкі мақсаты – тауар өндіруші және қызмет көрсетуші құрылымдардың тиімді жұмыс істеулер жағдайында ел тұрғындарының нарықтық сұранымдарына сәйкес халық шаруашылығын құрылымдық жағынан қайта құруы.

Ол үшін мына ұстанымдарды сақтау қажет:

- кәсіпорынның банкроттық жағдайында барлық шаруашылық субъектілері үшін өзара қарым-қатынастың коммерциялық жүйесін орналастыру;
- борышқорға өзінің қызметін жаңадан бастау міндеттерін орындап шығуына мүмкіндік беру;
- сенімді серіктестіктердің жұмыстарын ынталандыру үшін коммерциялық және құқықтық жүйелерді құру;
- банкротқа ұшыраған кәсіпорынды тарату кезінде банкрот жүйесіне қатысушылардың мүддесін сенімді қорғау.

Шаруашылық субъектілерін банкротқа жібергеннен көрі, банкроттың алдын алған жөн болар еді. Олар:

- өнімді жеткізушілердің, несие берушілер мен өнімді тұтынушылардың кәсіпорын туралы жағымсыз көз-қарастарын өз уақытында аңғаруы;
- нарықтың жаңа түрлеріне шығуы;
- материалдар мен шикізаттарды өте жоғары бағаға сатып алулары.

Жалпы банкроттықтың алдын-алудың екі тактикасы бар:

- 1 **Қорғану тактикасы** – жиынтық шараларды ұқыпты жүргізу. Өнім өндіру, дайын тауарларды сату үдерісінде шығындарды мейлінше аз жұмсау.

2 Бастырмалату тактикасы – стратегиялық мәні бар шараларды іске асыру.

Банкроттан шығу мақсатында кәсіпорын жұмысын жақсарту үшін:

- басшылықты алмастырулары;
- кәсіпорынның ұйымдық құрылымын өзгерту;
- басқару аппаратын қысқарту;
- шығындарға қатаң бақылау орнатулары;
- қызметкерлерді қайта даярлау курсынан өткізу, яғни біліктілік деңгейлерін жетілдіру;
- маркетингтік қызметті жоғары деңгейде ұйымдастырулары тиіс.

Әлемнің көптеген елдерінде кең тараған, кәсіпорындардың, фирмалардың банкротқа ұшырамауын болдырмау мақсатында ірі банкілердің немесе мемлекеттің өзінің көмегімен жүзеге асырылатын қаржылық тұрақтандыру шараларының жүйесін санация деп атаймыз.

Пайдалануға ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Есполов Т.И., Белгібаев Қ.М., Сүлейменов Ж.Ж. «Экономикалық теория» Оқу құралы. - Алматы, «Агроуниверситет», 2009 жыл. 7-9 беттер
2. Ниязбекова Р.Қ., Рахметова Б.А., Байнеева П.Т. «Кәсіпорын экономикасы» Оқу құралы. - Алматы, «Экономика», 2008 жыл. 6-9 беттер
3. ҚР индустриалды инновациялы стратегиясы
4. Малғараева Ж.Қ., Қалықова Б.Б., Саяпыл. Ә., Итекеева Г.Қ. «Экономикалық теория» Оқу құралы. - Алматы, «Агроуниверситет», 2006 жыл. 30-37 беттер
5. Үмбетәлиев А., Керімбек Ғ. «Кәсіпорын экономикасы және кәсіпкерлік» Оқу құралы. - Алматы, «Бастау», 2002 жыл. 175-184 беттер
6. Махамбетов Н.Ә. «Экономиканы мемлекеттік реттеу» Оқу құралы. - Алматы, «Агроуниверситет», 2007 жыл. 6-29 беттер
7. Банкроттық туралы Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 21 қаңтардағы N 67, Заңы Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., №1-2

8. Қайырбаева А.Е. «Кәсіпорын экономикасы» Оқу құралы. - Алматы, «Нұр-принт», 2007 жыл. 19-25 беттер

Бақылау сұрақтары:

1. Кәсіпорын дегеніміз не?
2. Кәсіпорындар қалыптастырудың негізгі қағидаларын атаңыз.
3. Кәсіпорынның тиімді жұмыс істеуіне, өндірістік ұйымдарына қандай факторлар әсер етеді?
4. Кәсіпорын экономикасын зерделеудің негізгі объектілерін атаңыз.
5. Кәсіпорын қызметінің негізгі факторларын атаңыз.
6. Нарық кәсіпорынға қандай талаптар қояды?
7. Кәсіпорындардың негізгі міндеттерін атаңыз.
8. ҚР “Банкроттық туралы” заң қашан қабылданды?
9. Банкрот дегеніміз не?
10. Банкротқа ұшырамау үшін оның алдын алу қалай жүргізіледі?

Экономикалық тренинг

1. Негізгі категориялар

Экономика, кәсіпорын экономикасы, нарықтық экономика, нарықтық сұраныс, шоғырландыру, мамандандыру, біріктіру, аралас өндіріс, жер, жұмыс күші, еңбек заты және еңбек құралдары, кәсіпкерлік, капитал, банкрот, борышкер, банкроттық, бюджет, мемлекеттік баға, санация.

2. Сол жақтағы беттен оң жақтағы беттегі анықтамалардың сәйкестігін анықтаңыз

Экономика	дәрменсіздігі сот арқылы белгіленген борышкер
Банкрот	жиынтық шараларды ұқыпты жүргізу

Қорғану тактикасы

бұл қоғамның өндірістік үдерістер кезіндегі қажетті өнімдерді алу бағытында белгілі шектеулі ресурстарды пайдалану

3. Дұрыс – дұрыс емес

3.1. Банкроттық - борышкердің сот шешімімен танылған оны таратуға негіз болатын дәрменсіздігі.

3.2. Банкроттық - стратегиялық мәні бар шараларды іске асыру.

3.3. Банкроттық - дәрменсіздігі сот арқылы белгіленген борышкер

4. Дискуссиялық сұрақтар

4.1. Кәсіпорынның меншік құқығы қандай?

4.2. Кәсіпорын құру үшін қандай кезеңдерден өту қажет?

4.3. Бүгінгі таңда неге кәсіпорын иелері банкрот болуға тырысады?

3. Өндірістің экономикалық және әлеуметтік тиімділігі

3.1 Ауыл шаруашылығы өндірісінің экономикалық тиімділігінің мәні

Нарықтық экономикаға көшумен әр түрлі меншік түрлерінің орын алуына байланысты біздің елімізде аралас экономика қалыптасуда, оған қатысушылар өз алдарына әр түрлі мақсаттар қояды. Себебі: мақсат меншік түріне байланысты анықталынады. Үдеріс неғұрлым тереңдеген сайын, солғұрлым қоғам міндетін түбегейлі шешу кезінде барлық шаруашылық түрлерінің, барлық субъектілерінің экономикалық қатынасының үйлесімді жүргізілуі маңызды орын алады. Мұндай міндетті шешу тек қана қоғамдық өндіріске барлық қатысушылардың объективті қызығушылығын есепке алу ғана емес, бәріміздің қол жеткізе алатын экономикалық нормативтер мен көрсеткіштерде сипатталынған белгілі ұстанымдар негізінде олардың күшін біріктіру.

Мұндай жағдайда дауласып жатқан жақтың дәйегі басқаның алдында бір көрсеткіштің артықшылығын дәлелдеуі қажет немесе

үшінші жағымсыз жақтың үлкен санының қолда бары және тағы басқа көзқарастар ескерілгені керек.

Кез келген экономикалық іргелілеушіліктің негізі қоғамдық өндіріс тиімділігінің артуында. Шаруашылықтың әр жүйесінде өндіріс тиімділігі төмендегідей анықталынады:

- 1) өндірістің қоғамдық түрі бойынша;
- 2) өндірістің мақсатты бағыты бойынша;
- 3) өндіріс қорытындысымен.

Тиімділіктің жоғарғы көрсеткіші қолдағы бар ресурсты оңтайлы пайдалану арқылы қоғамдық және жеке сұранымды толығымен қанағаттандыру болып табылады.

Өндіріс тиімділігін экономикалық және әлеуметтік-экономикалық деп жіктейді.

Әлеуметтік-экономикалық тиімділік бұл алынған өнім есебінен халықтың қанағаттану дәрежесі. Ол сонымен қатар халықтың өмір сүру деңгейімен, еңбек шартының жақсаруымен, адамның бос уақытының ұлғайюымен байланысты.

Қазақстан Республикасы нарықтық қатынастарды қалыптастыру кезеңіне көшті. Нарықтық экономика өзінің мәнісі бойынша еңбек өнімділігінің өсуін, өндіріс тиімділігінің барынша артуын ынталандыратын құралы болып табылады.

Тиімділік теориясының қалыптасу уақытында экономистер үлкен аналитикалық жұмыстар атқарды деуге болады.

Ең алдымен өндіріс тиімділігі туралы айтпастан бұрын біз өндіріс ұғымының астарын зерттеп алайық.

Егер де өте тар ұғымда алсақ, онда өндіріс дегеніміз:

- таулы өнеркәсіп, мұнай және газ өндіру – бұл жер қойнынан материал алу;
- өнеркәсіптік өнім өндірудегі қайта өңдеуші кәсіпорын – бұл шикізат пен материалдарды өңдеу мен қайта өңдеу, өнеркәсіптік өнімді дайындау;
- құрылыстағы – дайын өнімді шығару және монтаждау;
- ауыл шаруашылығындағы – бұл азық түлік және қайта өңдеу үшін шикізат алу мақсатында өсімдіктер мен мал өсіру;
- сауда да – бұл әртүрлі өнімдерді сатып өткізу;

• қызмет көрсету салаларында (банктер, сақтандыру компаниялары, медицина, білім, консалтинг) – бұл әртүрлі қызмет көрсету.

Кең мағынада өндіріс дегеніміз – өндіріс факторларын материалдық және материалдық емес игіліктер мен қызметтер алу үшін адамдар реттей алатын үдеріс.

Ауыл шаруашылығы өндірісінің экономикалық тиімділігі дегеніміз – күрделі экономикалық категория. Онда қоғамдық өндірістің маңызды бөлігі – нәтиже көрініс табады. Ақырғы нәтижені сипаттаған кезде тиімділік пен экономикалық тиімділік ұғымдарының айырмашылығын айыра білу қажет болады.

Тиімділік – бұл ауыл шаруашылығында жүргізілген шаралардың нәтижесі.

Тек экономикалық тиімділік қана өндіріс құралдарын және жанды еңбекті пайдалану нәтижесінде ақырғы тиімділікті көрсетеді, басқаша айтқанда жиынтық салым. Ауыл шаруашылығында жанды және жансыз еңбекті аз жұмсай отырып, көлем бірлігінен өнімнің максималды санын алу.

Ауыл шаруашылығын тиімді жүргізу “көрсеткіштер жүйесін есептеудің ғылыми негізделінген әдістемесін талап етеді: мемлекеттік тапсырыс көлемі, кәсіпорынның табысы, салық, өнімді өндіру көлемі, кәсіпорынның төлем қабілеттілігі”.

Ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігіне шаруашылықты жүргізуде нарықтық механизмнің мынадай элементтері әсер етеді: баға белгілеудің еріктілігі, қаржылық-несиелік, салықтық сақтандыру жүйесі.

Ауыл шаруашылығында тиімділіктің өлшемі ол – жанды және жансыз еңбекті шығынында таза өнімнің (жалпы табыстың) өсуі. Бұған жер, материалдық, еңбек ресурстарын оңтайлы пайдаланғанда қол жеткізуге болады.

Ауыл шаруашылығы өндірісінің экономикалық тиімділік түрлері төмендегідей:

- 1) халық шаруашылығы саласы ретінде ауыл шаруашылығы тиімділігі (салалық тиімділік);
- 2) ауыл шаруашылық өндіріс кәсіпорындарының тиімділігі;
- 3) шаруашылық ішіндегі бөлімшелердің өндіріс тиімділігі;
- 4) жеке ауыл шаруашылық салаларының тиімділігі;

5) ауыл шаруашылық дақылдар мен өнім түрлерінің өндіріс тиімділігі;

6) жеке шаруашылық шараларының тиімділігі.

Тиімділіктің барлық түрлері бір бірімен тығыз байланысты. Қорытындылаушы экономикалық тиімділікке жалпы ауыл шаруашылығы бойынша барлық ресурстарды оңтайлы пайдаланумен, үнемдеумен жүйелі түрде күресу және ұқыптылық, өнімнің өзіндік құнын азайту, еңбек өнімділігін арттыру жатады.

3.2 Экономикалық тиімділікті бағалау

Енді ауыл шаруашылығының экономикалық тиімділігін бағалау үшін өндіріс үдерісіне әсер ететін әртүрлі факторлар, нақты көрсеткіштер қажет. Ауыл шаруашылығы өндірісінің экономикалық тиімділігін бағалауда оның ерекшеліктерін, ақырғы нәтижеге әсер ететін факторларды ескеру қажет. Бұған, әрине натуралды көрсеткіштер әсер етеді. Олар: өнімділік пен ауыл шаруашылық малдарының өнімі.

Ең жоғары деңгейді алу, мал өнімін арттыру ауыл шаруашылығының басты міндеті – халықтың өмір сүру деңгейін арттыру мақсатында тұтыну құнын өндіруді ұлғайту болып табылады.

Өнімділіктің сол деңгейі әртүрлі еңбек шығыны мен құралдарды пайдалануда алынуы мүмкін. Сонымен қатар бірдей өнімділік кезінде өнім сапасы әртүрлі болуы мүмкін, ол өндіріс тиімділігіне әсер етеді.

Ауыл шаруашылығының экономикалық тиімділігінің негізгі құндылық көрсеткіштері: жалпы табыс, таза табыс және пайда.

$$\mathcal{E} = \frac{\text{ЖӨ}}{\text{ӨШ} / \text{НӨҚ} / \text{К}}$$

Мұнда: ЖӨ – ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің құны, теңге;

ӨШ – өндіріс шығындары, теңге;

НӨҚ – негізгі өндірістік қорлар, теңге;

К – қорлардың тиімділік коэффициенті.

Ауыл шаруашылығында жалпы табыстың көлемі өндірілген өнімнің сатып өткізілуіне, оның бағасына және материалдық шығындардың деңгейіне байланысты.

Таза табыс қосымша өнімнің ақшалай құндық көрінісі, ол жалпы өнімнің құнымен өндіріс шығындарының айырмасынан тұрады.

Өркениетті нарықтық қатынастар қалыптасып, тапшылық, жеке өндірушілердің монополиясы жойылған сайын кәсіпорындарда пайданы арттырудың бір ғана жолы қалатынын ескерген дұрыс – ол өнім шығару көлемін арттыру, оның өндірісіне кеткен шығындарды азайту.

Өндіріс шығындары – нақты өнім түрін өндіруге кеткен жанды және жансыз шығындарының жиынтығы.

Нарықтық экономика жағдайында шығындар тұрақты және ауыспалы болып бөлінеді.

Тұрақты шығындар – пайдаланылған өндіріс факторлары үшін төлемге кеткен кәсіпорынның барлық шығындары жатады.

Ауыспалы шығындар – ұйым меншігі болып табылатын ресурстарды пайдаланудағы альтернативті шығындар.

Ал нарықтық экономика жағдайында экономикада пайданың үш түрін қолданамыз:

- бухгалтерлік пайда;
- экономикалық пайда;
- қалыпты пайда.

Бухгалтерлік пайда = Жалпы табыс – тұрақты шығындар

Экономикалық пайда = Жалпы табыс – барлық шығындар

Қалыпты пайда – бұл кәсіпорынның иелерінің іске салған ауыспалы шығындары.

Ауыл шаруашылығы өндірісінің өнеркәсіптік өндіріс түрлерінен айырмашылығы бар, ерекше сала. Сондықтан өнімнің өзіндік құны ұғымының өндіріс шығындары ұғымынан айырмашылығы бар. Мұнда кәсіпорынның тікелей ақшалай шығындары, өнімді өндіру мен сатып өткізуде есепке алынады.

Ауыл шаруашылығының өзіндік құны дегеніміз – өнімді өндіру мен сатып өткізудегі кәсіпорынның ағымды шығындары. Оның екі түрі бар:

- өндірістік өзіндік құн – жалпы шаруашылықтық шығындардың сомаларының өсуі;
- ауыл шаруашылығы өндірісінің толық өзіндік құны – өндірістік өзіндік құн, сатып өткізумен байланысты шығындар сомасынан артық бөлігі.

Кәсіпорынның қаржылық шаруашылықтық қызметінің нәтижелерін анықтауда немесе авансталған капиталды пайдалану нәтижесінде екі негізгі түсінікті пайдалану қабылданған: экономикалық тиімді және экономикалық тиімділік. Бұл түсініктердің арасындағы айырмашылық тиімді шығындарға қатыссыз алынған нәтиженің абсолюттік мәнін көрсетеді. Ал тиімділік оны алу үшін өндірілген, алынған нәтиже мен шығынның қатынасы. Экономикалық тиімділіктің екі негізгі міндеттерін айқындауға болады: тікелей - белгіленген шығындар деңгейінде жоғары тиімділікке қол жеткізу, кері - аз шығын жұмсай отырып, тиімділікке қол жеткізу.

Барлық шаруашылық субъектілері тауар өндіруші ретінде тиімді жұмыс істеуге талпынбайды деп айтуға болмайды. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін өндірістің мынадай әдістерін қолданған дұрыс, олар технологиялық және экономикалық көзқараста тиімді болғаны жөн. Егерде басқадай, бірде-бір тәсіл болмаған жағдайда, белгіленген көлемде өнім өндіру үшін аз мөлшерде жұмсалынса, тіпті бір ғана ресурс бойынша, мұндай жағдайда кез келген ресурстардың басқадай түрлері көп жұмсалынбаса өндірістің тәсілі технологиялық жағынан тиімді болады.

Сонымен қатар өндірілетін өнімнің көлемі нақты айқындалған ресурстарды пайдаланған жағдайда максималды мүмкін болса, онда өндірістің тәсілі технологиялық тиімді болады. Кез келген өнім көлемін өндірудің экономикалық тиімді тәсілі - өндіріс үдерісінде шығындардың түрлерін пайдаланудың альтернативті құнын азайтады. Экономикалық тиімділікті анықтау нәтиженің ресурсқа немесе тиімділіктің шығынға қатынасы ретінде салыстыру және оның деңгейін сипаттайтын көрсеткіштер арқылы жүргізілді. Оны екі топқа бөлуге болады. Көрсеткіштердің бір тобы тиімділікті ауыспалы ресурстарды пайдаланудың нәтижесі ретінде сипаттайды, ал екінші тобы - ағымдағы өндірістік шығындар. Бірінші топқа: жер пайдалану қайтарылымы, қорқайтарылымы,

еңбек өнімділігі, ресурстардың қайтарылымы тағы басқалары жатады. Ал екіншіге-өзіндік күн, материал сыйымдылығы, еңбексыйымдылығы, рентабельділік деңгейі жатады. Мұнда ескеретін немесе атап көрсететін жағдай, бұл көрсеткіштер жеке және қорытындылаушы болып бөлінеді.

Жеке көрсеткіштер көбінесе ресурстық әлеуетпен ағымдық өндірістік шығындарды тиімді пайдалануды сипаттайды. Ресурстарды пайдалану тиімділігінің жеке көрсеткіштеріне жерқайтарылымы, қорқайтарылымы және тағы басқалары жатады.

Қорытындылаушы көрсеткіштерге - ресурс қайтарылымы жатады. Ал шығындарды тиімді пайдалану көрсеткіштерінің ішінде жеке көрсеткішке - материалсыйымдылығы, еңбек сыйымдылығы, қорытындылаушыға: рентабельділік деңгейі жатады. Бұл жинақтап қорытындылаушы көрсеткіште саланың өндірістік-еңбек, жер, су және материалдық ресурстарын пайдаланудың тиімділігі, өндіріс пен еңбекті басқару мен ұйымдастырудың деңгейі, өнімнің сапасы мен сатылуының нәтижесі көрініс табады.

Өзіндік құнды азайту резервтерін екі өзара байланысты бағыттарда қарастырған жөн: шығындардың түрлері бойынша және оларды пайдалану сипатына байланысты.

3.3 Ауыл шаруашылығы өндірісінің экономикалық тиімділігін арттыру жолдары

Өндіріс тиімділігін арттырудың жолдары – бұл берілген бағыттарда өндіріс тиімділігінің өсуі жөніндегі нақты шаралар кешені. Өндіріс тиімділігін арттыру жолдары төмендегідей:

- еңбек сыйымдылығын төмендету және еңбек өнімділігін арттыру;
- өнімнің материал сыйымдылығын төмендету және табиғи ресурстарды үнемді пайдалану;
- өнімнің қор сыйымдылығын төмендету және кәсіпорындардың инвестициялық саясатын төмендету.

Ауыл шаруашылығы өндірісінің экономикалық тиімділігін арттырудың негізгі жолдары жалпы өнімнің өсуі, оны өндіруге кететін шығындарды азайту және өткізу арналарын жетілдіру.

Өндіріс көлемін ұлғайту, өнім сапасын арттыру және шығындарды азайту жол – транспорт шаруашылықтарының даму есебінен, өнім өндірудің жаңа түрлері мен әдістерін құрастыру және ендіру, өндірістің барлық құралдарын жұмсауды үнемдеуде болуы мүмкін.

Сонымен қатар өнім сапасын арттыру, жаңа техниканы озат тәжірибені енгізу, техникалық қайта қарулану және қайта құру, еңбек ұжымдарының іс-әрекетін жоспарлау, бағалау мен ынталандыру сияқты және оны экономикалық талдау барысында осындай факторлар есебінен алынған бүкіл нәтижені толық айқындау мен ескеру қажет.

Пайдалануға ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Коваленко Н.Я. «Экономика сельского хозяйства». - Москва, «Экмос», 1998, 347-354 беттер.
2. Ниязбекова Р.Қ., Рахметова Б.А., Байнеева П.Т. «Кәсіпорын экономикасы», Оқу құралы, - Алматы, «Экономика», 2008 жыл. 94-128 беттер.
3. Попов Н.А. «Экономика сельского хозяйства» - Москва, «Экмос», 1999, 347-354 беттер.
4. Қайырбаева А.Е. «Кәсіпорын экономикасы», Оқу құралы. - Алматы, «Нұр-принт», 2007 жыл. 26-31 беттер.

Бақылау сұрақтары:

1. Өндіріс тиімділігінің мәні неде?
2. Өндіріс тиімділігіне әсер ететін факторларды атаңыз.
3. Кәсіпорын өтімділігін сипаттайтын көрсеткіштерді атаңыз.
4. Ауыл шаруашылығы өндірісі тиімділігіне шаруашылық жүргізуде нарықтық механизмнің қандай элементтері әсер етеді?
5. Нарықтық қатынас қалыптасу және өндірісті оңтайлы жағдайда жүргізу кезінде тауар өндіруші пайданың орта мөлшерін алуға не үшін үміттенеді?
6. Барлық қарастырылып отырған факторларда жиынтық шаралар бойынша шығындарды үнемдеу кәсіпорындарда пайданың өсуін, оның тиімділігінің артуын қамтамасыз етуіне не себеп?

7. Өнімнің өзіндік құны ұғымына анықтама беріңіз.
8. Өзіндік құнның деңгейіне қандай факторлар әсер етеді?
- 9 Өзіндік құнды азайтудың экономикалық және әлеуметтік айқындамасы қалай қарастырылады?
10. Шығындардың түрлері бойынша резервтер қандай топтарға бөлінеді?

Экономикалық тренинг

1. Негізгі категориялар

Нарық, нарықтық экономика, меншік, аралас экономика, тиімділік теориясы, ауыл шаруашылығы, мемлекеттік тапсырыс, кәсіпорынның табысы, салық, өнім өндіру көлемі, кәсіпорынның төлем қабілеттілігі, шаруашылық субъектілері, тауар, экономикалық тиімділік, нәтиже, ресурс, өзіндік құн, материал сыйымдылығы, еңбексыйымдылығы, рентабельділік деңгейі, нарықтық қатынас, пайданың орта мөлшері, экономикалық, әлеуметтік.

1. Сол жақтағы беттен оң жақтағы беттегі анықтамалардың сәйкестігін анықтаңыз

Ауыл шаруашылығы
өндірісінің тиімділігіне
шаруашылықты
жүргізуде

өндірістің технологиялық
деңгейін анықтау
ұйымдастыруды жақсарту

Нарықтық механизмнің
элементтері

баға белгілеудің еріктілігі,
қаржылық-несиелік,
салықтық сақтандыру жүйесі

Қазіргі уақытта өзіндік
құнды төмендетудің
негізгі факторлары

сұраныс, ұсыныс,
бәсекелестік, баға

3. Дұрыс – дұрыс емес

3.1. Экономикалық тиімділікті анықтау нәтиженің ресурсқа немесе тиімділіктің шығынға қатынасы ретінде салыстыру және оның деңгейін сипаттайтын көрсеткіштер арқылы жүргізілді

3.2. Экономикалық тиімділікті жалпы өнімнің шығынға қатынасы арқылы анықтауға болады.

3.3. Экономикалық тиімділікті еңбек ресурсын жұмыс күшіне қатынасы ретінде анықтауға болады.

3. Дискуссиялық сұрақтар

3.1. Өндірістің экономикалық тиімділігін қалай арттыруға болады?

3.2. Әлеуметтік тиімділікке не жатады?

3.3. Кәсіпорындар қызметінің тиімді болуы міндетті ме?

II. КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ РЕСУРСТАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ТИІМДІЛІГІ

4. Кәсіпорынның негізгі капиталы

4.1 Негізгі капиталдың мәні, оның құрамы

Негізгі капитал – бұл құндылықтың ұзақ кезеңдегі жұмыс істеп тұруы ретіндегі негізгі қорлардың ақшалай бағалануы. Осыған байланысты қорлар өзінің құндылығын өндіретін өнімге жартылай апарды. Қолданылып жүрген топтастыруға сай негізгі қорлардың құрамына өндірістік және өндірістік емес объектілер кіреді. Біріншіге жататындар - өндірістің, құрылыстың, ауыл шаруашылығының, автомобиль көлігі байланысының, сауданың және басқа да материалдық өндіріс түрлерінің негізгі қорлары. Өндірістік емес негізгі қорлар – тұрғын үй, коммуналдық шаруашылық, денсаулық, білім, мәдениет, спорт салаларына арналған.

Өндіріс процесіне қатысу дәрежесіне негізгі қорлар активтік және пассивтік болып бөлінеді. Актив бөлігі (машиналар, құрал- жабдықтар) тікелей өндіріске, өнімнің мөлшері мен сапасына ықпал етеді. Пассивтік элементтер (ғимарат, құрылыс) өндірістік процестер үшін қажетті жағдай жасайды.

Негізгі капитал екі бөлікке бөлінеді:

- өндірістік;
- өндірістік емес;

Өндірістік негізгі капиталға:

- өнеркәсіп;
- құрылыс;
- ауыл шаруашылығы;
- көлік құралдары;
- байланыс, сауда;
- басқа да материалдық салалар жатады.

Өндірістік емес негізгі капиталға:

- тұрмыстық – коммуналдық шаруашылық;
- денсаулық сақтау;
- білім беру;
- мәдениет және т.б. қатысты.

Негізгі өндірістік капиталдар - дегеніміз көп жылдар бойы өндірістік үдеріске қатысып, өндірістік қызметтің бір түрін атқаратын, өзінің натуралдық, заттық нысанын өзгертпейтін және дайын өнімнен өзінің құнын біртіндеп қайтаратын өндіріс құралдары.

Негізгі капитал құрылымы кәсіпорынның географиялық орналасуына байланысты. Ауа райы суық болған жағдайда ғимарат құрылысына капитал салымы көбірек қажет етіледі. Кәсіпорын шаруашылық жағынан әлі игерілмеген аймақта орналасса, инфрақұрылым тұрғызу шығындары арта түседі. Елдің оңтүстік және солтүстік негізгі қорлар құрылымы арасындағы айырмашылық осы жағдайлармен түсіндіріледі.

Кәсіпорынның көлемі негізгі қорлар құрылымына ықпал ететін маңызды факторлардың бірі болып табылады. Шағын кәсіпорындарымен салыстырғанда, ірі кәсіпорындарда машиналар мен құрал жабдықтардың үлес салмағы жоғары, ал ғимараттар мен құрал жабдық үлесі-төменірек болып келеді. Өндіріс алаңы ұтымды пайдаланылатындықтан, құрал-жабдықтар саны көбірек орналасады, бұл жағдай ғимараттарға (өндіріс алаңдары), құрылымдар мен құрал-жабдықтарға кететін күрделі салымды үнемдеуге мүмкіндік береді. Иелігіне қарай негізгі капитал меншіктік, яғни кәсіпорынның өзіне тиісті және уақытша жалға алынған болып бөлінеді.

Меншіктік капитал дегеніміз – субъектіге тиесілі және оның теңдестігінде көрініс табатын негізгі капитал. Белгіленген мерзімге сәйкес басқа субъектіден алынған негізгі капитал жалға алынған құралдар болып саналады. Өндірістік-шаруашылық қызметтегі пайдалану барысына қарай негізгі капитал **жұмыс істейтін, жұмыс істемейтін** және **сақтауда тұрған** деп үш топқа бөлінеді.

Жұмыс істейтіндерге өндіріс үдерісіндегі, қолданыстағы негізгі капитал жатады. Жұмыс істемейтін негізгі капиталдың қатарына тоқтатылып қойылған, белгілі себептермен әзірге басқа жаққа да берілмеген басы артық жабдықтар жатады. **Сақтауда тұрған негізгі капиталдың қатарына** келешекте, алдыңғы уақытта тозуына немесе басқа да жағдайларға байланысты істен шығатын негізгі капиталдың орнына пайдалануға арналған құрал жабдықтар жатады.

Халық шаруашылығы салаларына және істейтін қызметтерінің түрлеріне қарай барлық негізгі капитал: өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, орман шаруашылығы, тасымалдау, байланыс, құрылыс, материалдық техникалық жабдықтау және сатып-өткізу ұйымдары, басқару орындары, әлеуметтік сақтандыру, білім мен ғылым және тағы да басқа салалар бойынша топталады.

Ауыл шаруашылығында негізгі капиталдар келесідей бөлінеді:

А) Ауыл шаруашылығы мақсатындағы негізгі өндірістік капиталдар:

- өндірістік үйлер мен ғимараттар;
- берілістер;
- машина мен жабдықтар;
- көлік құралдары;
- өнім беретін және жұмыс малы;
- көп жылдық екпелер;
- құралдар;
- өндірістік және шаруашылық заттар;
- жер жағдайын жақсартуға кеткен күрделі шығындар;
- саймандар және басқа да негізгі капиталдар.

Ә) Ауыл шаруашылығынан тыс негізгі өндірістік капиталдар:

- өнеркәсіптік өндірістік капиталдар;
- құрылыс капиталдары;
- сауда және қоғамдық тамақтану капиталдары.

- өндірістен тыс негізгі капиталдар:
- тұрғын үйлер мен жабдықтар;
- коммуналдық үй шаруашылығы капиталдары;
- тұрмыстық қызмет көрсету капиталдары;
- білім беру ұйымдарының капиталдары;
- мәдениет және өнер капиталдары;
- денсаулық сақтау, дене шынықтыру және қамтамасыз ету мекемелері капиталдары.

Негізгі капиталдың үш түрлі құрылымы ажыратылады:

1. **Салалық құрылым** - яғни өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығы салаларының жалпы капиталдардың құнындағы үлестік салмағы.
2. **Технологиялық құрылым** - әртүрлі капиталдар топтарының технологиялық белгілері бойынша бөлінгендегі үлестік салмағы.
3. **Активті және пассивті капиталдардың үлестік салмағы.**

Активті капиталдарға – технологиялық дамудың әсеріне тәуелді өзгеріп тұратын капиталдарды айтамыз (трактор, комбайн, машина жатады).

Пассивтік капиталдарға - үйлер, ғимараттар тағы басқа құрылыс объектілері жатады.

4.2 Негізгі капиталды бағалау және есептеу

Негізгі капиталды құндық бағалаудың мынандай түрлері бар:

➤ **Қолда бар құрал жабдықтарды бастапқы толық құны бойынша бағалау**, оларды тасмалдаудағы көлік шығындары және пайдалану кезіндегі құрастыру жұмыстарының құны. Негізгі капитал бастапқы құны бойынша кәсіпорынның балансында есепке алынады, сондықтан оны «**баланстық құн**» деп атайды.

➤ **Капиталды толық қалпында келтіру құны және оны дамыған жағдайға келтіру құны бойынша бағалау**. Бұл ұқсас материалдарды дамыған жағдайға сәйкес, пайдаланудың тиісті параметрлерін сақтауды көздейді.

➤ **Капиталдың тозуын есепке ала отырып бастапқы және қалпына келтіру құны бойынша бағалау (қалдық құн)**. Бұл

процестің нәтижесінде техника тетіктері мен құрал жабдықтардың жоғары өнімділігін және оларды үнемді пайдалану жолдарын қарастыру көзделеді.

Негізгі капиталдар пайдалану барысында қайта-қайта бағалануға жатады. **Осыған байланысты негізгі капиталдардың 4 түрлі құндары анықталынады:**

1. Толық баланстық құн – дегеніміз капиталдардың соңғы қайта есептеуге дейінгі құны:

$$Тб.қ = Қс + Қт + Қж \quad (1)$$

Мұнда: Қс – капиталдарды сатып алу құны;

Қт – капиталдарды шаруашылыққа жеткізу шығындары;

Қж – капиталдарды жұмысқа дайындау шығындары.

2. Толық қалпына келтіру құны:

$$Тқ.қ = Тб.қ * Кқ \quad (2)$$

Мұнда: Тб.қ – толық баланстық құн;

Кқ - қайта есептеу коэффициенті.

3. Қалдықтық баланстық құны:

$$Қб = Тб.қ - А \quad (3)$$

Мұнда: Тб.қ – толық баланстық құн;

А - қайта есептеу кезіндегі тозу мөлшері.

4. Қалдықты қалпына келтіру құны:

$$Ққ = Тқ.қ * Қб / Тб.қ \quad (4)$$

Мұнда: Тқ.қ - толық қалпына келтіру құны;

Қб - қалдықтық баланстық құны;

Тб.қ - толық баланстық құн.

Негізгі капиталдардың қозғалыс көрсеткіштері:

1. Өсу коэффициенті:

$$Кө = Кн1 / Кно \quad (5)$$

Мұнда: Кн1 – негізгі капиталдың жыл аяғындағы құны;

Кно - негізгі капиталдың жыл басындағы құны.

2. Капиталдардың жаңару коэффициенті:

$$Кж = Кж / Кн1 \quad (6)$$

Мұнда: Кж – жаңадан келген капиталдың құны;

Кн1 – негізгі капиталдың жыл аяғындағы құны.

3. Капиталдың істен шығу коэффициенті:

$$Кш = Кж / Кно \quad (7)$$

Мұнда: Кж – жаңадан келген капиталдың құны;

$K_{но}$ - негізгі капиталдың жыл басындағы құны.

Капиталмен ауыл шаруашылығын қамтамасыз ету көрсеткіштері:

1. Капиталмен қамтамасыз ету көрсеткіші:

$$K_{қамт.} = K_{н} / S \text{ а.ш.} * 100 \quad (8)$$

Мұнда: $K_{н}$ – негізгі капиталдардың орта жылдық құны;

S а.ш. – ауыл шаруашылық аудандарының ауданы (га).

2. Аграрлық өндірістегі негізгі капиталдарды пайдаланудың экономикалық тиімділік көрсеткіштері:

А) Капитал қайтарымы:

$$K_{қайт.} = ЖӨ / K_{н} \quad (9)$$

Мұнда: $ЖӨ$ - ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің құны;

$K_{н}$ – негізгі капиталдардың орта жылдық құны.

Ә) Капитал сыйымдылығы:

$$K_{сйым.} = K_{н} / ЖӨ \quad (10)$$

Мұнда: $K_{н}$ – негізгі капиталдардың орта жылдық құны;

$ЖӨ$ - ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің құны.

Б) Пайда мөлшері:

$$P_{м} = P / (K_{н} + K_{а}) * 100 \quad (11)$$

Мұнда: P – сатудан түскен пайда;

$K_{н}$ – негізгі капиталдың құны;

$K_{а}$ – айналым капиталының құны.

Өнімнің еңбек сыйымдылығы-еңбек өнімділігінің кері көрсеткіші.

Материал қайтарылымы-оны өндірудегі өнімнің материалдық шығындарға қатынасы.

Материал сыйымдылығы-материал қайтарылымының кері шамасы, өнімнің бір өлшем бірлігіне жұмсалынатын материал шығындарының деңгейін көрсетеді.

Капитал сыйымдылығы-өндірістің тауарлар мен көрсетілетін қызметтер бірлігіне жұмсалынатын инвестициялық шығындарды анықтайды.

Тозу-дегеніміз негізгі капиталдың бастапқы қасиеттерінен толық немесе жартылай айырылуы. Оның екі түрі бар:

- табиғи;

- сапалық.

Негізгі капиталдың табиғи тозуы олардың өндіріс үдерісіне қатысуы нәтижесінде және негізгі капиталдың пайдалануға тікелей қатыспайақ түрлі сыртқы факторлар әсерінен: ылғалдан, атмосфералық құбылыстардың салдарынан, металдардың тот басуынан, ескіруінен (тозудың табиғи нысаны) болады.

Негізгі капиталдың сапалық тозуы олардың толық табиғи тозуы жетпейақ құнсызданып, өндірістің даму үдерісінен кейін қалуынан, яғни негізгі капиталдың ғылым мен техниканың дамуының бүгінгі күнгі талаптарына сәйкес келмеуінен туындайды.

4.3 Негізгі капиталды пайдаланудың тиімділігі

Кәсіпорындарда негізгі қорларды тиімді пайдалануды сипаттайтын басты көрсеткіш – капитал қайтарымы болып табылады.

Негізгі өндірістік капиталдың нәтижелігін арттырудың аса маңызды факторларының бірі – жабдықтардың пайдалануын жақсарту. Ол үшін олардың жұмыссыз тұрып қалуын азайту, ауыстыру коэффициентін көбейту жолымен қол жетеді.

Нарықтық жағдайда негізгі капиталды пайдалану тиімділігін арттыру жолдары:

- кәсіпорындардың капиталмен қамтамасыз етілу деңгейін арттыру;
- өндіріс құралдарын жетілдіру;
- машина, трактор паркіне техникалық қызмет көрсетуді жақсарту;
- үй мен ғимараттардың құрылысын азайту;
- өнеркәсіп, ауыл шаруашлығына дайындайтын машиналар мен жабдықтар бағасын азайту;
- негізгі капиталдың активтік бөлігін ұлғайту;
- негізгі және айналым капиталдар пропорциясын онтайлы түрде ұстау;
- өндірістің мамандандырылуы мен шоғырландырылуын тереңдету;
- негізгі капиталдарды сатып алудағы несиелік және қаржылық жүйені жетілдіру;
- ауыл шаруашылығы өнімін өндіруде ілгерілемелік техниканы қолдану;

- мамандардың кәсіби деңгейін арттыру және материалдық ынталандыру механизмін толық пайдалану.

Пайдалануға ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Мейірбеков А. Қ., Әлімбетов Қ. Ә. «Кәсіпорын экономикасы». Оқу құралы. - Алматы, «Экономика», 2003ж. 64 – 65 беттер.
2. Үмбетәлиев А., Керімбек Ғ. «Кәсіпорын экономикасы және кәсіпкерлік». - Алматы, «Бастау» 2002 ж.49 – 52 беттер.
3. Ниязбекова Р.Қ., Рахметова Б.А., П.Т.Байнеева «Кәсіпорын экономикасы». Оқу құралы. - Алматы, «Экономика», 2008 жыл. 148 – 205 беттер.
4. Қайырбаева А.Е. «Кәсіпорын экономикасы». Оқу құралы. - Алматы, «Нұр-принт», 2007 жыл. 32-35 беттер.

Бақылау сұрақтары:

1. Негізгі өндірістік капиталдар дегеніміз не?
2. Ауыл шаруашылығында негізгі капиталдар қалай бөлінеді?
3. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы негізгі өндірістік капиталдарға нелер жатады?
4. Ауыл шаруашылығынан тыс негізгі өндірістік капиталдарға нелер жатады?
5. Негізгі капиталдың қанша түрлі құрылымы ажыратылады?
6. Негізгі капиталдардың құндары қалай анықталынады?
7. Негізгі капиталдардың қозғалыс көрсеткіштерін атаңыз.
8. Капиталмен ауыл шаруашылығын қамтамасыз ету көрсеткіштері қалай анықталады?
9. Нарықтық жағдайда негізгі капиталды пайдалану тиімділігін арттыру жолдарын атаңыз.
10. Тозу дегеніміз не? Оның түрлері.

Экономикалық тренинг

1. Негізгі категориялар

Негізгі өндірістік капиталдар, ауыл шаруашылығы, салалық құрылым, технологиялық құрылым, активті капитал, пассивті капитал, толық баланстық құн, толық қалпына келтіру құны, қалдықтық баланстық құн, қалдықты қалпына келтіру құны, өсу коэффициенті, капиталдардың жаңару коэффициенті, капиталдың істен шығу коэффициенті, капиталмен қамтамасыз ету көрсеткіші, капитал қайтарымы, капитал сиымдылығы, пайда мөлшері.

2. Сол жақтағы беттен оң жақтағы беттегі формула сәйкестігін анықтаңыз

Толық баланстық құн	$K_{\text{қайт.}} = \text{ЖӨ} / K_n$
Капитал қайтарымы	$\text{Пм} = \text{П} / (K_n + K_a) * 100$
Пайда мөлшері	$\text{Тб.қ} = \text{Қс} + \text{Қт} + \text{Қж}$

3. Дұрыс – дұрыс емес

3.1. Негізгі өндірістік капиталдар – дегеніміз өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығы салаларының жалпы капиталдардың құнындағы үлестік салмағы.

3.2. Негізгі өндірістік капиталдар - дегеніміз көп жылдар бойы өндірістік үдеріске қатысып, өндірістік қызметтің бір түрін атқаратын, өзінің натуралдық, заттық нысанын өзгертпейтін және дайын өнімнен өзінің құнын біртіндеп қайтаратын өндіріс құралдары.

3.3. Негізгі өндірістік капиталдар – дегеніміз пайдалану барысында қайта-қайта бағалануға жататындар.

4. Дискуссиялық сұрақтар

4.1. Кәсіпорын қызметінде негізгі капиталдың орны қандай?

4.2. Негізгі капиталдардың қозғалыс көрсеткіштерін не себепті анықтаймыз?

3.4 . Капиталмен ауыл шаруашылығын қамтамасыз ету көрсеткіштері не үшін қажет?

5. Шикізат, материалдық және отын-энергетикалық ресурстар

5.1. Экономикадағы шикізат пен отын-энергетикалық ресурстардың рөлі, оларды экономикалық бағалау

Шикізат, материалдық, отын және энергетикалық ресурстар кәсіпорын мен бүкіл мемлекет экономикасының қалыпты қызметі үшін негіз болып табылады.

Қазақстанның отын энергетикалық кешені өте күшті. Қазақстанда отын энергетикалық ресурстарды өндіу және өңдеу, оларды қолдануға ыңғайлы етіп тұтынушыларға жеткізуді қамтамасыз ететін мүмкіншілігі мол кәсіпорындар, құралдар мен құрылғылар бар.

Өндірістік шикізатты екі топқа бөлуге болады:

- минерал тектес шикізат, яғни жер қойнауынан алынған шикізаттар;
- жасанды шикізат, яғни жасанды жолмен алынатын шикізаттар мен материалдар.

Әсіресе минерал тектес шикізаттардың табиғи түрлері кеңінен тараған. Ол өнеркәсіптің минералдық шикізаттық базасын құрап, қара және түсті металлургия, отын, электр энергиясы сияқты негізгі өнеркәсіп салаларының дамуына үлкен ықпалын тигізді.

Шикізат, материалдар, отын, энергия – бұлар еңбек затына жатады, яғни олар еңбек құралы мен адам еңбегінің әсеріне тап болып, нәтижесінде адамның өндірістік және жеке қажеттілігін өтеу үшін өздерінің түрлері мен қасиеттерін өзгертеді.

Еңбек заты ретінде шикізат және отын энергетикалық болып пайдаланылатын барлық материалдық ресурстар шартты түрде екіге бөлінеді.

Өңделмеген шикізат – деп жерден қазып алынған немесе өңделген және соның нәтижесінде белгілі бір өзгерістерге ұшыраған еңбек затын айтамыз.

Өңделген шикізат – нәтижесінде белгілі бір өзгерістерге ұшыраған еңбек затын айтамыз.

Шикізат ресурстары әр түрлі өндіріс өнімдерін шығару үшін пайдаланылған еңбек заттарының жиынтығы түрінде болып келеді.

Шикізатқа кен өндіруші өндіріс (руда, мұнай, көмір) пен ауыл шаруашылығының (астық, картоп, қызылша) өнімдері жатады.

Ал материалдарға өңдеуші өндіріс өнімі жатады.

Материалдарды негізгі және көмекші деп екіге бөледі:

- Негізгі материалдар дайын өнімнің құрамына табиғи түрде кіріп, оның материалдық негізін құрайды.
- Көмекші материалдар дайын өнім құрамына кірмейді, бірақ оның түзілуіне әсер етеді.

Отын энергетикалық ресурстар деп ел экономикасында пайдаланылып жатқан энергияның барлық түрлерінің жиынтығын айтамыз.

Пайдаланылатын отын энергетикалық ресурстарды төмендегідей көрсетуге болады:

- Табиғи отын энергетикалық ресурстар – көмір, мұнай, табиғи және пайдалы газ, судың, желдің табиғи механикалық энергиясы, атом энергиясы жатады.
- Отын ресурстары – өңдеу кезіндегі пайда болған өнімдер (кокс, брикеттер, мұнай өнімдері, жасанды газдар, байытылған көмір).
- Негізгі технологиялық үдерісте алынатын көмекші энергетикалық ресурстар (отын қалдықтары, пайдаланылған газ, өндірістегі өнімдердің жылуы).

Экономикалық тұрғыдан қарағанда халық шаруашылығында пайдаланылатын шикізаттың барлық түрі екі үлкен топқа бөлінеді:

- Өндірістік шикізат – бұл өндірістен алынады және көбінесе саланың ауыр өнеркәсібінде пайдаланылады.
- Ауыл шаруашылығының шикізаты – бұл ауыл шаруашылығы саласында өндіріліп, негізінен жеңіл және тамақ өнеркәсібінде пайдаланылады.

Минералдық шикізаттың базасы – жерді геологиялық тексеру жұмыстарының нәтижесінде анықталынған жер қойнауларындағы минералдық шикізат қорлары.

Минералдық шикізаттық базалардың негізі – пайдалы қазбаларды анықтау.

Өнеркәсіпте пайдаланылатын пайдалы қазбалар үш топқа бөлінеді:

- Жанатын қазбалар (көмір, жанатын тақта тастар, шымтезек, мұнай, табиғи газ).
- Минералды пайдалы қазбалар (қара түсті, асыл және сирек металдар).
- Металл емес пайдалы қазбалар (химиялық өнеркәсіпте пайдаланылатын шикізат, құрылыс материалдары, қара металлургия үшін металл емес шикізат).

Жылу энергетикалық теңдестік халық шаруашылығы мен тұрмыста өзара үйлесімді өндіріліп, пайдаланылатын жылу энергетикалық қорлардың және олардан туындаған энергия түрлерінің (электр энергиясы, жылу) кешенді сипаттамасы.

Отын – теңдестігі отынның барлық түрлерін көрсетеді, ал жылу энергетикалық теңдестік өндірілген және қолданылған энергияны ескереді.

Жылу энергетикалық теңдестік отынды және энергетиканы өндіру мен тұтынудың көлемі жайлы ғана емес, сонымен қатар жоспарлау мерзімінде отынның қандай түрін, қай ауданда, қанша көлемде өндіру керектігі туралы мәліметтерді береді.

Әрбір отын түрінің жылу мөлшері 7000 ккал\ кг және одан да жоғары болады.

Кез келген отынның жылу баламасы мына формуламен анықталынады:

$$K = Q \cdot 7000 \quad (12)$$

Мұнда: Q – кез келген отынның жылу мөлшері.

Шикізат пен отын – энергетикалық ресурстарды оңтайлы пайдаланудың негізгі бағыттары:

- отын және отын энергетикалық теңдестіктің құрылымын жақсарту;
- өнеркәсіп кәсіпорындарында шикізатты пайдалануға мұқият және сапалы дайындалу;

- шығынын азайтып, сапасын төмендетпей шикізат пен отынды тасымалдауды дұрыс ұйымдастыру;
- шикізатты кешенді пайдалану;
- өндіріске химия саласын ендіру;
- өндіріс қалдықтарын дұрыс пайдалану;
- шикізатты қайта пайдалану.

Мұнай және мұнай өнімдеріне жағдаят өзгерістерінің әсерін төмендету мақсатында аса ірі мұнай экспорттаушы елдер соңғы он жылда мұнай экспорттаудан алынатын табысты қайта бөлу есебінен экономиканың өндірістік құрылымын жетілдіру жөніндегі шараларды іске асыруда.

Қазақстанда жылдан жылға көбейіп келе жатқан мұнай газ өнеркәсібіндегі инвестициялар көлемі экономика құрылымын әртараптандыруға қолайлы орта болып табылады.

Алдағы он бес жылда Қазақстан мұнайын өндіруді дамытуға инвесторлар 80 млрд. АҚШ долларынан астам қаржы салуға ниет білдіруде. Бұл қаражат іске қосылатын кәсіпорындардың жұмысын қамтамасыз ететін өндірістік, инфрақұрылымдық және әлеуметтік нысандар салуға жұмсалатын болады.

Кәсіпорынды шикізатпен қамтамасыз ету құрылымы деп - өңдеу саласындағы өнеркәсіптің үздіксіз жұмысын үздіксіз қамтамасыз ететін өңдеу және ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіретін кәсіпорындарының жиынтығын айтамыз.

Шикізаттың сапасын экономикалық бағалаудың маңызды көрсеткіші ондағы пайдалы заттардың шамасы болып саналады.

Шикізаттың сапасы жоғары болған жағдайда өнімнің бірлігіне кететін шикізат азайып, сапасы жоғарылайды. Өнімнің еңбек сыйымдылығы, энергетикалық ресурстардың шығыны, тасымалдауға кететін қаражаттар да азаяды.

Өндіріс ресурстарды қолдануды, пайдалануды талап етеді. Өндіріске тартылған ресурстар өндіріс факторларының рөлін атқарады. Ресурстар өндіріске қатыстырылған жағдайда, нақты нәтиже бар болса ғана өндіріс факторларының рөлін атқарады. Ресурстар дегеніміз ол – материалдық және рухани игіліктерді

қалыптастыруда қолданылатын әр түрлі өндіріс элементтерінің жиынтығы.

Ресурстар экономикалық өндіріске тартылып жұмыс істеп тұрған және әлеуеттік (шаруашылық айналымына тартылмаған, бірақ, тартылуы мүмкін) болып екіге бөлінеді.

Экономикалық ресурстар мынадай табиғи ресурстарды:

- еңбек (еңбекке қабілетті жастағы халық) ресурстарын;
- материалдық (өндіріс нәтижесі болып табылатын адам қолымен жасалған барлық өндіріс құралдары) және қаржы (қоғамның өндірісті ұйымдастырудағы бөле алатын ақша қаржысы) ресурстарын;

- ақпараттық (ғылыми, ғылыми-техникалық, жобалық-конструкторлық, статистикалық, технологиялық ақпараттар, сонымен қатар, экономикалық өнімді қалыптастыруға қажетті басқа да шығармашылық құндылықтар) ресурс түрлерін қамтиды.

Табиғи ресурстар – адам еңбегімен қалыптаспаған табиғи жүйенің әрекет ету элементтері. Табиғи жағдай мен табиғи ресурстарды айыра білу қажет.

Табиғи жағдай адамның өндірістік қызметіне мүмкіндік туғызады. Оған күн сәулесі, жердің ішкі жылуы, рельеф, климат, ылғал жатады. Өндіргіш күштер дамуының белгілі дәрежесінде табиғи жағдай табиғи ресурстарға айналады. Мысалы, жел – энергия өндіру үшін қолданылады.

Табиғи ресурстар адамның өндірістік және өндірістік емес қызметінде қолданылатын күштер болып табылады. Табиғи ресурстар қолдану сипатына қарай төмендегідей бөлінеді:

- нақты (өндіріс процесіне тартылған);
- әлеуетті (қазіргі таңда, әзірше қолданылмайды).

Табиғи ресурстар жоғалатын, жоғалмайтын, ауыстырылатын, ауыстырылмайтын болып бөлінеді.

Жоғалатын – бұл қандай да бір өндірістік қызмет кезеңінде толығымен жойылатын ресурстар. Жоғалатын ресурстар:

- қайта қалпына келтірілмейтін (жер қыртысы, ауа, пайдалы қазбалар);

- салыстырмалы түрде жаңартылатын;
- ұдайы өндірілетін ресурстар.

Жоғалмайтын ресурстар 3 топтан тұрады, олар:

- космостық (күн радиациясы);

- климаттық (атмосфералық ауа, жел энергиясы, су)
- су ресурстары.

Ауыстырылатын – басқа экономикалық тиімді түрімен ауыстыруға болатын ресурстар.

Ауыстырылмайтын – атмосфералық ауа, ауыз су.

Экономикалық тұрғыдан еңбек құралдары, еңбек заттары және адам өмірінің жағдайлары табиғи ресурстардың рөлін атқарады.

Ресурстар – экономикалық игілікті өндіру факторлары. Экономикалық ресурстар ретінде тауар және қызмет өндіруге қажетті барлық табиғи, адами және өндірістік ресурстар түсініледі.

Барлық ресурстарды әр түрлі тәсілдер арқылы жіктеуге болады:

1) материалдық ресурстар – жер немесе шикізат материалдары және капитал;

2) адами ресурстары – еңбек және кәсіпкерлік қызмет.

Фирманың ресурстарды сатып алуға кеткен қаржысы өндірістік шығындарға кіргізіледі, сондықтан фирма барынша мол пайда әкелетін ресурстарды қолдануға ұмтылады.

Фирма қолданатын ресурстар саны оның қайтарымына немесе өнімділігіне тәуелді. Сондықтан фирма, әрбір қосымша ресурс оның табыстық деңгейін өзінің шығындарына қарағанда едәуір арттырғанша ресурстарды қолдануды ұлғайта түседі.

Жер ұғымына барлық табиғи ресурстар: жыртуға жарамды жер, орман, пайдалы қазбалалар кен орындары, табиғи өнімділік ретіндегі су ресурстары жатады. “Капитал” ұғымы тауар және қызмет өндірісінде, оны түпкі тұтынушыға (ғимарат, көлік және т.б.) жеткізуде қолданылатын барлық өндіріс құралдарын, сонымен қатар, ақша құралдарын қамтиды.

Адамның табиғатқа қатынасы өндіріске қажетті ресурстарды алумен ғана шектелмейді, оның үстіне, табиғат өндірістің өспелі қалдықтарын сақтау орнына айналып барады.

Соңғы онжылдықта әлемдегі өндіріс көлемі шамамен 40 есеге өсті. Бұл елеулі түрде экологиялық тепе-теңдіктің бұзылуына алып келеді. Ауа және су бассейндері қарқынды түрде ластану үстінде. Әлемде жыл сайын 6 млн. гектар жер далаға айналып, 11 млн. гектар орманды жер жойылады. Физикалық, химиялық, радиациялық ластану жердегі өмірге уақыт өткен сайын қауіп төндіре түсуде.

Адамдар экологиялық қауіп-қатерден жалпы күш біріктіре отырып, еңбекке деген жаңа сапалы қарым-қатынас қалыптастырып сақтана алады. Мұндай қатынаспен ең алдымен өндірістің экологиялық қауіпсіздігінің дамуын түсіндіруге болады. Осыған орай ресурстарды сақтаушы технология, қалдықсыз технология кеңінен таратылуы қажет.

Еңбек ресурстары халықтың қоғамға пайдалы еңбек ету қабілетін құрайды. Еңбекке қабілетті халық нақты әлеуметтік, экономикалық, мәдени, саяси және басқа да қоғамдық жағдайлар әсерімен 2 топқа жіктеледі: “экономикалық белсенді” және “экономикалық белсенді емес” халық.

Экономикалық белсенді емес халық – жұмысы жоқ және тек қана үй шаруашылығымен айналысқандықтан жұмыс іздемейтін, еңбек қабілетін уақытша жоғалтушы, әскери қызметін атқарушы және т.б. еңбекке қабілетті халықтың қалған бөлімін құрайды.

Өндіріс процесінің атқарылуын қамтамасыз ететін құралдар мен заттар жиынтығы қоғамның материалдық ресурстарын құрайды. Материалдық ресурстар өндірістік әлеуеттің негізгі бөлігін ұсынады.

Табиғи, еңбек және материалдық ресурстары базалық ресурстар болып саналады. Олар дамыған экономикалық жүйедегі өндірісті қалыптастыру шартына айналады.

Ақпараттық ресурстар – өндіріс ресурстарының ең жас түрі. Ақпарат – автоматтандырылған өндірістің қалыптасуына қажетті мәліметтер ұсынушы, материалдық сипатқа ие ресурстар. Оларды басқару компьютерлік техниканың көмегімен жүзеге асырылады.

Ресурстарды қалыптастыру мен қолдану барысында ресурстардың шектеулілік теориясына ерекше назар аудару керек. Өндіріс ресурстарының басты ерекшелігі – олардың шектеулілігі. Бұдан шығатын қорытынды қоғамдағы қажеттіліктерді толық қанағаттандыру үшін қазіргі таңда қолда бар ресурстар жеткіліксіз. Тұтыну қажеттілігі әрқашанда өндіріс мүмкіндіктерінен артық болады. Адамдар әр түрлі тамақтануға, өз киім-кешектерін жиі ауыстыруға, қолайлы тұрғын үйде тұруға тырысады. Көптеген елдерде автомобиль, байлық, сән-салтанат бұйымы болудан қалған. Адамдар қажеттілігі өсе түсіп, сапалық тұрғыдан да өзгеріп отырады. Өндіріс мүмкіндіктерінің дамуы өспелі қажеттіліктерді қанағаттандыра түсуде. Бірақ, қажеттілік өспелі деңгейде сақталып

отырады. Ресурстардың шектеулілігі оларды үнемдеуді, ұқыпты қарым-қатынас жасауды талап етеді.

Әлемде ресурстар шектеулілігінің мәселесі жыл сайын өсетүсуде, алайда, оларды тұтынушылар саны да ерекше үлкен. Автомобиль өндірісін өсіру үшін металл, резина, қозғалтқыштар және т.б. қажет, алайда бұл ресурстар шектеулі.

Тұтастай адамзат қолындағы, жекелей елдер, кәсіпорындар, отбасылар иелігіндегі экономикалық ресурстардың барлық түрі сандық және сапалық тұрғыдан да шектеулі. Сондықтан қандай тауарлар мен қызметтерді өндіру, ал қандай тауарлар мен қызмет түрлерін өндіруден бас тарту туралы шешім қабылдау қажет.

Таңдау мәселесі күрделі, себебі игіліктің бір түріне артықшылық берсек, бір мезетте басқа түрін тұтынудан бас тартуымызға тура келеді.

Қолда бар шектеулі ресурстарды қалай бөлу туралы сұрақ тек әрбір адамның ғана емес, кәсіпорынның, ел үкіметінің алдында тұрған мәселе. “Экономикалық ресурстар” мен “өндіріс факторлары” ұғымын ажырата білу қажет. Ресурстар экономикаға еніп, оны қоректендіреді. Ал факторлар өндірістік-экономикалық процестерге қатысты туындайды.

Өндірістік факторларды экономикалық процестердің сипаты мен нәтижелілігін анықтаушы, өндірілетін экономикалық өндірістік процестің салдары, нәтижесі ретінде қарастыруға болады. Өндіріс факторларын жіктеудің 2 тәсілдемесі бар:

1. Батыстық экономикалық теорияда төмендегі факторларды көрсетеді: жер, капитал, еңбек, кәсіпкерлік фактор.

Жер – табиғи фактор, демек, адам қызметінің нәтижесі болып табылмайды. Жер – табиғаттың құнды игілігі, адамға деген табиғаттың сыйлығы.

Еңбек нәтижесі адам қажеттілігін қанағаттандырушы игілік болып табылатын адамның кез келген интеллектуалдық және дене қызметі.

Капитал – табыс, пайда әкелетін кез келген материалдық игілік өндіріс құрал-жабдықтары. Негізгісі – бұл ғимарат, құрал-жабдық. Айналымы – шикізат, материалдар, энергия және т.б.

Кәсіпкерлік фактор – табысты барынша көбейту мақсатында өндіріс факторларының тиімді комбинациясын жүзеге асыруға бағытталған ерекше қызмет түрі.

2. Маркстік тәсілдеме. К. Маркс өндіріс факторларын төмендегідей бөліп көрсетті:

- еңбек заты;
- еңбек құралы;
- жұмысшы күші.

Жұмысшы күші – адамның денелік және рухани қабілетінің жиынтығы. Жұмысшы күші – бұл еңбекке қабілеттілік, ал еңбек – жұмысшы күшін тұтыну. Жұмысшы күші – өндірістің жеке факторы, өндіріс құралдары – заттың факторы.

Жеке фирмалар тарапынан ресурстарға деген сұраныс немен анықталады? Ол – сол ресурстың көмегімен өндірілген дайын өнімге деген сұраныс. Ол неғұрлым жоғары болған сайын, оны тұтыну тиімділігінің өзгерісін ескергендегі өнімді шығаруға қажетті ресурстарға деген сұраныс та соғұрлым жоғары болады.

Дамыған елдерде энергоресурстарға деген сұраныс баяу түрде өсуде. Фирманың ресурстарды сатып алуға кеткен қаржысы өндірістік шығындарға кіргізіледі, сондықтан фирма барынша мол пайда әкелетін ресурстарды қолдануға ұмтылады.

Фирма қолданатын ресурстар саны оның қайтарымына немесе өнімділігіне тәуелді. Сондықтан фирма, әрбір қосымша ресурс оның табыстық деңгейін өзінің шығындарына қарағанда едәуір арттырғанша ресурстарды қолдануды ұлғайта түседі.

Қазіргі экономикалық теорияда да төрт өндіріс факторын бөліп көрсетеді: еңбек, жер, капитал, кәсіпкерлік. Өндірісті бастау үшін аталған факторлардың болуы шартты және бұл факторлар келесідей сұрақтарға жауап береді: кім өндіреді және кім үшін өндіреді?

Осыған орай, еңбекпен қандай да бір тиімді нәтижеге жетуге бағытталған адам қызметі анықталады.

Капитал – материалдық игіліктерді өндіруге қажетті барлық жинақталған құралдардың қоры, негізгі және айналым қорларының экономикалық, құндық формасы болып табылады.

Жер өндіріс факторы ретінде тек жерді ғана емес барлық табиғи ресурстарды ұсынады: жыртуға жарамды жер, орман, кен орындары, су ресурстары және табиғаттың басқа да, адам тұтынуына ұсынатын игіліктері.

Пайдалануға ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Ниязбекова Р.Қ., Рахметова Б.А., Байнеева П.Т. «Кәсіпорын экономикасы». Оқу құралы. Алматы, «Экономика», 2008 жыл. 226 – 243 беттер.
2. Мейірбеков А. Қ., Әлімбетов Қ. Ә. «Кәсіпорын экономикасы». Оқу құралы. Алматы, «Экономика» 2003ж. 64 – 65 беттер.
3. Үмбетәлиев А., Керімбек Ғ. «Кәсіпорын экономикасы және кәсіпкерлік». Алматы, «Бастау». 2002 ж. 49 – 52 беттер.
4. Қайырбаева А.Е. «Кәсіпорын экономикасы». Оқу құралы. Алматы, «Нұр-принт», 2007 жыл. 36-42 беттер

Бақылау сұрақтары:

1. Ресурстар дегеніміз не?
2. Ресурстардың түрлерін атаңыз.
3. Табиғи ресурстар дегеніміз не?
4. Табиғи ресурстар түрлерін атаңыз.
5. Экономикалық ресурстар дегеніміз не?
6. Материалдық ресурстар ұғымына түсінік беріңіз.
7. Адами ресурстар дегеніміз не? Ол қалай анықталынады?
8. Табиғи, еңбек және материалдық ресурстары не себепті базалық ресурстар болып саналады?
9. Батыстық экономикалық теорияда қандай факторларды қолданады?
10. Капитал дегеніміз не?

Экономикалық тренинг

1. Негізгі категориялар

Өндіріс, ресурстар, табиғи ресурстар, экономикалық ресурстар, материалдық ресурстар, адами ресурстар, еңбек ресурстары, материалдық ресурстар, ақпараттық ресурс, капитал.

2. Сол жақтағы беттен оң жақтағы беттегі анықтама сәйкестігін анықтаңыз

Ресурстар дегеніміз	адамның денелік және рухани қабілетінің жиынтығы
Жұмысшы күші	материалдық игіліктерді өндіруге қажетті барлық жинақталған құралдардың қоры
Капитал –	материалдық және рухани игіліктерді қалыптастыруда қолданылатын әр түрлі өндіріс элементтерінің жиынтығы

3. Дұрыс – дұрыс емес

- 3.1. Өндіріс ресурстарының басты ерекшелігі – олардың шектеулілігі.
- 3.2. Өндіріс ресурстарының басты ерекшелігі – олардың ұзақтылығында.
- 3.3. Өндіріс ресурстарының басты ерекшелігі – олардың қорлануында.

4. Дискуссиялық сұрақтар

- 4.1. ҚР шикізат базасы және оны дамыту бағыттары қандай?
- 4.2. Ауыл шаруашылық базасын қалай дамытуға болады?
- 4.3. Табиғи ресурстарды қалай ұтымды пайдаланған жөн.

6. Айналым капитал

6.1 Айналым капиталы түсінігі және құрамы мен құрылымы

Үздіксіз өндірістік үдерісті қамтамасыз ету үшін негізгі өндірістік қорлармен қатар, оған еңбек заттары мен материалдық ресурстар қажет. Еңбек заттары еңбек құралдарымен бірге өндіріс үдерісіне қатысып, олардың құны өндірілетін өнімнің материалдық негізін жасап, өнімнің өзіндік құнын құрайды. Өндірістік айналым капиталдың заттық элементтерінің айналымдылығымен, еңбек

үдерісімен және негізі өндірістік қорлармен тығыз байланыста болады.

Айналым қоры – бұл өндірістік үдерістің міндетті, ал өнімнің өзіндік құнының негізгі бөлігі (элементі). Оның негізгі өндірістік қорлардан ерекшелігі - айналым қоры әрбір өндірістік циклде толығымен тұтынылып, өзінің құнын өндірілген өнімге толығымен өткізеді.

Өнім бірлігіне жұмсалған, шикізат материалдар, отын мен энергия шығыны неғұрлым аз болса, өнім өндіруге және дайындауға жұмасалатын еңбек шығыны солғұрлым үнемді әрі оның өзіндік құны арзан болады .

Айналым қорына қарағанда айналым капиталы экономикалық санат ретінде кең мағынаны береді. Ол айналым қоры мен айналыс қорынан тұрады.

Айналым капиталы дегеніміз – өндірістік айналым қорлары мен айналыс қорларын құруды және олардың үздіксіз айналымдылығын қамтамасыз ететін алдын ала бөлінген ақшалай қаражаттардың жиынтығы.

Айналым капиталдары үнемі қозғалыста болады. Бір өндірістік кезең аралығында олар үш сатыдан тұратын ауыспалы айналым жасайды.

Бірінші сатыда кәсіпорын ақша қаражаттарын еңбек заттарын сатып алу үшін шарттарды төлеуге жұмсайды.

Екінші сатыда алынған айналым қорлары өндіріс процесіне тікелей өтіп, әуелде өндіріс босалқы қорларына және шала фабрикаттарға, содан соң аяқталған өндіріс процесі – дайын өнімге айналады.

Үшінші сатыда дайын өнім сатылады, нәтижесінде айналым қорлары өндіріс саласынан айналыс аясына, қайтадан ақша нысанына келеді.

Ауыспалы айналым қаражаты мына тәсілмен шығады:

$$A - K \dots \Theta \dots D - A \quad (13)$$

Мұнда: А – шаруашылық субъектілерін авансылаудағы ақша қаражаттары;

К – өндіріс құралы;

Ө – өндіріс;

Д – дайын өнім;
А1 – өнімді сатудан түскен және өзіне қосылған пайданың ақша қаражаттары.

Айналым капиталының айналымдылығының коэффициенті:

$$Қ_{ақ} = \frac{Өқ}{Оқ} \quad (14)$$

Мұнда: $Қ_{ақ}$ – айналым капиталының айналымдылығының коэффициенті;

$Өқ$ – белгілі бір кезеңде өткізілген өнімнің құны (өнімді өткізуден алынған өнім);

$Оқ$ – сол кезеңдегі айналым капиталының орташа қалдығы.

Нарықтық экономика жағдайында кәсіпорынның қалыпты жұмыс істеуі үшін жеткілікті көлемде айналым капиталының болуы қажетті алғы шарт болып саналады. Демек айналым капиталы өндірістің үздіксіз жұмыс атқаруын қаматамасыз етеді.

Айналым капиталы өндіріс және айналыс өрісінде пайдаланып, жабдықтау, өндіру, өткізу сияқты үш кезеңнен өтеді және осы кезеңдер әр түрлі табиғи күйге енеді.

Айналым капиталын қайта жаңғырту үдересінің міндетіне қарай төрт топқа бөлуге болады: өндірістік запас (босалқы), аяқталмаған өндіріс (аяқталмаған өнім), дайын өнімдер және ақша қаражаттары (есеп айрысу шотындағы қаражаттарды қоса санағанда).

Өндіріс үдерісіне бір рет қатыса алатын өзінің натуралды – заттық нысанын толық өзгертетін және дайын өнімнен өзінің құнын толық қайтаратын құралдарды айналым капиталдары деп атайды.

Айналым капиталдары келесідей үш топтан құралады:

Өндірістік запастар – ауыл шаруашылығында оған кіретіндер:

- 1) шикізат және материалдар;
- 2) тыңайтқыштар және улы химикаттар;
- 3) отын түрлері;
- 4) тара және таралық материалдар;

- 5) жанар – жағар май;
- 6) тұқым – тұқымдық материалдар;
- 7) құрылыс материалдары;
- 8) техника бөлшектері;
- 9) мал азығы;
- 10) бордақылаудағы малдар, мал төлі;
- 11) төмен құнды тез тозатын заттар.

Аяқталмаған өндіріс:

1. өсімдік шаруашылықтарының аяқталмаған өндірісі;
2. мал шаруашылығындағы аяқталмаған өндіріс;
3. өнеркәсіп және қосалқы өндірістердің аяқталмаған өндірісі;

Айналым капиталдар:

- 1) сатуға дайын өнім;
- 2) тұтынушылар мен есептесудегі құралдар;
- 3) материал, шикізат сатып алуға арналған қаржы.

Айналым капиталдары - өндірістік запастар мен аяқталмаған өндірістен құралады.

Айналым қорларының жекеленген элементтері немесе олардың құраушы бөліктері арасындағы меншікті қатынасы айналым қорының құрылымы деп аталады.

Кәсіпорындардың айналым капиталдарының құрылымы мамандандырылу бағытына байланысты өзгеріп отырады. Мысалы: өсімдік шаруашылығына маманданған кәсіпорындарда айналым капиталдарының құрылымында ең үлесі жоғары құралдар: ол тұқым, тыңайтқыштар, улы химикаттар, жанар-жағар май болып табылады. Ал мал шаруашылығына маманданған кәсіпорында үлестік салмағы жоғары құралдарға: мал азығы, бордақылауда тұрған малдар, мал төлі жатады.

6.2 Айналым қаражаттарының көрсеткіштері

Кәсіпорынның өзінде өндіріліп, өндірістік үдерісте қолданылған айналым капиталдары өзіндік құны бойынша бағаланады. Кәсіпорынға сырттан әкелінген, яғни сатып алынған капиталдар сатып алу бағасы және кәсіпорынға жеткізу шығындары бойынша бағаланады. Капиталдарды пайдаланудың экономикалық тиімділік көрсеткіштері:

Айналым капиталдарының айналу коэффициенті:

$$K = \Theta \backslash Q \quad (15)$$

Мұнда: K – капитал айналымы;

Θ – белгілі бір кезеңдегі сатылу құны (сатудан түскен түсім);

Q – сол кезеңдегі айналым қаражатының орташа қалдығы.

$$K_{\text{үн}} = T \backslash K \text{ айналым} \quad (16)$$

Мұнда: K айналым – айналым коэффициенті;

T – күн көрсеткіштерін анықтайтын уақыттың ұзақтығы.

$$K_{\text{үн}} = T \times Q \backslash \Theta \quad (17)$$

Мұнда: $K_{\text{үн}}$ – күндік айналым;

T – күн көрсеткіштерін анықтайтын уақыттың ұзақтығы;

Q – сол кезеңдегі айналым қаражатының орташа қалдығы;

Θ – белгілі бір кезеңдегі сатылу құны (сатудан түскен түсім).

Капиталдың орташа тәуліктік айналымы:

$$T_{\text{әулік}} = \Theta / T \quad (18)$$

Мұнда: Θ – белгілі бір кезеңдегі сатылу құны (сатудан түскен түсім);

T – күн көрсеткіштерін анықтайтын уақыттың ұзақтығы.

Бір күндегі айналым ұзақтығы:

$$K_{\text{үн}} = Q / \Theta \quad (19)$$

Мұнда: Q – сол кезеңдегі айналым қаражатының орташа қалдығы;

Θ – белгілі бір кезеңдегі сатылу құны (сатудан түскен түсім).

Айналу коэффициентінің кері көрсеткіші:

$$K \text{ бекіту} = 1 / K \text{ айналым} \quad (20)$$

Мұнда: K бекіту – бекіту коэффициенті;

K айналым – айналым коэффициенті.

Материалдық сыйымдылық көрсеткіші:

$$M \text{ сыйымдылық} = M / \Theta \quad (21)$$

Мұнда: M сыйымдылық – материалдық сыйымдылық көрсеткіші;

M – шикізат, отын, материал, энергия және тағы басқа шығындар;

Ө – өндіріс көлемі.

Материал қайтарымы:

$$M \text{ қайтарым} = \Theta / M \quad (22)$$

Мұнда: M қайтарым – материал қайтарымы көрсеткіші;

Ө – өндіріс көлемі;

M – шикізат, отын, материал, энергия және тағы басқа шығындар.

Айналым капиталдарын пайдалану тиімділігін арттыру жолдары:

- 1) аграрлық өндірістің еңбек заттарының сапасын арттыру және өзіндік құнын төмендету;
- 2) құралдарды үнемдеу;
- 4) өндіріс технологиясын жетілдіру;
- 5) айналым капиталдары құрылымының оңтайлығын қамтамасыз ету;
- 6) айналым капиталдарын мөлшерлеуді жетілдіру;
- 7) өндірістің мамандандырылуын тереңдету және шоғырлануын дамыту;
- 8) айналым капиталдарының айналым ұзақтығын қысқарту;
- 9) ғылыми-техникалық даму жетістіктерін ауыл шаруашылығына енгізу;
- 10) еңбекті ұйымдастыру мен материалдық ынталандыруды жетілдіру.

Пайдалануға ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Ниязбекова Р.Қ., Рахметова Б.А., Байнеева П.Т. «Кәсіпорын экономикасы». Оқу құралы. Алматы, «Экономика», 2008 жыл. 226 – 243 беттер.
1. Мейірбеков А. Қ., Әлімбетов Қ. Ә. «Кәсіпорын экономикасы». Оқу құралы. Алматы, «Экономика», 2003ж. 71 – 76 беттер.
2. Үмбетәлиев А., Керімбек Ғ. «Кәсіпорын экономикасы және кәсіпкерлік». Алматы, «Бастау», 2002 ж. 56 – 61 беттер.
3. Коваленко Н.Я. «Экономика сельского хозяйства». Москва, «Экмос», 1998, 226 – 233 беттер.

4. Попов Н.А. «Экономика сельского хозяйства». Москва, «Экмос», 1999, 137-147 беттер.
5. Қайырбаева А.Е. «Кәсіпорын экономикасы». Оқу құралы, Алматы, «Нұр-принт», 2007 жыл. 43-46 беттер

Бақылау сұрақтары:

1. Айналым капиталы дегеніміз не?
2. Айналым капиталы қанша топтан құралады?
3. Өндірістік запастарға ауыл шаруашылығында нелер жатады?
4. Ақталмаған өндіріс - аяқталмаған өндіріс ұғымын қалай түсінесіз?
5. Айналым капиталы дегеніміз не?
6. Айналым капиталдарының айналу коэффициентін қалай анықтаймыз?
7. Айналым капиталдарының бір айналымының уақытын қалай есептеуге болады?
8. Материал қайтарымын қалай анықтауға болады?
9. Материал сыйымдылығын қалай анықтаймыз?
10. Бір күндегі айналым ұзақтығының формуласын айқындаңыз.

Экономикалық тренинг

1. Негізгі категориялар

Өндіріс, үдеріс, айналым капиталдары, өндірістік запас, аяқталмаған өндіріс, кәсіпорын, пайда, өндірістік запастар, айналым капиталдарының айналу коэффициенті, материал қайтарымы, материал сыйымдылығы, пайда нормасы, мамандандыру, шоғырландыру, өзіндік күн.

2. Сол жақтағы беттен оң жақтағы беттегі формула сәйкестігін анықтаңыз

Материал қайтарымы

Бір күндегі айналым ұзақтығы

Материал сыйымдылығы

$$Күн = Қ / Ө$$

$$М сыйымдылық = М / Ө$$

$$М қайтарым = Ө / М$$

3. Дұрыс – дұрыс емес

3.1. Кәсіпорынның өзінде өндіріліп, өндірістік үдерісте қолданылған айналым капиталдары өзіндік құны бойынша бағаланады.

3.2. Кәсіпорынның өзінде өндіріліп, өндірістік үдерісте қолданылған айналым капиталдары шығыны бойынша бағаланады.

3.3. Кәсіпорынның өзінде өндіріліп, өндірістік үдерісте қолданылған айналым капиталдары пайда нормасы бойынша бағаланады.

4. Дискуссиялық сұрақтар

4.1. Үй шаруашылығында немесе фирмадағы қорлану несімен ерекшелінеді?

4.2. Қазіргі жағдайда ҚР капиталдың қорлануы үшін бұл тиімді ме?

4.3. Қазақстандағы алғашқы қорлану немен ерекшелінеді?

7. Еңбек ресурстары

7.1 Еңбек нарығы: мәні және қызмет ету механизмі

Еңбек – бұл тауар өндіру, қызмет көрсету кезінде пайдаланылатын, адамдардың дене күші мен ойлау қабілеттерін және оны іске асыра білу.

Еңбек ресурстары – жеке кәсіпорын, халық шаруашылығының өрісі немесе оның территориялық бірлігі ауқымында қоғамдық өндіріске қатысатын жеке жұмыскерлердің жиынтығы.

ҚР еңбек кодексіне сәйкес 16-58 жастағы әйел адамдар, 16-63 жастағы ер адамдар, 16 жастан жоғары жасөспірімдер зейнеткерлік жастағы, бірақта жұмыс істеуге қабілетті адамдарды еңбек ресурсы категориясына жатқызамыз.

«Экономикалық теория» пәнінен ғаламат ағылшын экономистері, саяси экономиканың классиктері А.Смит пен Д. Рикардо нарықта тауар еңбек, «еңбек өзінің табиғи және нарықтық бағасына ие» деп санағандарын білеміз.

XIX ғасырда атақты неміс экономисі К.Маркс «Капитал» еңбегінде нағыз тауар еңбек емес, жұмыс күші, еңбекке қабілеттілік деген. Осыдан кейбір экономистер еңбек нарығы деп атаса, К.Маркс ілімін қолдаушылар жұмыс күші нарығы деп атайды.

- **Еңбек нарығы** – жұмыс күшін пайдалану құқығын белгілі бір уақытқа жұмыс берушіге берумен, еңбек ақы көлемін, жұмыс күнінің ұзақтығын, еңбек жағдайын, төленетін демалыс ұзақтығын, ауру немесе мүгедектік алу жағдайында өтелім көлемін анықтаумен, өндірісті белгілі бір уақытқа тоқтатумен байланысты әлеуметтік еңбектің қатынастары.
- Еңбек нарығы – бұл жұмыс күшін, адамның еңбек ету қабілетін тауар түрінде сатуға және сатып алуға байланысты болатын экономикалық қатынастар жүйесі.
- Еңбек нарығы – бірыңғай заңдармен жұмыс істейді.

ҚР еңбек нарығының басты мәселесі бізде жасырын жұмыссыздық немесе толық емес жұмысбастылық. Сонымен қатар ресми емес жұмыссыздықтың етек алуы.

- **Жұмыссыздық** – қоғамдағы аса ауыр экономикалық және әлеуметтік қайшылық.
- Жұмыссыздық – бұл еңбекке жарамды халықтың жұмыспен қамтылмауы. Нарықтық экономикада жұмыссыздық дағдарыстар кезінде көбейеді. **Жұмыссыздықтың төмендегідей түрлерін атап өтуге болады:**

1.Жасырын жұмыссыздық – бұл өндірісте және мемлекеттік аппаратта артық жұмысшылардың қолданылуы.

2.Фрикциондық жұмыссыздық – бұл халықтың бір аймақтан екінші аймаққа, бір кәсіптен екінші кәсіпке ауысуына байланысты болатын уақытша жұмыссыздық.

3.Құрылымдық жұмыссыздық – бұл жұмыс күшіне сұраныс пен ұсыныс сәйкес келмеген кезде және өндірістік қуаттың жетіспеушілігінен болатын қуаттылық.

4.Циклдық жұмыссыздық – бұл экономикадағы құлдырау, дағдарыс кезінде көрінетін жұмыссыздық түрі

5.Технологиялық жұмыссыздық – бұл адамдарды машинамен ауыстырудың нәтижесі, яғни бұл біліктілікті өзгертуді немесе басқа мамандықты игеруді талап етеді.

6.Маусымдық жұмыссыздық – жұмыс күшінің тек маусымдық кезеңде жұмыс жасауы.

Жұмыссыздық деңгейін есептеу көрсеткіші:

$$\text{ЖД} = \text{ЖС} \setminus \text{ЖК} \times 100\% \quad (23)$$

Мұнда: ЖД – жұмыссыздық деңгейі;
ЖС – жұмыссыздар саны;
ЖК – жұмыс күшінің саны.

Жұмыс орнының аса көп болуына ұмтылу кез келген елдің жұмысбастылықты реттеудегі негізгі ролі. Мысалы:

1. Швеция үкіметі жұмыссыздық мәселесін шешу үшін басымды секторларды несиелендіру туралы белсенді өнеркәсіптік саясатты жүргізеді.
2. Корей Республикасы үздіксіз өсу барысында жұмыс бастылықты 2-6 % арттыруды, жұмыссыздықты 2,5 % азайтуға ықпал жасап отыр.
3. Кеңес Одағы кезінде біздің мемлекетімізде Жапондық жұмысбастылық міндеттеліп, қоғамдық өндіріс саласы заңмен қамтамасыз етілген.

Егер жұмыс күшінің ұсынысы сұраныстан көп болса, онда жұмыссыздық көбейеді.

- Тұрғындар жұмысбастылығы – азаматтардың ҚР Конституциясына, заңдар мен актілеріне қайшы келмейтін жеке қажеттіліктерін қанағаттандыруға байланысты және оларға табыс немесе кіріс әкелетін қызмет.

Еңбек нарығының қызмет ету ерекшеліктері:

- 1). Еңбек нарығы мен тауар нарығының өзара әрекетімен байланысты.
- 2). Тауар болатын жұмыс күшінің ерекшеліктеріне байланысты.
- 3). Жұмыс күші ретінде тауардың айырбас үдерісімен байланыстылығы.

Еңбек нарығының субъектілері:

1. Жалдамалы қызметкерлер – өндіріс құралы жоқ, өздерінің жұмысқа қабілеттілігін басқаға сату арқылы өмір сүретін адамдар.
2. Жұмыс берушілер – жеке жұмыс жасайтын және тұрақты түрде бір немесе бірнеше жұмыс қолын жалдайтын адамдар.
3. Мемлекет.

7.2 Еңбек нарығының түрлері, үлгілері:

Еңбек нарығының қалыптасуы елдің ерекшелігіне, кәсіпорнына, кәсіпорынды жұмыскерлер күшімен қамтуға, персоналды даярлауға, кәсіподақтар құру мен тарихи дәстүрлеріне байланысты. Егер еңбек нарығын осы тұрғыдан қарастырсақ, онда екі негізгі түрін бөліп көрсетуге болады: сыртқы және ішкі нарық.

- **Сыртқы (жалпы халықтық)** – еңбек нарығы жалдамалы жұмыскерлердің барлығына ашықтығымен, бәсекеге қабілеттігімен, қол жетімдігімен ерекшеленеді.
- **Ішкі (кәсіпорын ішілік)** – еңбек нарығы жабықтығымен, бәсекеге орташа қабілеттігімен ерекшеленеді.

Бұған төмендегідей мысалдар келтірейік.

1. АҚШ немесе америкалық үлгі: еңбек нарығы субъектілерінің жоғары белсенділігімен, экономиканың бәсекелестігін үнемі қолдап отыратын мемлекет саясатымен, жоғары еңбек ақы көлемімен сипатталады.

2. Швециядағы еңбек нарығының үлгісі: мемлекет жүргізетін жұмыспен қамтудың белсенді саясатымен ерекшеленеді.

3. Ресейлік үлгі: онда өркениетті еңбек нарығы қалыптасқан.

7.3 Кәсіпорынның кадр саясаты

Қоғамдық өндірістің басты факторларының бірі – жұмыс күші. Нарықтық экономикаға негізделген тауарлы өндірісте жұмыс күші – тауар.

Жұмыс күшінің тауар ретінде басқа тауарлардан айырмашылығы:

- ол өзінің құнынан анағұрлым артық тұратын күн құрайды;
- онсыз кез келген кәсіпорынның әлеуетті мүмкіндіктері ешбір жүзеге аспайды;
- барлық өндірістік және айналым қорларын пайдаланудың тиімділігі де, міне, осы жұмыс күшіне тікелей байланысты.

Кәсіпорын жағдайында жұмыс күшін мақсатқа сай жұмсау, оны тиімді пайдалану кадр саясатын дұрыс жүргізуді білдіреді.

Кәсіпорын қызметкерлері төмендегідей бөлінеді:

- 1) тізімдік;
- 2) өнеркәсіптік өндірістік қызметкерлер;

3) өнеркәсіптен тыс қызметкерлер.

Кәсіпорын жұмысшыларының тізімдік құрамы – негізгі және одан басқа қызметтерге байланысты, бір күн мен одан да ұзақ мерзімге тұрақты және уақытша жұмысқа қабылданғандар.

Өнеркәсіптік өндірістік қызметкерлер – өндірістік іс әрекеттерге, өндірістік қызмет көрсетуге тікелей қамтылғандар.

Өнеркәсіптен тыс қызметкерлер – бұған тұрғын үй, коммуналдық және қосалқы шаруашылық, денсаулық сақтау пункттері, емдеу сауықтыру орындары, оқыту орнындағылар.

Жұмыс күшінің тұрақтамау индексі:

$$T_{\Gamma} = \text{ЖБС} \setminus \text{ОҚС} \times 100 \quad (24)$$

Мұнда: T_{Γ} – жұмыс күшінің тұрақтамау индексі;

ЖБС – жұмыстан босатылғандардың жалпы саны;

ОҚС – жұмыста қалғандардың орташа саны.

Жұмыстан босатылатындар:

$$T_{\Gamma} = \text{ЖБС} - \text{ББ} \setminus \text{ОҚС} \times 100 \quad (25)$$

Мұнда: T_{Γ} – жұмыс күшінің тұрақтамау индексі;

ЖБС – жұмыстан босатылғандардың жалпы саны;

ББ – келешек жұмыстан босатылатындардың саны;

ОҚС – жұмыста қалғандардың орташа саны.

Персонал - бұл адамдардың жеке сапаларының күрделі жиынтығы, оның ішінде әлеуметтік психологиялық қасиеттері басты рөл атқарады, персонал кәсіпорынның экономикалық және жаңартпа (инновациялық) кеңістігінің маңызды бөлігі. Персонал ұйымдағы барлық адамдар ресурстарының жиынтығы. Персонал – бұл ұйымның болашағын анықтайтын стратегиялық фактор, себебі тек адамдар ғана жұмысты орындайды, ойларды ұсынады және кәсіпорынның әрі қарай дамуына мүмкіншілік береді.

Персоналды басқару – іс әрекеттің атқарымдық функционалды ортасы, оның мәселесі – кәсіпорынды керек уақытта, қажетті мөлшерде және талап етілетін сапада персоналмен қамтамасыз ету, оларды дұрыс орналастыру және ынталандыру.

Персоналды басқару мақсаты жалпы ұйымның игілігі мен жұмыскерлердің жеке мүдделерін ескере отырып, әрекет ететін қабілетті ұжымын қалыптастыру болып табылады.

Персоналды басқару мақсаттары: Персоналды басқару келесі мақсаттарды көздейді:

- Жалпы мақсаттарға жетуде кәсіпорынға көмек көрсету.
- Жұмыскерлердің шеберлігі мен мүмкіндіктерін тиімді пайдалану.
- Кәсіпорынды біліктілігі жоғары және қызығушылық танытатын қызметкерлермен қамтамасыз ету.
- Жұмыскерлердің өз жұмыстарына барынша толық қанағаттануына, олардың өздерін толық көрсете алуына ұмтылу, бұл өз алдына әрбір жұмыскердің осы кәсіпорында жұмыс істеу тілегін жоғарылатады.

Жеке адамның әлеуетін тиімді пайдалану қағидасына сәйкес адамның еңбек іс-әрекетін басқару механизмін меңгеру.

Персоналды басқару жүйесі. Персоналды басқару жүйесі персоналдарды басқару мақсаттарының, функцияларының, ұйымдастырушылық құрылымның қалыптасуларынан, басқарушылық шешімдерді негіздеу, өңдеу, қабылдау және орындау үдерістерінде мамандар мен жетекшілердің тігінен және көлденеңінен атқарымдық өзара байланыстардың қалыптасуынан тұрады.

Персоналды басқару функциялары жүзеге асыратын жүйе ұйымның персоналын басқару жүйесі деп аталады.

Персоналды басқарудың екі бағыты бар:

- бизнестің стратегиялары шеңберінде ұйым мен жұмыскерлер арасындағы қарым қатынасты реттеу негізінде ұйымның бәсекеге қабілеттілік жағдайлары мен ұзақ мерзімді дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндік туғызады.
- ағымдағы персоналдық жұмыстар: персонал қажеттілігінің қазіргі жағдайы мен жоспарлауы ,штаттық кестелерді жасау, персоналды бағалау және іріктеу, таяудағы кадрлық ауысымдарды,жұмыстан босатуды жоспарлау, біліктілігін жоғарлату және қайта даярлау және т.б. жүргізіледі.

Ұйымда персоналды басқару бойынша негізгі құрылымдық бөлім – кадрлар бөлімі болып табылады.Ол кадрларды жұмысқа

қабылдау, босату, оқыту, біліктілігін көтеру, қайта даярлау функцияларын атқарады.

Кәсіпорын персоналын басқару өзара байланысқан іс-әрекет түрлері кешенінен тұрады:

- кәсіпорын іс-әрекетінің стратегиясына сәйкес әр түрлі біліктілігі бар жұмысшылар, инженерлер, менеджерлерге деген қажеттілігін анықтау;
- еңбек нарығын талдау және бейімдеу;
- кәсіпорын қызметкерлерінің мансабын, олардың кәсіби және өкімшілік өсуін жоспарлау;
- өндірістік үдерістерді ұйымдастыру, еңбек шығындарын талдау, әр түрлі топтардағы персонал саны арасындағы тиімді қатынасты бекіту;
- еңбек өнімділігін басқару;
- еңбекақы төлеу жүйесін жобалау;
- кәсіпорынның әлеуметтік саясатын жасау және жүзеге асыру дау-жанжалдан сақтану және болдырмау.

Персоналды басқару әдістері – бұл ұйымның алға қойған мақсаттарына жету үшін басқарушылық объектіге әсер ететін әдістердің жиынтығы.

Кәсіпорынның персонал қызметі – кәсіпорынды басқару шеңберінде таңдалған саясат бойынша басқаруға бел буған қызметтегі тұлғалармен қоса арнайы құрылымдық бөлімшелердің жиынтығы.

Персонал қызметінің функциялары, құрылымы және мәселелері экономиканың даму сипатымен, өндіріс алдында тұрған мақсаттар мен мәселелерді орындауда персоналдың атқаратын рөлін кәсіпорын басшылығының түсінуімен тығыз байланысты.

Бүгінде отандық кәсіпорындардың кадрлар бөлімінің қызметі жұмыс күшін жалдау, жұмыстан босату, іс-қағаздарын жүргізу, оқытуды ұйымдастыру, персоналдың біліктілігін жоғарылату және қайта даярлау жұмыстарымен шектеледі.

Кадрлар бөлімдері персоналдық жұмыстардың әдістемелік те, ақпараттық та, үйлестіруші де орталығы емес. Олар құрылымдық жағынан еңбекті ұйымдастыру және жалақы төлеу, еңбек қорғау, қауіпсіздік техникасы, құқық бөлімдері, персоналды басқару функцияларын орындайтын бөлімдерден бөлектендірілген.

Персоналды жалдау және есепке алуды басқару ішкі жүйесі персоналды жалдауды ұйымдастыру, персоналмен әңгіме өткізу, бағалау, іріктеу және қабылдауды ұйымдастыру, орын ауыстыруды, марапаттау мен жұмыстан шығаруды есепке алу, персоналды кәсіби бағдарлау және ұтымды пайдалануды ұйымдастыру, жұмыспен қамтуды басқару, персоналды басқару жүйесін іс-қағаз жүргізу жұмысымен қамтамасыздандыру.

Персоналдың дамуын басқарудың ішкі жүйесі оқыту, қайта даярлау, жаңа жұмыскерлердің бейімделуі және қызметке орналасуы, бос қызмет орындарына үміткерлерді бағалау, шығармашылық іс-әрекеттерді ұйымдастыру, іскерлік мансап пен қызметтік- кәсіптік сатымен жоғарылатуды жүзеге асыру, кадрлар резервімен жұмысты ұйымдастыру сияқты жұмыстарын атқарады.

Кәсіпорынды еңбек ресурстарымен қамтамасыз ету мен оны қолдану тиімділігінен барлық жұмыстың көлемі мен құрал жабдықтарды, машиналарды, механизмдерді қолдану деңгейіне байланысты болады, осының себебінен өнім өндіру көлемі оның өзіндік құны, таза табыс және т.б. экономикалық көрсеткіштері өзгеріп отырады.

Кәсіпорынның еңбек ресурстарымен қамтамасыз етілуін нақты кезеңдегі қызметкерлер санын, категориясын, мамандығын жоспар бойынша қажеттілікпен салыстыру арқылы анықталады. Көбінесе кәсіпорындарды аса маңызды, қажетті мамандармен қамтамасыз ету мәселесін талдауға көп назар аударылады.

Жеке көрсеткіштердің ішіндегі ең басты көрсеткіш еңбек өнімділігі. Еңбек өнімділігі дегеніміз-азықтық шамасының жанды еңбек шығынына қатынасы.

Еңбек өнімділігі-ол нақты еңбектің өнімділігі, уақыт бірлігіне белгілі азық санын өндіру. Еңбек өнімділігінің негізгі көрсеткіштерін көрсете кетейік: ауыл шаруашылығының еңбек өнімділігі - 1 адам/сағатына есептегендегі жалпы өнім.

- жалпы өнімнің нақты немесе ақшалай көріністегі көлемінің сипатталуы:

$$E_0 = \frac{ЖӨ}{Т}, \quad (48)$$

орташажылдық бір жұмысшыға есептелінетін жалпы өнім көлемінің ақшалай бағалануы:

$$E_o = \frac{\text{ЖӨ}}{P}, \quad (49)$$

бір өнімге өнімнің еңбексыйымдылығынан (Θ_{ec}) жұмыс уақытының шығындарын (адам/сағ) алып тастайық (τ)

$$\Theta_{ec} = \frac{\tau}{\text{ЖӨ}}, \quad (50)$$

Еңбек өнімділігін арттыру үшін жанды еңбектің үлесін азайту қажет, ал жандының үлесін көбейту үшін, еңбектің жалпы салмағы, өнімнің бір өлшемі азаюы тиіс.

Пайдалануға ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Ниязбекова Р.Қ., Рахметова Б.А., Байнеева П.Т. «Кәсіпорын экономикасы». Оқу құралы, Алматы, «Экономика», 2008 жыл. 288 – 363 беттер.
2. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, Алматы, «Юрист», 2009 жыл.
2. Үмбетәлиев А., Керімбек Ғ. «Кәсіпорын экономикасы және кәсіпкерлік». Алматы, «Бастау», 2002 ж. 95 – 105 беттер.
3. Малғараева Ж.Қ., Қалықова Б.Б., Саяпыл Ә., Итекеева Г.Қ. «Экономикалық теория негіздері». Оқу құралы, Алматы, «Агроуниверситет», 2006 жыл. 74 – 75 беттер.
4. Коваленко Н.Я. «Экономика сельского хозяйства». Москва, «Экмос», 1998 168 – 189 беттер.
5. Попов Н.А. «Экономика сельского хозяйства». Москва, «Экмос», 1999 109 -112 беттер.
6. Абдилдин С.Ә. «Агробизнесіті ұйымдастыру». Алматы, 2001жыл. 267-279 беттер.
7. Ниязбекова Р.Қ., Рахметова Б.А., Байнеева П.Т. «Персоналды басқару» дәріс, тәжірибелік жинағы, Алматы, «Экономика», 2007 жыл. 288 – 363 беттер.

8. Қайырбаева А.Е. «Кәсіпорын экономикасы». Оқу құралы, Алматы, «Нұр-принт», 2007 жыл. 46-54 беттер

Бақылау сұрақтары:

1. Еңбек ұғымына анықтама беріңіз.
2. Еңбек ресурстарына кімдер жатады?
3. Жұмыссыздық ұғымын қалай түсінесіз?
4. Жұмыссыздық категориясы міндетті болуы тиіс пе?
5. Персонал ұғымын қалай түсінесіз?
6. Персоналды басқару дегеніміз не?
7. Персоналды басқару әдістері дегеніміз не?
8. Кәсіпорынды еңбек ресурстарымен қалай қамтамасыз етуге болады?
9. Ұйымдағы персоналды басқарудың ішкі жүйелері?
10. Кәсіпорынды еңбек ресурстарымен қалай қамтамасыз етуге болады?

Экономикалық тренинг

1. Негізгі категориялар

Еңбек, еңбек ресурстары, нарық, тауар, еңбек нарығы, жұмыссыздық, тұрғындар жұмысбастылығы, персонал, персоналды басқару,

2. Сол жақтағы беттен оң жақтағы беттегі анықтама сәйкестігін анықтаңыз

Еңбек жеке кәсіпорын, халық шаруашылығының өрісі немесе оның территориялық бірлігі ауқымында қоғамдық өндіріске қатысатын жеке жұмыскерлердің жиынтығы.

Еңбек ресурстары бұл тауар өндіру, қызмет көрсету кезінде пайдаланылатын адамдардың дене күші мен

ойлау қабілеттерін және оны іске асыра білу.

Жалдамалы қызметкерлер

өндіріс құралы жоқ, өздерінің жұмысқа қабілеттілігін басқаға сату арқылы өмір сүретін адамдар.

3. Дұрыс – дұрыс емес

3.1. Кәсіпорынның персонал қызметі – кәсіпорынды басқару шеңберінде таңдалған саясат бойынша басқаруға бел буған қызметтегі тұлғалармен қоса арнайы құрылымдық бөлімшелердің жиынтығы.

3.2. Кәсіпорынның персонал қызметі – қоғамдағы аса ауыр экономикалық және әлеуметтік қайшылық.

3.3. Кәсіпорынның персонал қызметі – бұл адамдардың жеке сапаларының күрделі жиынтығы, оның ішінде әлеуметтік – психологиялық қасиеттері басты рөл атқарады.

4. Дискуссиялық сұрақтар

4.1. ҚР еңбек нарығы өзінің қызметін қажетті деңгейде жүргізеді ме?

4.2. Мотивация қажет фактор ма?

4.3. ҚР жұмыссыздық мәселесін қалай шешуге болады.?

III. Кәсіпорын қызметінің экономикалық механизмі

8. Еңбекақы төлеу

8.1 Еңбек мотивациясының формалары және мәні

Кәсіпкерден талап ететін маңызды мәселе – жұмыскердің мотивациясын ерекше дамыта отырып, оны ынталандыру әдісін толығымен пайдалана білу.

Кәсіпкердің мақсаты – еңбек өнімділігі мен өнім сапасын арттыру. Кейбір батыстық кәсіпорында қолданылатын жүйе бойынша еңбекақы үш бөлікке бөлінеді:

- еңбек пен қызмет міндеттерін атқарғаны үшін, кәсіпорындағы барлық қызметкерлерге бірдей еңбекақы төленеді;
- қызмет еткен жылдары мен күн көріс құнының өзгеру факторына сәйкес белгіленеді;
- әр қызметкер үшін жеке есептелінеді, ол алдыңғы жұмыс кезеңінде қол жеткізген нәтижесіне сай алынады.

Еңбек мотивациясы – бұл жұмыскерлердің еңбек ету арқылы қажеттіліктерді қанағаттандыруға деген ұмтылысы.

Американдық әлеуметтанушы А. Маслоудың қажеттіліктер иерархиясы туралы теориясына сәйкес адамға керек қажеттіліктердің бес деңгейін бөліп, көрсетуге болады:

- 1) негізгі физиологиялық қажеттіліктер (тамақ, демалыс, баспана), оларды қанағаттандырудың негізгі құралы – ақша;
- 2) қауіпсіздікке деген қажеттілік (өмірді, денсаулықты сақтау, ертеңгі күнге, денсаулыққа деген сенімділік);
- 3) әлеуметтік бірлікке деген қажеттілік (ұжымға сіңуі, әріптестерінің қадірлеуі);
- 4) сыйластыққа және өзіне деген сыйлауға қажеттілік (кәсіпорын үшін өзінің қажеттілігін сезіну);
- 5) өзін – өзі көрсетуге, өзін жетілдіруге деген қажеттілік (өзінің қабілеттерін ашуға, дамуға ұмтылыс).

Дж. Адамстың ұйғаруынша, адам мотивациясына едәуір дәрежеде оның ағымдағы іс әрекеті мен нәтижесін өткен уақытпен, басқа адамдардың жетістіктерімен салыстыра отырып, әділ бағалау күшті әсер етеді.

Э. Локтың көз қарасында адамдар ұйым мақсатын өзінің жеке мақсаты деп қабылдап, осы жұмыс бойынша мақсатқа жетуге тырысады.

Еңбекті ынталандыру дегеніміз қажетті жағдайларды жасауды білдіреді. Сонын нәтижесінде еңбек іс әрекеті алдын ала анықталынған нәтижелерін береді. Ынталандырудың мақсаты – адамдардың жұмыс қарқынын арттыруға ықпал жасап қана қою емес, еңбек қатынастарында көрсетілген талаптардың ұтымды орындалуына ықпал ету.

Адам факторын белсендіруге бағытталған, адам іс–әрекет мотивациясының қазіргі заманғы тұжырымдамаларының бірі Д. Макгрегордың тұжырымдамасы. Онда: адамның жалқаулығын, жұмыстан қашуға тырысатындығын, адамдарды жұмысқа мәжбүрлеу керектігін, олар өздерін басқарғанын қалайтынын, олардың жауапкершілікті қаламайтынын, өзгерістерге шыдамайтынын, оларға сенуге болмайтынын көрсеткен.

8.2 Еңбекақы жүйелері және оның нысандары

Жалақы – бұл ұйым қызметкерге өзіне жүктелген міндетті орындағаны үшін белгілі бір мерзімде төленетін ақшалай өтемақы. Әрбір қызметкердің жалақы деңгейі әрбір жұмыс орнының салыстырмалы (ұйым ішінде) құндылығы мен оның абсолюттік құндылығын сәйкестіндіру арқылы және осы негізде қызметтік еңбекақы жүйесін құрумен анықталады.

Жұмыс орнының топтастырылуы осы ұйымдағы олардың әрбірінің салыстырмалы құндылығын анықтаудан тұрады. Жұмыс орны топтастырылуының кең тараған әдістері.

- Жұмыс орнының маңызына қарай бөлу-қызметтік нұсқауларды эмприкалық талдау жолымен әрбір жұмыс орнына белгілі бір дәреже бекітіледі.
- Разрядтар жүйесін жасауда-әрбір жұмыс орнына, қызметтік нұсқауларды қанағаттандыратын сипаттамаға сәйкес разряд бекітіледі.
- Балдар жүйесінде-ұйымдағы әрбір жұмыс орнын сипаттайтын түйінді факторлар анықталады.

Кәсіпорын қызметкерлерінің өндірістік тәртібін, ынтасын алда тұрған стратегиялық мәселеге жетуге бағыттап отырады, басқа сөзбен айтқанда қызметкердің материалдық қызығушылықтарын ұйымның стратегиялық мәселелерімен біріктіру өтемақы жүйесінің негізгі мағынасы болып табылады.

Еңбекке мерзімдік ақы төлеу екі бағытта жүргізіледі:

- жәй мерзімді;
- мерзімді – сыйлықтық.

Жәй мерзімді жалақыны анықтаудың үлгісі:

$$ЖА_{жм} = m \times T \quad (26)$$

Мұнда: $ЖА_{жм}$ – жәй мерзімді жалақы;

m – қызметкерлердің разрядына сәйкес (күндік) сағаттық тариф ставкасы, тг;

T – өндіріс барысында нақты атқарылғаны, (сағат, күн).

Мерзімді – сыйлықтық жалақы былайша анықталынады:

$$ЖА_{мс} = m \times T (1 + P + kn \setminus 100) \quad (27)$$

Мұнда: $ЖА_{мс}$ – мерзімді–сыйлықтық жалақы;

P – белгіленген көрсеткіштердің орындалғаны үшін тарифтік ставкаға және сыйлық беру шарттарына қарай сыйақы мөлшері, %;

k – белгіленген көрсеткіштердің асыра орындалғанына және сыйлық беру шарттарының әрқайсысына пайызға шаққандағы сыйлық мөлшері, %;

n – белгіленген көрсеткіштердің асыра орындалғаны үшін сыйлық беру шарттары, %.

Стратегиялық мәселелерде табысқа жетуге қажетті мамандарды тарту үшін ұйымдар еңбек нарығында өзара бәсекеге түседі. Сондықтан ұйымға керекті қызметкерлер санатына қолданылатын өтемақы жүйесі бәсекеге түсуге қабілетті болуға тиіс.

Өтемақы қызметкерлерді ұйымдар үшін қажетті іс-әрекеттер жасауға бейімделуі тиіс. Өнімділік, шығармашылық, тәжірибе және кәсіпорын философиясына берілгендік сияқты адами сапалары өтемақы жүйесі арқылы ынталандырылуы керек.

Өтемақы жүйесі бір жағынан, ұйымдағы әрбір қызметкерге жақсы түсінікті, екінші жағынан әкімдік етуге болуы қажет, яғни оның үздіксіз қызмет атқаруын қамтамасыз ететін материалдық және еңбек ресурстарының оншалықты көп болуын талап етпеуі керек.

Өтемақының дәстүрлі жүйесі. Өтемақының дәстүрлі жүйесі қызметкердің ұйымнан алатын өтемақысы екі элементтен негізгі (жалақы немесе еңбекақы) және қосымшадан – тұратынын көрсетеді және олар белгілі бір ұзақ мерзім ішінде тұрақты болады.

Әр түрлі өтемақы әдістері әрбір жұмыс орынның салыстырмалы құндылығының мүмкіншілігіне дәрежесін дәл анықтауға мүмкіндік береді.

Еңбек нарығы туралы ақпарат жинау әдістерінің кең тараған түрі, жалақы деңгейін анықтауға мүмкіндік беретін еңбек нарығында орын алған өтемақы бейнесін анықтайтын шолу жасау болып табылады.

Жұмыс орнының салыстырмалы және абсолюттік құндылықтарын теңеудің нәтижесі шолу нәтижесінде анықталған қызмет үшін төленетін еңбекақы шамасы мен қызметтің өзі бағаланатын балдардың қосындыларымен салыстыру арқылы табылады.

Өтемақының дәстүрлі жүйесінің негізі болып табылатын жалақыға, қосымша ретінде қазіргі заман ұйымдар өзінің қызметкерлеріне едәуір жеңілдіктер түрін ұсынады. Мұндай жеңілдіктер қатарына барлық қосымша қызмет көрсетулер немесе төлемдер, медициналық сақтандыру, өмірді сақтандыру, материалдық көмек, қосымша демалыс, тегін тамақ, кәсіпорын автокөлігін пайдалану, ем алу орталығында демалу және т.б. жатады.

Жеңілдіктер – қызметкерлердің өмір сүру деңгейін жоғарылататын қызмет көрсетуді алуға құқық беру түрінде ұйым жұмыскерлеріне берілетін өтемақының бір бөлігі.

Ауыспалы жалақы жүйесі. Өтемақының дәстүрлі әдістеріне қарағанда, ауыспалы жалақы жүйесінің ерекшелігі жұмыскердің

алатын өтемақы деңгейі ұзақ мерзімге тұрақты болмайды, әр түрлі факторлардың әсерінен, бірінші кезекте жұмыстың нәтижелеріне байланысты өзгеріп тұады.

Кең қолданылатын көптеген ауыспалы жалақы жүйелері бар, олардың ішіндегі ең белгілісі *кесімді жалақы* болып табылады.

Кесімді еңбекақының артықшылығы – еңбек нәтижелері мен сыйақы мөлшері арасында тікелей байланыстың барлығы.

Кесімді жалақының ерекше түрлеріне комиссиялық немесе сауданы ынталандыру жүйелері жатады.

Өткізу бөлімінің қызметкерлерін ынталандыру негізінде қарапайым қағида жатыр, яғни өткізу көлемі мен сыйақы мөлшері арасында тікелей тәуелділік орнатылған.

Ерекше жетістіктерге жеткенде қолданылатын марапаттаудың бір түрі-сыйақы төлеу. Сыйақы дамыған елдерде дәстүрлі өтемақы жүйесінің мына екі түрлі кемшілігін болдырмау құралы ретінде үлкен танымалдыққа ие болуда:

- Қызметкердің жұмыс нәтижесі мен марапаттау шамасының арасындағы байланыстың аздығы
- Жеке жұмыскердің төлемақы мөлшері мен бүкіл ұйым мен бөлімшенің іс-әрекет нәтижелері арасында тікелей байланыстың болмауы.

Жұмыскерге өз жұмыс орнында оның қызметтік міндеттемелерін атқарғаны үшін, кәсіпорын мақсаттарын орындауда қосқан үлесі үшін төленетін қосымша ақыны жеке сыйақы деп атайды.

Қазіргі уақытта сыйақы мөлшерін анықтаудың кең тараған әдістерінің бірі-«жоспарланған сыйақы мөлшерін жеке жылдық жоспардың орындалу пайыз мөлшеріне көбейту» арқылы табылады.

Белгілі бір өндірістік тапсырмаларды ұжым орындаған жағдайда бөлімше қызметкеріне бірыңғай жалақы қорынан жалақы төленеді. Ұжымдық жалақыны бөлу бригада мүшелерімен жүзеге асады. Бөлудегі кең қолданылатын әдістердің бірі-еңбекке қатысу коэффициенті (ЕҚК), жалпы нәтижеге жетудегі әр кісінің үлес дәрежесін көрсететін коэффициент және сол бойынша бригаданың әрбір мүшесіне ЕҚК тағайындау арқылы оның ұжымдық жалақыдан алатын еңбекақы үлесін анықтайды.

Қызметкердің жеке сыйақысын бүкіл ұйым іс-әрекетінің нәтижесімен, алға қойылған мақсаттардың орындалу дәрежесімен байланыстыру үшін ұйым жұмысының қортындысы бойынша сыйақы тағайындалады.

Қызметкердің білімі туралы төлем жүйесін енгізетін ұйым үшін жұмыскерлерді марапаттайтын «білімдерді» анықтау маңызды мәселе болып отыр. Оларды таңдауды жүзеге асыруға керек болатын қоғамдық сипаттамаларын және стратегиялық даму мәселелерін бағалау олардың негізі болып саналады.

Басшылар біліктілігіне мыналар жатады: проблеманы шешу немесе әсер ету.

Бүгінде адамның жұмыс орнындағы мінез-құлқына ақшалай емес марапаттау факторлары үлкен әсерін тигізеді. Қызметкердің уәждемесі мен өнімділігі қандай жағдайда, қандай құрал-жабдықтарда, қандай ұжымда жұмыс істейтіне, жұмыс орнына өзінің ой өрісін қаншалықты пайдалана алатындығына, оның шешім қабылдауға және адамдарды басқару мүмкіндігіне байланысты. Қоғамның дамуымен қатар осы материалдық емес факторлардың маңызы, олардың әлеуетті жұмыскерлер үшін тартымдылығы күшейе түсуде, демек жұмыскердің ұйыммен барлық қатынастарын қамтитын «біліктілік пакеті» тұжырымдамасын енгізу керек деушілер күннен күнге артып келеді.

Пайдалануға ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Ниязбекова Р.Қ., Рахметова Б.А., Байнеева П.Т. «Кәсіпорын экономикасы». Оқу құралы, Алматы, «Экономика», 2008 жыл. 374 – 447 беттер.
2. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, Алматы, 2009 жыл.
2. Үмбетәлиев А., Керімбек Ф. «Кәсіпорын экономикасы және кәсіпкерлік». Алматы, «Бастау», 2002 ж. 105 - 115 беттер.
3. Коваленко Н.Я. «Экономика сельского хозяйства». Москва, «Экмос», 1998 168 – 189 беттер.
4. Попов Н.А. «Экономика сельского хозяйства». Москва, «Экмос», 1999 109 -112 беттер.
5. Абдилдин С.Ә. «Агробизнесті ұйымдастыру»,., Алматы, 2001жыл. 267-279 беттер.

6. Ниязбекова Р.Қ., Рахметова Б.А., Байнеева П.Т. «Персоналды басқару». дәріс, тәжірибелік жинағы, Алматы, «Экономика», 2007 жыл. 288 – 363 беттер.
7. Мейірбеков А. Қ., Әлімбетов Қ. Ә. «Кәсіпорын экономикасы». Оқу құралы, Алматы «Экономика» 2003ж. 109 – 116 беттер.
8. Қайырбаева А.Е. «Кәсіпорын экономикасы». Оқу құралы, Алматы, «Нұр-принт», 2007 жыл. 55-59 беттер

Бақылау сұрақтары:

1. Жалақы дегеніміз не?
2. Өтемақы дегенді қалай түсінесіз?
3. Еңбек өнімділігіне анықтама беріңіз.
4. Өтемақы түрлерін атаңыз.
5. Ұйымдағы нақты жұмыс орнына сәйкес келетін және ақшалай түрдегі еңбекақының шамасы (апталық, айлық, жылдық).
6. Ұйым қызметкерлеріне қызмет көрсетулерді пайдалану түріндегі, олардың өмір сүру деңгейін жоғарылататын өтемақы бөлігі
7. Қызметкерлерге берілетін өтемақының көлемі тұрақты емес, керісінше оның көлемі жұмыс нәтижесіне, бөлімше немесе бүкіл ұйым жұмысының нәтижесіне байланысты өзгеріп отыратын марапаттау жүйесі.
8. Марапаттау көлемі қызметкерлердің орындаған жұмысының көлеміне байланысты болатын өтемақы жүйесі.
9. Жеке қызметкерлерді марапаттау көлемі топ жұмысының нәтижесімен анықталатын өтемақы жүйесі.
10. Кәсіпорын өндірістік қуатты жоғарылатуға ұмтылғанда пайдаланатын және көп мөлшерде өнім бірлігін сатуға бағытталған комиссиялық сыйақыны анықтау тәсілі.

Экономикалық тренинг

1. Негізгі категориялар

Кәсіпорын, қызметкерлер, өндірістік тәртіп бұл не? стратегия, табыс, мамандар, еңбек нарығы, өтемақы, ұйымдар, өтемақының дәстүрлі жүйесі, еңбек, еңбек ресурстары, жалақы, жұмыс, еңбек ақы төлеу, жеңілдіктер, кесімді жалақы, басшы, жұмыскер.

2. Сол жақтағы беттен оң жақтағы беттегі анықтама сәйкестігін анықтаңыз

Өтемақы

бұл ұйым қызметкерге өзіне жүктелген міндетті орындағаны үшін белгілі бір мерзімде төленетін ақшалай өтемақы.

Жалақы

қызметкерлердің өмір сүру деңгейін жоғарылататын қызмет көрсетуді алуға құқық беру түрінде ұйым жұмыскерлеріне берілетін өтемақының бір бөлігі.

Жеңілдіктер

қызметкерлерді ұйымдар үшін қажетті іс-әрекеттер жасауға бейімделуі тиіс

3. Дұрыс – дұрыс емес

3.1. Жұмыскерге өз жұмыс орнында оның қызметтік міндеттемелерін атқарғаны үшін, кәсіпорын мақсаттарын орындауда қосқан үлесі үшін төленетін қосымша ақыны жеке сыйақы деп атайды.

3.2. Жұмыскерге өз жұмыс орнында оның қызметтік міндеттемелерін атқарғаны үшін, кәсіпорын мақсаттарын орындауда қосқан үлесі үшін төленетін қосымша ақыны марапаттау деп атайды.

3.3. Жұмыскерге өз жұмыс орнында оның қызметтік міндеттемелерін атқарғаны үшін, кәсіпорын мақсаттарын орындауда қосқан үлесі үшін төленетін қосымша ақыны ұжымдық сыйақы деп атайды.

4. Дискуссиялық сұрақтар

4.1. Егер болашақта сізге мүмкіншілік туса еңбек ақы төлеу үдерісіне қандай өзгеріс енгізер едіңіз?

4.2. Егерде сіз кәсіпорын басшысы болған жағдайда қалай еңбек өнімділігін арттырар едіңіз?

4.3. Зейнеткерлік қорлардың жұмыс істеу механизміне қандай ұсыныс жасар едіңіз?

9. Кәсіпорынның инвестициялық және инновациялық саясаты

9.1 Инвестицияның экономикалық мазмұны және оның түрлері

ҚР–да инвестицияны пайдалану «Қазақстан Республикасының инвестициялар» заңына сәйкес жүргізіледі. Бұл заң 2003 жылы қаңтарда қабылданған. Осы заңға сәйкес инвестициялар – бұл ақша қаражаттары, арнаулы банктік ақша қаржылары, жарна, акция және басқа да құнды қағаздар; технологиялар, машиналар, құрал жабдықтар; лицензиялар.

Инвестиция – ол рыноктық экономикалық категория. Инвестиция дегеніміз – өнеркәсіп ашу үшін белгілі бір өнім өндіріп, пайда табу үшін ұзақ уақыттық мерзімге арналып жұмсалған шығындардың жиынтығы. Сонымен қатар оған мынандай да түсініктеме беруге болады.

Инвестиция дегеніміз – инвестициялар заңды тұлғаның жарғылық қорына және активтерді ұлғайту кәсіпкерлік қызмет атқару мақсатында салатын барлық мүлдіктік құны немесе негізгі және айналым капиталын өндіріс барысында сатып алуға ұзақ мерзімді салым.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасының экономикасында инвестициялар жүйесінде 98,2 % негізгі және айналым капиталға арналған инвестицияларға келеді.

Қазақстанда негізгі капиталға жұмсалған инвестициялардың технологиялық құрылымындағы құрылыс–монтаждау жұмыстарына жұмсалған инвестициялардың үлес салмағы 42-39%, жабдық, аспап, құрал–сайманға жұмсалған инвестициялардың үлес салмағы 25-35% болды.

Жалпы инвестицияның екі түрі бар:

1. Қаржылық инвестициялар – құнды қағаздарды сатып алуға және өндіріске мақсатты бағыт ақша салуға жұмсалатын бөлігі.

2. Нақты инвестициялар – капитал айналымын ұлғайту немесе негізгі капиталды қайта өндіру мақсатында салынуын айтамыз.

Инвестициялар ЖҮӨ–нің ең маңызды және өзгермелі компоненттерінің бірі. Қашанда болмасын құлдырау кезінде тауарлар мен қызметтерге шығын қысқарады. Бұл қысқарулардың көп бөлігі инвестициялық шығындар көлемінің құлдырауына қатысты.

Инвестициялық шығындардың 3 типі ерекшеленеді:

1. Кәсіпорынның негізгі қорына инвестициялар. Кәсіпорынның өздерінің өндірістік қызметіне пайдалану үшін алынған ғимарат және құрылыс, құрал жабдықтар саналады.

2. Тұрғын үй құрылысының инвестициялары – бұл тұру үшін алынған үйлерге, сондай – ақ жалдап тұруға берілген үйлерге шыққан шығындарды қамтиды.

3. Сақтық қор инвестициялары – фирмалардың сақталуға қолданылатын фирмаларын өндірістің ішкі шикізаттар мен материалдарды бітпеген өндіріс пен материалдарды қамтиды.

Кәсіпорынның инвестициялық қызметі бұл кәсіпорынның шаруашылық қызметінде маңызды роль атқарады. Ол өзіне тән заңдылықтармен дами отырып, өзіндік логикаға ие объективті үдеріс. Себебі инвестициялар өзінің экономикалық табиғатты жағынан болашақта табысқа жету үшін ағымдағы тұтынудан бас тартуды білдіреді. Инвестициялық үдеріс кәсіпорынның жоспарын анықтаудан басталады. Бұған төмендегі факторлар әсер етеді:

- кәсіпорынның өмір сүру цикілінің сатылары;
- жалпы даму стратегиялары;
- инвестициялық ресурстардың ішкі және сыртқы нарықтарының жағдайы;
- құралдардың салу объектісі ретіндегі кәсіпорынның инвестициялық тартымдылығы.

Кәсіпорынның инвестициялық стратегиясы ұзақ мерзімді мақсаттарға бағытталуы керек және сәйкес инвестициялық жобалар мен бағдарламаларды іріктеу арқылы ағымдағы шаруашылық қызмет.

Кәсіпорынның әр түрлі кезеңдеріндегі нақтыланған ұзақ мерзімді мақсаттары ретінде келесілер болуы мүмкін:

- 1) белгіленген нормалар;

- 2) пайда көлеміне жету;
- 3) нарыққа бақылау жүргізу үлесі;
- 4) сауда айналымын ұлғайту арқылы көлемді өсіру;
- 5) жаңа өнім өндіру;
- 6) өндіріс шығындарын төмендету үшін тозған қондырғыларды ауыстыру;
- 7) қоршаған ортаны қорғау.

9.2 Инвестициялық бизнес жоспарлау мен, оның негізгі ережелері

Қазақстандық инвестициялардың тәжірибесінде бизнес жоспары, инвестициялық жоба түсініктері қолданылуда. Бизнес - жоспар – бұл кәсіпкерлік іскерлікпен байланысты басқарушылық шешімдерді кешенді жүйесі түрде түсіндіре отырып, алдыға қойылған мақсаттарға ішкі және сыртқы жағдайларды объективті түрде бағалайтын, мақсаттарға жету үшін қажет ресурстарды анықтайтын бизнеске тартылған барлық қатысушыларға дәлелдеме жасайтын құжат.

Бизнес жоспарлар барлық мүдделі тұлғалар мен ұйымдарға іскерлік ақпараттарды жеткізуге арналған құжат. Бизнес жоспары жаңа өндірістік қуат құру арқылы немесе өндірісті жаңарту, оны техникалық қайта қамсыздандыру негізінде, жаңа өнім шығаруда сырттан қаржы көздерін тартумен байланысты ұзақ мерзімді шешімдерді негіздеуге қолданылады. Бизнес жоспарды жасаушылар алдында тұрған негізгі міндет инвесторларды тарту. Бизнес жоспарын алдымен жобаның табыс бөлігімен, одан кейін шығын бөлігімен қалыптастыра отырып, қаржыландыру мүмкін болатын ұйымдастырушылық құқықтық мүмкіншіліктер есепке алына отырып, тиімділікті есептеуі қажет.

Бизнес жоспар:

- 1) Өндірілетін өнім сипаты
- 2) Өнімді өткізу нарығы
- 3) Бәсекелестер
- 4) Маркетинг жоспары
- 5) Өндіріс жоспары
- 6) Өндірісті ұйымдастыру
- 7) Заңдық жоспар

- 8) Қаржылық жоспар
- 9) Қаржыландыру жоспары
- 10) Резюме
- 11) Қосымшалар

Жалпы бизнес жоспарды құрудағы инвестицияларға қажеттелік компанияның алдындағы мақсаттарға қол жеткізу үшін қажет қосымша қаражаттарды бағалау.

Барлық есептеулер мен болжамдар сомасы мұқият құжатталып қаржы бөліміндегі сәйкес болуы тиіс.

Жобаның инвестицияны тартумен байланысты инвестициялық жоба деп аталады.

Жоба бұл белгілі бір мақсатқа жетелейтін кәсіпорынның іскерлігін өзгерту жайлы арнайы ұсыныс. Ол екі түрге бөлінеді:

1. Тактикалық жобалар шығарылатын өнім көлемінің өзгеруімен, өнім сапасын жоғарылатумен және қондырғыларды жаңартумен байланысты.

2. Стратегиялық жоба

3. Жобалаудың цикл кезеңдері:

1. Жобаның тұжырымдалуы немесе идентификациялануы.

Кәсіпорынның жетекшілерінің кәсіпорынның ағымдағы жағдайына талдау жасауы. Талдау жасай отырып әрі қарай дамуының пайдалы бағыттарын анықтау.

2. Жобаны дайындау – жобаның бизнес идеясы.

Тексерімнен өткеннен кейін оның оң және теріс екендігі туралы шешім қабылдануы тиіс. Бұл кезеңде жобаның барлық бағыттарында коммерциялық, техникалық, экономикалық т.б. нақтылаумен жетілдіру қажет.

3. Жобаны сараптау

Жобаны жүзеге асыру алдында оны білікті сараптамасын, жобаның өмірлік цикілін анықтау керек. Егер кәсіпорынның инвестициялық жобасын өз ақша құралдары көмегімен іске асыруды жоспарламаса, онда жобаның негізгі жағдайларының дұрыстығын тексеру үшін сараптама қажет.

4. Жобаны іске асыру

Бизнес идеяның дамуынан бастап, жобаның іске қосылу мезетіне дейін толық қамтиды, бұның мақсаты бастапқы инвестицияны жабу үшін жоба өндіретін ақша ағымдарының

жеткізілетіндігін тексеру және инвесторлардың салған ақшаларына күтетін қайтарымдарын қамтамасыздандыру.

5. Нәтижені бағалау

Жобаның соңында сондай ақ орындау үдеріс кезінде жүргізіледі. Бұл қызмет түрінің мақсаты жобаға салынған идеялар мен олардың іс жүзіндегі орындалу дәрежесі арасындағы нақты кері байланысты алу болып табылады.

Инвестициялық жобалардың түрлері:

- тұрақты масштабтағы бизенстің табиғи жалғасуы ретінде ескірген құралдарды ауыстыру;
- ағымдағы өндірістік шығындарды азайту мақсатында;
- өнімді шығаруды арттару және қызмет көрсету нарығын кеңейту;
- жаңа өнім шығару мақсатында кәсіпорынды кеңейту;
- экологиялық жүгі бар жобалар.

9.3 Инвестицияның іс әрекетін бағалау

Инвестициялық талдаудың құрамдас бөлігі іс әрекеттің тиімділігін бағалау болып табылады. Инвестициялардың тиімділігін бағалау әдістері екі топқа бөлінеді:

1. Қарапайым немесе статистикалық;

2. Дисконттау әдістері;

Қарапайым немесе статистикалық:

1.1. Өтімділік мерзімі

1.2. Табыстың қарапайым мөлшері

1.3. Дисконтталған өлшемдері

1.4. Ағымдағы таза құндылық

1.5. Табыстылық индексі

1.6. Табыстың ішкі мөлшері

1.7. Пайда мен шығын қатынасы

1.8. Жобаларды салыстыру

1.9. Инфляцияның инвестициялық тиімділігінің бағасына әсері

1.10. Ең төменгі құн өлшемі бойынша шешім қабылдау

Инфляциялық өтімділік мерзімі – бұл таза түсімнің бастапқы салымдарының орнын толтыруын күтетін кезең (мұнда таза түсім шығындарды шегеріп тастағандағы ақшалай түсімді білдіреді). Егер ақша түсімі бірқалыпты болмаса, онда әрбір жоспарлау интервалы үшін бастапқа шығындар мен таза табыстар қалдығы теріс болғанша шегеріліп отырады.

Табыстың қарапайым мөлшері – бұл әдіс бойынша есептелетін шама рентабельділік коэффициентіне ұқсас және бір жоспарлау интервалы аралығында инвестициялық шығындардың қандай бөлігі табыс түрінде қайтарылатынын көрсетеді. Табыс мөлшерінің есептік шамасын табыстың минималды және орташа деңгей салыстыру негізінде инвестициялар берілген инвестициялық жобаны әрі қарай талдау мақсаты туралы қорытынды жасайды.

Дисконтталған өлшемдері – ақшаның уақытша құнын есептеу механикасына негізделген өлшемдерді дисконттау өлшемдері дейміз. Өлшемдерді есептеуде пайыздың қойылымдар түсінігі қолданылады. Оның түсінігіне инфляция, тәуекел және ақшаны пайдаланудың баламалы мүмкіншілігі қолданылады.

$$r = IR + MRR * RI \quad (28)$$

мұнда :

IR – инфляция қарқыны;

MRR – минималды нақты табыс мөлшері;

RI – нақты капитал салымына түсетін табысты алу тұрақсыздығы немесе инвестициялық тәуекелді дәрежесін есепке алатын коэффициент.

Инвестициялық жобалау тәжірибесінде қазіргі кезде жобаның тиімділігін бағалаудың төмендегі дисконтталған өлшемдері қолданылады.

1. Ағымдағы таза құндылық;
2. Табыстылық индексі;
3. Пайданың шығындарға қатынасы;
4. Жоба табыстылығының ішкі мөлшері;
- 5 Өтімділік мерзімі;

Ағымдағы таза құндылық

$$MPV = \frac{B_1 - C_1}{1+r} + \frac{B_2 + C_2}{(1+r)^2} + \dots + \frac{B_t + C_t}{(1+r)^t}; \quad (29)$$

Мұнда:

MPV – шешім қабылдайтын тұлғалар

V_1 - жоба пайдасы

C_1 – жоба шығындары

r – дисконттау өлшемі

Ағымдағы таза құндылықты анықтай отырып, тиімді жобаларды таңдауымыз тиіс, егер ағымдағы таза құн теріс болса, онда ақша құралдарын пайдалану тиімсіз болады.

Табыстылық индексі

$$PI = \frac{MPV}{C_0} \quad (30)$$

PI – табыстың индексі;

MPV – ағымдағы таза құндылық;

C_0 – бастапқы шығындар;

Табыстың ішкі мөлшері – бұл ағымдағы таза құндылық пен табыстылық индексі есептеу барысында пайыз қойылымын таңдау арқылы оның көлемін инфляция қарқынын балама мүмкіншіліктерді және инвестициялық тәуекелділік дәрежесін айқындайды.

Пайда мен шығын қатынасы – дисконтталған пайда ағымының дисконтталған шығын ағымына бөлген бөлімі:

$$B \setminus C = \frac{\sum_{T=1}^T \frac{B}{(1+r)^T}}{\sum_{T=1}^T \frac{C_0}{(1+r)^T}} \quad (31)$$

Бұл өлшем табыс индексі өлшемдерінің жеке жағдайы болып табылады. Егер пайды шығын қатынасы бірліктен үлкен болса, онда жоба табыстылығы минималды қажеттіліктен жоғары және жоба тартымды деп саналады.

Жобаларды салыстыру – инвестордың дұрыс шешім қабылдауы балама жобаларды салыстыруға негізделеді. Инвестициялық жобаларды тиімділік мөлшері кез келген үлгілері сияқты белгілі шарттарға негізделеді.

Инфляцияның инвестициялық тиімділігінің бағасына әсері. Инфляция әсерін талдау 2 оңтайлы нұсқа үшін келтірілуі мүмкін:

1. Ресурстардың жекелеген құрамдас бөліктері бойынша инфляцияның әртүрлі қарқыны

2. Шығындардың әртүрлі құрамдас бөліктері үшін инфляцияның бірдей қарқыны

Нақты жағдайда бірінші нұсқа таза мән әдісі түрінде қолданылады. Бірақ шығын мен табыс құрамы және дисконт көрсеткіштері жылдар бойынша күтілетін инфляция қарқынына сәйкес дұрысталады.

Екінші нұсқа шегінде инфляция әсері ерекше сипатты иеленеді. Инфляция есептеуде табысталатын салдарға, аралық мәндерге көңіл аударылады, бірақ қорытындысы жобаға әсер етпейді.

Ең төменгі құн өлшемі бойынша шешім қабылдау. Ақшалай табысты есептеу қиын немесе мүмкін емес инвестициялардың жобалары бар.

9.4 Аграрлық инвестиция

Инвестиция инвесторлар заңды тұлғаның жарғылық қорына және активтерді ұлғайтуға кәсіпкерлік қызмет атқару мақсатында салатын барлық мүліктің құны немесе негізгі және айналым капиталын өндіріс барысында сатып алуға ұзақ мерзімді салым.

Агралық инвестицияның дамуына 4 бағыт әсер етеді:

1. Тозған, ескірген жабдықтарды ауыстыру.

2. Жаңа технологияны енгізу, өнімділігі жоағры технологияны сатып алу.

3. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру көлемін ұлғайту.

4. Жаңа өндіріс түрлерін дамыту.

Инвестициялар пайдалану мақсаты мен мерзіміне байланысты 4-ке бөлінеді:

1. Кеңейту инвестициялары – жаңа негізгі капиталдар салу және айналым капиталдарын кеңейтуге шығарылған шығындар.

2. Жаңарту инвестициялары – істегі негізгі капиталдың қайта қалпына келу мақсатындағы шығындар.

3. Тікелей инвестициялар – инвестицияның шетел кәсіпорындары мен компанияларға салым салуы және ол компаниялар салым салу қызметін бағалау құқығына ие болады.

4. Қорытынды инвестициялар – шетел кәсіпорындарының акциялар, облигациялар және басқа да құнды қағаздарынан пайда табу.

Күрделі салымдардың ауыл шаруашылығында пайдалану бағыттары:

1. Өндірістік және өндірістен тыс объектілерге салым салу.
2. Қысқа мерзімді инвестициялар.
3. Трактор, комбайн, көлік құралдары және басқа ауыл шаруашылығы машиналарын сатып алу.
4. Өнім беретін және жұмыс малының негізгі табысын қалыптастыру.
5. Жүзімдіктер, баубақшаларды егу.
6. Жерді жақсарту шараларын жүргізу.
7. Істегі өндірістерді кеңейту және жаңа өндірістерді салу.

Нарықтық жағдайларда күрделі салымдардың деректі көздері кәсіпорынның өз құралдары болып табылады.

Оларға: негізгі өндірістен түсетін пайда, амортизациялық төлемдер, экономикалық ынталандыру қоры, басқа да кәсіпорынның құралдары жатады.

Сырттан алынатын күрделі салымдардың деректі көздері: банктер несиесі, АҚ мүшелерінің салымдары, акциялардан түсетін қаржы.

Ауыл шаруашылығы инвестицияларын талдау шаралары:

1. Кәсіпорынның нақтылы инвестицияларын анықтау.
2. Нақтылы ақша көлем төленетін соманы белгілеу.
3. Инвестициялық жылда кіретін кірісті бағалау.
4. Банкт несиесінің пайыз ставкасын бағалау.
5. Қазіргі кезде қажет ақша мөлшерін келесі жылдарда түсетін таза пайда мөлшерін салыстыра отырып есептеу.
6. Инвестицияның нұсқауын таңдау.

Капиталда тауардың дисконттық құнына, яғни болашақ табыстар еселенген құн дисконттық құн деп аталады.

1. Егер әр жылда түсетін табыс мөлшері бірқалыпты бола, онда былай есептеледі:

$$D_0 = O / (1+П)/X \quad (32)$$

D_0 – капитал тауардың дисконттық құны

O – кәсіпкердің жылына алатын табысы

П – банктің жылдық пайыз ставкасы

X – табыстан түсеін жылдың саны

2. Егер әр жылда түсетін табыс мөлшері өзгеріп отырса, онда дисконттың құны төмендегідей есептеледі:

$$D_0 = O_1 / (1+П) + O_2 / (1+П)^2 + O_n / (1 + П)^n \quad (33)$$

Инвестицияны тиімді пайдалану көрсеткіштері:

1. Инвестицияның өтелу мерзімі

$$\Theta_M = I / П \quad (34)$$

2. Инвестицияның жалпы экономикалық тиімділігі

$$\Theta_T = T \Theta / I \quad (35)$$

3. Инвестицияның пайда бойынша экономикалық тиімділігі:

$$\Theta_P = П / I \quad (36)$$

4. Инвестицияның өтелу деңгейі:

$$\Theta_D = \frac{П}{I} \% \quad (37)$$

5. Күрделі салымды пайдалану тиімділігі бойынша көрсеткіштер:

1. Ауыл шаруашылығы саласы бойынша

$$\Theta_{a/ш} = \frac{T \Theta}{\text{Күрделі салым}} \quad (38)$$

2. Таза пайда бойынша анықталатын эт

$$\Theta_P = \frac{П}{КС} \quad (39)$$

3. Пайда бойынша есептелетін экономикалық тиімділік

$$\Theta_P = П / КС \quad (40)$$

4. Жаңа салынып жатқан объектілер бойынша есептелетін экономикалық тиімділік

$$\Theta_{ж.к.} = \frac{Б - \Theta}{КС} \quad (41)$$

Б – кәсіпорынның көтерме бағасы бойынша есептілік шығарған өнімі;

Ө – бір жылғы өнімнің өзіндік құны;

Қозғалмайтын мүлік – бұл әлемнің барлық елдерінің ұлттық байлығының негізгі бөлігі. Ол әлемдік байлықтың 50 пайызын құрайды. Қозғалмайтын мүлік маңызды экономикалық ресурс болып табылады. Сондықтан қозғалмайтын мүлікті тиімді басқару арқылы оны дұрыс бағалау және қозғалмайтын мүлікке инвестицияны салу бағытында дұрыс шешім қабылдаған жағдайда мемлекеттегі экономикалық жетістіктен шығуға болады.

Нарықтық құрамды бөлігінің негізгі объектісі – бұл қозғалмайтын мүлікті инвестициялау. Қозғалмайтын мүлікке жер, ғимарат т.б. жатады.

Қозғалмайтын мүлікті бағалау – бұл барлық құрылысты, үйлер мен ғимараттарды және жер учаскелерін бағалау болып табылады. Қозғалмайтын мүлік объектілеріне мыналар жатады: үйлер, ғимараттар, көп жылдық екпе ағаштар, аяқталмаған құрылыс.

Қозғалмайтын мүлікті бағалау үшін 3 түрлі көзқарас қажет:

1. Шығындық; 2. Табыстылық; 3. Салыстырмалы.

Шығындық тәсілді қолданудың мақсаты – жер учаскелерін сатып алуға кеткен, оның қоғамдандырылуы және құрлысына кеткен шығындарды айқындау.

Шығындық тәсілді қолдану мынадай жағдайларда қажет:

1. Жаңа құрылысты талдағанда;

2. Жерді пайдалану нұсқасын анықтағанда;

3. Үйлер мен ғимараттарды қайта қалпына келтіруде;

4. Салық салуды бағалауда;

5. Мүлікті бағалауда. Табыстылықтың жоғары деңгейін анықтауда;

6. Сақтандыруды бағалау мақсатында;

7. Табиғи апат салдары;

8. Арнайы үйлер мен ғимараттарды бағалауда;

Табыстылық деңгейі – бұл қозғалмайтын мүліктің құнын өзінің жеке пайдасына ағымдағы келтірілген есеп негізінде жүргізіледі. Қозғалмайтын мүлік иесіне мынадай табыс түрлерін әкелуі мүмкін:

1. Ағымдағы ақшалай түсімдер;

2. Салықтардың түрін аз төлеу;

3. Жалгерлік ақыдан алынатын табыс;

4. Қозғалмайтын мүлікті қайта сатудан құнның өсімінен қайта түсетін табыс.

ҚР – ның алданда тұрған басымды міндеттердің бірі әлемдік шаруашылық жүйесінде интеграциялау болып табылады.

Тұрақты саяси жағдай табиғат ресурстарының бай қоры шетел капиталын тарту сыртқы экономикалық байлықтары дамыту үшін ұмтылыс болып табылады.

Шетел капиталы кәсіпкерліктің дамуы үшін жаңа инфрақұрылым құру экспорттың базасын дамытуға бәсекеге қабілетті өнім шығару мақсатында экономикадағы жаңа құрылымды қайта құрылуды жүзеге асыруда шетел капиталын тартудың негізгі мақсаттары мыналар:

1. Экономиканы инвестициялық ресурстармен қамтамасыз ету.
2. Алдыңғы қатарлы технологияларды тарту. Өндірісті басқару мен ұйымдастырулардың прогрессивті формасын енгізу.
3. Қазақстанның халықаралық еңбек бөлінісіне қатысуын әлемдік шаруашылық жүйесінде, экономикалық интеграциялау процесінде белсенділікті күшейту.
4. Қазақстан экономикасын экономикалық ынтымақтастық шетел инвестицияларымен қамтамасыз ету.

9.5 Шетелдік инвестиция

Шетелдік инвестицияларды тартудың негізгі мақсатын жүзеге асыру процесінде келесідей маңызды экономикалық және әлеуметтік экономикалық мәселелер шешіледі:

1. Экономикаға құрылымды қайта құруларға және нарықтық қытнастардың дамуына ықпал етеді.
2. Өндірістегі бәсекелестік ортаны дамыту.
3. Экспорттық потенциалды тиімді дамуы мен жоғарылауына оның шикізаттың бағытталуын қамтамасыз ету. Экспорттық экспанцияны күшейту және оның сыртқы нарық позициясын нығайту.
4. Өндірістің ғылыми - техникалық деңгейі жоғарылайды және жаңа техника мен технология, тұрмыспен басқару әдістерінің негізінде бәсекеге қабілеттілі

5. Өндірістік немесе өндірістік емес тұтынуға дйындықтың жоғарғы дәрежедегі өнімдерді шығарумен байланысты техникалық циклдердің қалыптасуы.

6. Дегрессивті - дамуы төмендеген шалғай немесе экономикалық нашар аудандардың дамуына әсер етеді. Жаңа жұмыс жұмыс орындары пайда болады.

Қарастырылып отырған іс шаралардың мәні – бұл инвестициялар шетел инвесторлары үшін ҚР да инвестициялық климат құрумен болашағы бар және тұрақты шетелдік инвестицияларды іздеумен оларды капиталын өндірістің басым салаларына бағыттау.

Қойылған міндеттерді шешу үшін келесі шарттар қажет:

1. Қазақстан экономикасына шетелдік инвестицияларды тарту мүмкіндігін негіздеу.

2. Олардың меншігін кепілдеріне құқықтарын қорғау.

3. Тәуекелділікті минималдау немесе заң тұрғысында нығайтумен қалыптастыру.

4. Тікелей және портфельдік инвестициялардың ағылуы үшін ынталандыруды қалыптастыру.

5. Шетелдік инвестицияларды реттеудің тұрақты құқықтарын қалыптастыру.

Шетелдік капиталды тарту саясатын жүргізген кезде келесі принциптерді басшылыққа аламыз.

Шетелдік инвестициялар дегеніміз – бұл ҚР – сы территориясында кәсіпкерлік қызметте шетел капиталын салу б.т. , яғни шетелдік капитал

Бұл азаматтардың құқықтық объектілері түрінде шетелдік инвесторларға қатысты, оның иесінде ақша қаражаттары мен басқа да мүліктерді мүліктік құқығымен интеллектуалды қызмет нәтижесіне ақшалай баға беру құқығы болып табылады.

Шетелдік инвестицияларға қажеттілік жобаның мақсатына байланысты. Мысалы, соңғы кездері ҚР – да берілген несиелер бюджет тапшылығын шешетін категория ретінде қарастырылса, әлемдік қаржылық нарықта Қазақстан негізінен несие алушы мемлекет. Тікелей инвестициялар шетелдік фирмаларда тек қана қосымша көздері ішкі капиталды қаржыландыру бағытында ғана емес, сонымен қатар жаңа дамыған технологияны ендірумен сыртқы нарықта өндіріс жүйесін қаржыландырудың инвестициялар

жаңа көзі болып табылады. Шетелдік инвестициялар жаңа өндірістің қалыптасуына, оның тез арада іске қосылуына әсер етеді.

Шетелдік инвестициялар 2 түрге бөлінеді:

1. Тікелей – отандық кәсіпорындарды бақылау арқылы шетелдік инвестициялар тарту.
2. Портфельдік – мұнда инвестордың тек қана табысты көздеп, ал кәсіпорынның жұмысына қызығушылық танытпайды.

ҚР – на шетелдік инвестицияны тарту мынадай әлеуметтік экономикалық мәселелер шешуін табу қажет:

1. Қазақстанның ғылыми техникалық әлеуетін жаңғырту.
2. Отандық тауарларды сыртқы нарыққа шығару.
3. Жаңа жұмыс орындарын ашу және өндірісті ұйымдастырудың ілгерілемелі үлгілерін ендіру.
4. Өндірістік инфрақұрылым дамуына әрекет ету.

Шетелдік инвестицияның отандық экономикаға әсері:

1. Мемлекеттік өзара үлгідегі инвестиция немесе мемлекеттік қарыз;
2. Қазақстандық кәсіпорындарға акционерлік капитал салымын ұйымдастырудағы инвестициялар;
3. Бағалы қағаздарға салынатын ұйымдардағы инвестициялар;
4. Шетелдік инвестициялар;
5. Лизингтік несиелер.

9.6 Инновацияның мәні, үлгілері, оны жүзеге асыру шарттары

Инвестицияның тиімді бағыты – инновация. Инновация – ғылымның және озық тәжірибенің жетістіктерін қолдану арқылы техника, технология, еңбекті ұйымдастыру және басқару жүйесіне қолданылатын жаңалық, жаңаша жұмыс істеу.

Заңнама бойынша «инновация – нарықта сатылатын жаңа немесе жетілдірілген өнім, іс жүзінде пайдаланылатын жаңа немесе жетілдірілген технологиялық үдеріс түріндегі ең соңғы нәтижесі».

Инновациялық іс әрекетті басқару ұзақ уақыт бойы зерттеген жағдайда ғана табысты болмақ. Инновацияны саралаудың сан алуан әдістері бар.

Инновацияның саралануы

Белгілері	Инновация түрлері
1.Енгізілген өзгерулердің тереңдігіне қарай	Радикалдық. Жақсартушы. Жалған инновация.
2. Технологиялық көрсеткіштері бойынша	Өнімдік. Үдерістік.
3.Нарық үшін жаңалық түрлері бойынша	Әлемдік сала үшін жаңа. Ел ішіндегі сала үшін жаңа. Осы кәсіпорын үшін жаңа.
4.Орнын басушылығы бойынша	Орыны басушы. Күнін жоюшы. Кеңейтуші.
5.Қамту аймағы бойынша	Жергілікті. Жүйелік. Стратегиялық.
6.Нарыққа шыққан аймағы бойынша	Көшбасшы инновациялар. Ізбасар-инновациялар.

Радикалдық инновация – бұрын соңды белгісіз болған немесе мәлім болатын, алайда өнімділігі, бағасы жағынан алғанда сипаттамасы едәуір жақсарған қасиеттерге ие өнімдер, үдерістер немесе қызмет түрлері.

Өнімдік инновация – өндіріске немесе нарыққа технология жағынан жаңа немесе жетілдірілген өнімдерді ендіруді қамтиды.

Үдерістік инновация – технологиялық жаңа немесе едәуір жетілдірілген өндірістік әдістерді әзірлеп, ендіруді қамтиды.

Инновациялық үдеріс деп идеяның іргелі және қолданбалы зерттеулер, тәжірибе – конструкторлық және технологиялық өңдеулер, маркетинг, өндіру және сату кезеңдерінен өте келе біртіндеп коммерциялық өнімге айналу үдерісін айтамыз. Оның үш логикалық түрін ажыратамыз:

- қарапайым ұйымышілік (табиғи);
- қарапайым ұйымаралық (тауарлық);
- кеңейтілген.

Жұмыс істеп тұрған кәсіпорын болсын немесе жаңадан құрылған кіші инновациялық компания болсын, олар инновацияны тиімді түрде жүзеге асыру үшін, оны іске асыруға жағдай жасайтын белгілі бір жағдайлар қажет.

Пайдалануға ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Есполов Т.И., Белгібаев Қ.М., Сүлейменов Ж.Ж. «Экономикалық теория негіздері». Оқу құралы, Алматы, «Агроуниверситет», 2009 жыл. 178 – 186 беттер.
2. Әлжанова Н.Ш. «Инвестициялық жобалау». Оқу құралы, Алматы, «Қазақ университеті», 2006 жыл. 5 – 11 беттер.
3. Орлова Е.Р. «Инвестиции». Курс лекции, Москва, «Омега-Л», 2003г. 3-62 беттер.
4. Қазақстан Республикасының Инвестициялар туралы заңы, 7 қаңтар 2003 жыл.
5. Коваленко Н.Я. «Экономика сельского хозяйства». Москва, «Экмос», 1998 251 – 269 беттер.
6. Абдилдин С.Ә. «Агробизнесі ұйымдастыру». Алматы, 2001жыл. 306-310 беттер.
7. Ниязбекова Р.Қ., Рахметова Б.А., Байнеева П.Т. «Кәсіпорын экономикасы». Оқу құралы, Алматы, «Экономика», 2008 жыл. 455 – 523 беттер.
8. Мейірбеков А. Қ., Әлімбетов Қ. Ә. «Кәсіпорын экономикасы». Оқу құралы, Алматы, «Экономика» 2003ж. 151 – 166 беттер.
9. Жиделова В.В., Каптеин Ю.Н. «Экономика предприятия». Учебное пособие, Москва «Инфарм», 2005г. 51-55 беттер.
10. Қайырбаева А.Е. «Кәсіпорын экономикасы». Оқу құралы, Алматы, «Нұр-принт», 2007 жыл. 60-73 беттер

Бақылау сұрақтары:

1. Инвестиция дегеніміз не?
2. Инвестицияның түрлерін атаңыз.
3. Инвестициялық шығындардың қанша типі ерекшеленеді?
4. Кәсіпорынның әр түрлі кезеңдеріндегі нақтыланған ұзақ мерзімді мақсаттары қандай?
5. Инвестициялық жоба ұғымына анықтама беріңіз.

6. Жобалаудың цикл кезеңдерін атаңыз.
7. Инвестициялардың тиімділігін бағалау әдістері қанша топқа бөлінеді?
8. Инвестициялық жобалау тәжірибесінде қазіргі кезде жобаның тиімділігін бағалаудың қандай дисконтталған өлшемдері қолданылады?
9. Инфляцияның инвестициялық тиімділігінің бағасына әсерін қалай анықтауға болады?
10. Инвестицияның жалпы экономикалық тиімділігін қалай анықтайсыз?

Экономикалық тренинг

1. Негізгі категориялар

Кәсіпорын, инвестиция, инновация, инновациялық саясат, қаржылық инвестициялар, нақты инвестициялар, инвестициялық қызмет, инвестициялық шығын, бизнес – жоспар, инвестициялық жоба, тактикалық жоба, стратегиялық жоба, ағымдағы таза құндылық, табыстылық индексі, табыстың ішкі мөлшері, жобаларды салыстыру, инфляция, инвестициялық тиімділік, қозғалмайтын мүлік.

2. Сол жақтағы беттен оң жақтағы беттегі формула сәйкестігін анықтаңыз

Дисконтталған өлшемдері

$$\text{Эж.к.} = \frac{B - \Phi}{KС}$$

Жаңа салынып жатқан
объектілер бойынша
есептелетін экономикалық тиімділік

$$\text{Эп} = П/КС$$

Пайда бойынша есептелетін
экономикалық тиімділік

$$r = IR + MRR * RI$$

3. Дұрыс – дұрыс емес

3.1. Инвестиция – инвесторлар заңды тұлғаның жарғылық қорына және активтерді ұлғайтуға кәсіпкерлік қызмет атқару мақсатында салатын барлық мүліктің құны немесе негізгі және айналым капиталын өндіріс барысында сатып алуға ұзақ мерзімді салым.

3.2. Инвестиция – инвесторлар заңды тұлғаның жарғылық қорына және активтерді ұлғайтуға кәсіпкерлік қызмет атқару мақсатында салатын барлық мүліктің құны немесе негізгі және айналым капиталын өндіріс барысында сатып алуға қысқа мерзімді салым.

3.3. Инвестиция – инвесторлар заңды тұлғаның жарғылық қорына және активтерді ұлғайтуға кәсіпкерлік қызмет атқару мақсатында салатын барлық мүліктің құны немесе жер және материалдық ресурстарды өндіріс барысында сатып алуға салынған ұзақ мерзімді салым.

4. Дискуссиялық сұрақтар

4.1. Біздің мемлекетімізде инвестиция ең алғаш қай салаға салынды?

4.2. Қазіргі уақытта шет елдік инвестициялардың ағымы қандай?

4.3. Не себепті ауыл шаруашылығына инвестиция тарту қиындық туғызуда?

10. Өнімді өткізу және өндіріс шығындары

10.1 Өндірістік шығындар түсінігі, түрлері, ерекшеліктері

Кез келген тауарды өндіру үшін белгіленген мөлшерде қаржы жұмсалуды тиіс. Өндірістік шығын дегеніміз – тауар өндірушінің белгілі бір тауар өндіру үшін материалдық – заттай және ақшалай жұмсалған қаржысы. Әңгіме осы қаржыны кімнің жұмсағанына келіп тіреледі. Қоғам тұрғысынан алып қарағанда тауарларды өндіруге жұмсалатын шығындар (тірі және затталған, қажетті және қосымша) еңбектің толық шығындарына тең болады. Кәсіпорын тұрғысынан алғанда әңгіме басқаша болады.

Жұмсалған шығындардың иесіне қарай, өндірістік шығындар мынадай екі түрге бөлінеді:

қоғамдық өндіріс шығындары.

жеке кәсіпорны (фирма) шығындары.

Қоғамдық өндіріс шығындары үш элементтен тұрады:

- жаңа өндірілген өнімнің құнына көшірілген өндіріс құрал-жабдықтар құнының бөлігі;
- қажетті еңбек арқылы жасалынған қосымша құнның бір бөлігі;
- қосымша еңбек арқылы жасалынған қосымша құнның екінші бөлігі $T+\Theta+ҚҚ$ (T -тұрақты капитал; Θ – өзгермелі капитал; $ҚҚ$ -қосымша құн).

Қоғамдық өндіріс шығыны осы үш элементтен тұрады, оны тауардың құны деп атайды. Ал, кәсіпорны (фирманың) шығындарын анықтағанда көзқарас басқаша болады. Рынок кезінде әрбір кәсіпорын еркіндік алып, ерекшеленген өз еркі бойынша өмір сүреді. Осыған байланысты өнеркәсіп шығыны қоғамдық өндіріс шығынынан оқшауланған, яғни бөлініп шыққан. Сондықтан, кәсіпорын шығыны бірінші екі элементтен тұрады $T+\Theta$.

Өндіріс орнының немесе жеке кәсіпорынның экономикалық ерекшеленуіне байланысты өндіріс шығындарының құрамына оның, яғни кәсіпорынның өз шығыны ғана жатады. Сөйтіп, қоғамдық шығынға қарағанда кәсіпорын шығыны ерекшелене түседі. Кәсіпорын шығыны тауар өндіруге жұмсалған қоғамдық өндіріс шығынының, қоғамдық еңбектің тек бір бөлігі болып табылады. Осыған байланысты, кәсіпорын шығыны қоғамдық құннан қалай ажыратылады дейтін заңды сұрақ тууы мүмкін. Кәсіпорын шығыны құннан сан бойынша ажыратылады. Кәсіпорынның немесе фирманың өндіріс шығыны дегеніміз – тауар өндіру үшін экономикалық ресурстарды сатып алу үшін жұмсалған шығындар. Басқаша айтқанда, шығындар – өндірістің сатып алынған факторларының төлемі. Жеке кәсіпорындарда, фирмаларда өндірілген өнім көлеміне байланысты өндірістік шығындар мынадай топқа бөлінеді:

- тікелей және жанама шығындар;
- сыртқы және ішкі шығын;
- тұрақты және өзгермелі шығын, жалпы шығын;
- қысқа және ұзақ мерзімді шығын,
- экономикалық, бухгалтерлік және трансакциялық шығындар.

1. Тікелей шығын. Тауар өндірушінің өнім өндіруге тікелей жұмсаған қаржысы. Экономика теориясының пәні мұндай шығынды өнімнің өзіндік құны деп атайды.

Жанама шығын. Жанама шығынға денсаулық сақтау, білім

беру, спорт, тұрғын үй және коммуналдық, сақтандыру орындарына жұмсалатын шығындар жатады. Мұндай шығындар көбінесе мемлекет тарапынан бөлінеді де, олардың негізгі мақсаты – ауылда тұратын адамдардың күнделікті тұрмыс жағдайына және жұмыс орындарына қолайлы жағдай жасау болып табылады. Шығынның негізгі көзі – халықтан жиналған салық пен ренталық төлемдер.

2. Сыртқы шығын. Бұл тауар өндірушінің немесе өнеркәсіптің жұмыскерді жалдауға, шикізат, жанармай, тұқым, жем-шөп, минералдық тыңайтқыштарды сатып алу үшін және пайдаланған электр энергиясы үшін жұмсайтын төлемдері.

Ішкі шығын. Бұл кез келген кәсіпорындардың өзінің ресурстарын пайдалану арқылы өнім өндіруі. Өзіндік ресурстар төлемсіз пайдаланылады.

3. Тұрақты шығын. Өндірілген өнімнің көлеміне тәуелсіз шығындар, яғни қандай да бір жағдайларда болсын жұмсалатын қажетті шығындар. Бұларға жататындар: амортизация (өтелім), ренталық төлемдер, сақтандыру жарналары, күзету шығындары.

Өзгермелі шығын. Бұл шығындардың көлемі өндірілген өнімге тікелей тәуелді, байланысты. Мұндай шығындарға шикізат, қажетті материалдар, жұмысшыларға төлейтін жалақы жатады. Өзгермелі шығындар – өндіріс көлемінің өзгеруіне байланысты шығындар болып табылады.

Жалпы шығын. Тұрақты және өзгермелі шығындардың қосындысы. Ол – тауар өндіруге жұмсалған барлық шығындардың жиынтығы. Жалпы шығындар дегеніміз – ол тұрақты және өзгермелі шығындар. Өнімнің бір данасына жұмсалған жалпы шығындар **орташа шығындар** деп аталады.

4. Қысқа мерзімді шығын. Өнім өндірудегі өндіріс процестеріне тікелей байланысты осы жыл ішіндегі шығындар. Мұндай шығындардың өсуі немесе азаюы өндірілген өнімнің көлеміне тікелей байланысты.

Өндіріс қуатын пайдалану дәрежесі мен ішкі заттың сатып алу шығыны бірқалыпта сақталған жағдайда, өнім көлемі өссе, өзгермелі шығын тиісінше өсіп, ал тұрақты шығын өнімнің әрбір центнерге шаққандағы мөлшеріне кемиді.

Ұзақ мерзімді шығындардың мақсаты – осы фирманың немесе кәсіпорынның болашақтағы стратегиялық дамуына байланысты,

мәселен 2010, 2020, 2030 жылдарға арналған стратегиялық дамуы.

Рынок экономикасына тән тағы бір өндіріс шығынының түрі бар, ол *шектеулі* немесе *қосымша* шығын (предельные издержки производства). Мұндай шектеулі шығынның түрі фирманың немесе жеке кәсіпорынның ұзақ мерзімді стратегиясын жасағанда қолданылатын шығын. Өнімді өсірген, көбейткен кездегі тауардың бір өлшеміне қолданылатын шығындар, яғни бір центнерге, болмаса бір тоннаға шаққандағы шығындар.

Шектеулі шығындардың мөлшері көбінесе өзгермелі шығындардың өсуі арқылы анықталады, ал тұрақты шығындар өзгермейді. Шектеулі шығындардың мөлшері тек өзгермелі шығынның өсуіне ғана байланысты. Орташа шығындар – бұл өнімнің бір данасына жұмсалған жалпы шығындар. Орташа шығынмен шектеулі шығынды салыстыру арқылы жеке кәсіпорындар немесе фирмалар өздерінің өндірісін басқару және тиімді мөлшерде өнім өндіру үшін өте қажетті мәліметтер алады.

Бухгалтерлік шығындар – бұл өнімнің белгілі бір санын өндіру үшін жұмсалатын өндіріс факторларының сатып алу бағасы бойынша шығынын қарастырады. Бухгалтерлік шығын дегеніміз – ашық шығын мен ресурстарды сатып алуға жұмсалатын шығын. Бірақ, бірдей ресурстарды әр түрлі баламалы мақсаттар үшін пайдалануға болады. Сондықтан жіберіп алынған *мүмкіндіктер шығыны* немесе *баламалы шығындар* болады. Мысалы, кәсіпкер станок (білдек) өндірісін ұйымдастыра отырып, ауылшаруашылық машиналарын шығару мүмкіндігін және осыған байланысты пайданы босқа жіберіп алуы мүмкін.

Баламалы шығындар – ресурстарды пайдаланудың мүмкін болатын баламалы әдісінің ең тиімдісін қолданғанда алуға болатын ақша мөлшері.

Қазіргі батыс экономистері шығындарды шаруа адамы тұрғысынан қарастырады. Олар, кәсіпкер барлығынан, сонымен қоса, шығындардан да табыс күтеді деп есептейді. Осы негізде, олар шығындарға тәуекел үшін төлем ретінде пайданы кіргізеді. Олардың теориясында орташа әдеттегі пайдадан тұратын өндіріс шығындары экономикалық шығындар деп аталады. Кейбір оқулықтарда экономикалық шығындарды айқындалған және айқындалмаған шығындар деп есептейді. Фирманың салыстырмалы өндіріс көлемі бойынша шешім қабылданғанда есепке (ойға)

айқындалмаған шығындар алынбауы мүмкін.

Трансакциондық шығындар. Трансакциондық шығындар тауарлардың айналыс сферасында болуына байланысты орын алады. Мұндай шығындардың мәні мынада: шаруашылықты ұдайы ұлғаймалы принциптерінде дамыту үшін, яғни өндіріс, бөлу, айырбас, тұтыну талаптарына байланысты дамыту үшін тиісті материалдық шығындар қажет. Мұндай шығындарды экономикалық теорияда рыноктық механизмнің жағдайында, трансакциондық шығын деп атайды.

Экономикалық теорияда трансакциондық шығындардың мынадай типтерін атап көрсетеді:

- тауар бағалары туралы мәліметтерді іздестіру;
- тауарды айырбастау, шарттық-келісім мәміле жасасу, әр түрлі әрекеттерді іске асыру жайларын анықтау келіссөздеріне жұмсалған шығындар;
- меншікті қорғау құқығы үшін, заң жүйесі арқылы құқықтық режимді қорғау сияқты шығындар.

10.2 Табыс, пайда ұғымдары және түрлері

Ауыл шаруашылығына қатысты өндірістің көлемі сала бойынша толығымен немесе жеке шаруашылық бойынша ауыл шаруашылығы өнімінің құнымен жалпы және тауарлы болып сипатталады.

Жалпы өнімге (кейде оны жалпы өнім, жалпы айналым немесе жалпы түсім) жыл ішінде өндірілген өнім қосылады. Қазіргі уақытта жалпы өнім құны нарықтық (ағымды) бағалар бойынша есептелінеді, ал кеңес үкіметі кезінде салыстырмалы бағалар бойынша есептелінетін.

“Жалпы өнім құны-капиталды өндіруде авансталған және тұтынылған, тұрақты және ауыспалы құнға, сонымен қатар қосылған құн, ол пайда мен рентаға айналады».

Соңғы жылдары экономисттер соңғы өнім категориясын ұсынуда, қайта есептеуден босатылған жалпы өнімді ұсынады. Соңғы өнімнің шамасы мына төмендегі формуламен анықталынады:

$$K_{\text{пр}} = C_1 + V + m \quad (42)$$

мұнда: C_1 - құралдарды”, үйлер мен ғимараттардың өтелімді құны;
 $V+m$ - жаңа алынған құн, таза өнім (немесе ұлттық табыс).

Республикамызда жалпы ауыл шаруашылығы бойынша жалпы өнім құны анықтамасының қажетті көрсеткіші. Ал кәсіпорын үшін өзінің табысы мен шығынын білу қажет, сонда қайта есеп жүргізу қажеттілігі туындамайды. Халықаралық қаржылық есеп беру стандартында, пайда іс-әрекеттің тиімділігі ретінде немесе басқадай өлшеу негізі үшін, инвестицияларға немесе акцияларға пайда түрінде жиі қолданылады. Пайданы өлшеумен байланысты тікелей элементтер, табыс пен шығын. Табыстар мен шығындарды мойындау, оларды өлшеу, сонымен қатар пайдалар кейбір жағдайда капиталдың ұстанымына және капиталды қолдауға барлық компанияларда қаржылық есепті құру кезінде қолданылады.

Табыс-бұл ағымдағы кезеңде экономикалық тиімділіктің өсуі, яғни ол түсу үлгісінде немесе активтердің өсімімен немесе міндеттердің азаюы арқылы капиталдың көбеюімен, компания иелерінің жарналарына қатыссыз болуы.

Табыс ұғымының анықтамасы түскен түсім, сонымен қатар негізгі қызметтен алынған табыс ұғымдарынан тұрады. Түсім шаруашылықтың әдеттегі іс-әрекетінің үдерісінен туындайды және әр түрлі ұғымдармен, оның ішінде: сату көлемі, сыйақы, пайыздар, дивиденттер, роялти және жалгерлік ақы түсіндіріледі.

Негізгі қызметтен емес алынған табыстар басқадай статьялардан тұрады, табыс анықтамасына жауап беретін, шаруашылықтың әдеттегі іс-әрекеті үдерісінде болуы немесе болмауы мүмкін. Экономикалық өсімнің тиімділігін өз табиғатына байланысты түсімнен айыра алмаймыз.

Негізгі емес қызметтен түскен табыстарға мыналар жатады: негізгі құралдарды өткізуден алынған табыстар, анықтау өткізілмеген табыстар. Мысалы: нарықта бағалы қағаздарды қайта бағалау кезінде немесе ұзақ мерзімді активтердің баланстық құнының өсуінен табыс пайда болды. Мұндай табыстарды мойындау кезінде есеп беруде пайда мен зиян әдетте жеке ұсынылады. Себебі: олар туралы ақпарат экономикалық шешім қабылдау үшін пайдалы. Осындай табыстар есеп берулерде сәйкес келмейтін шығындар да жиі көрініс табады. Активтердің әр түрпаттары табысты алу жолымен алынуы немесе өсуі мүмкін.

Бұларға: ақшалай қаражаттар, дебиторлық қарыздар, тауарлар мен қызметтер, қызметтерге айырбасталынып алынған, қойылған тауарлар. Табыс міндеттемелерді реттеу нәтижесінде пайда болуы мүмкін. Мысалы: шаруашылықтардың тауарлары мен қызметтерін кредиторға несиенің қалған бөлігін төлеу міндеттемесі бойынша ұсынуы мүмкін.

Шығындар анықтамасы зиян ұғымын, сонымен қатар шығындар, шаруашылықтың жәй қызметінің үдерісінде пайда болады. Соңғы жылдары шығындарға: сату кезіндегі өзіндік күн, төлем ақы және өтем ақы жатқызылуда. Олар әдетте жылыстаудың үлгілерін немесе активтердің тозуын, оның ішінде ақшалай құралдардың немесе негізгі құралдар мен қорлардың баламасы.

Шығындарға басқадай статьялар жатады. Шығындар анықтамасына сәйкес келетін, әдетте шаруашылық қызметінің үдерісінде болуы мүмкін немесе болмайды. Зияндар экономикалық тиімділіктің азайғандығын сипаттайды. Табиғаты жағынан басқадай шығындардан айырмашылығы жоқ.

Зияндарға сонымен қатар, ысыраптар жатады. Олар: табиғи апаттың, өрт және су алу, негізгі құралдарды өткізуден болады. Шығындар анықтамасына жабылмаған зиян, шаруашылықта несие қатынасына байланысты валютаны айырбастау курсының өсу нәтижесіне байланысты туындайды. Есеп беруде зияндарды мойындаған жағдайда пайдалар мен зияндар туралы, олар әдетте жеке көрсетіледі. Себебі: олар туралы ақпарат экономикалық шешім қабылдауға пайдалы. Зияндар көбінесе есеп беруде сәйкес табыстарды алып тастау арқылы көрініс табады.

Табыс пен шығынның айырмашылығы пайда болып табылады. Пайда - ауыл шаруашылығы өндірісіндегі жұмыстар тиімділігінің маңызды көрсеткіші. Пайданың өсуі кәсіпорынның қызметінде өзін-өзі қаржыландыруда қаржылық негізді тудырады. Кәсіпорынның иелері мен жұмысшылардың материалдық және әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыру, ұлғаймалы ұдайы өндірісті игеру осы пайданың көлеміне байланысты.

Ауыл шаруашылығында пайданың негізгі түрі барлық шаруашылықтар қызметінің жиынтығын сипаттайтын баланстық пайда болып табылады. Ол ауыл шаруашылығы өнімін өткізу нәтижесінде алынған соманы, қызмет көрсетумен тауарлық өнімнің өзіндік құнын және көрсетілген қызметті білдіреді.

Экономикалық категория ретінде пайда таза табысты сипаттайды, ол материалдық өндіріс жүйесінде жасалынған және бірнеше қызметтерді орындайды. Біріншіден, пайда экономикалық тиімділікті сипаттайды. Ол кәсіпорын қызметінің нәтижесінде алынған. Кәсіпорында пайда алу дегеніміз-ол қызметіне байланысты барлық жұмсалынған шығынды табыс толығымен жабады деген мағынаны білдіреді. Екіншіден, пайда олынталандырушы қызметті атқарады. Бұдан пайда бір мезгілде қаржылық нәтиже ғана емес, кәсіпорынның қаржылық ресурсының негізгі элементі болып табылатынын көреміз. Үшіншіден, пайда ол - әртүрлі деңгейде бюджеттің қалыптасуының маңызды көрсеткіші.

Баланстық пайданың негізгі құрамдық элементтер мыналар:

- 1) өнімді өткізуден, жұмысты орындаудан, көрсетілген қызметтен түскен пайда (зиян);
- 2) кәсіпорынның негізгі қорлары мен басқа да мүліктерін өткізуден түскен пайда (зиян);
- 3) өткізуден тыс операциялардың қаржылық нәтижелері.
- 4) Осыған сәйкес баланстық пайда (Бп) мынандай формула түрінде анықталуы мүмкін:

$$B_{\text{п}} = \pm \Theta\Theta_{\text{п}} \pm KM_{\text{п}} \pm \Theta TO_{\text{т}} \quad (43)$$

мұнда: $B_{\text{п}}$ - баланстық пайда;

$\Theta\Theta_{\text{п}}$ - өнімді өткізуден, қызмет көрсетумен, атқарылған жұмыстан алынатын пайда (зиян);

$KM_{\text{п}}$ - кәсіпорынның мүлкін өткізуден түскен пайда (зиян);

$\Theta TO_{\text{т}}$ - өткізуден тыс операциялар бойынша табыс.

Халық шаруашылығының тиімділігін сипаттайтын басты көрсеткіш мемлекет деңгейінде ол – жалпы пайда (ЭЖП). Экономиканың жалпы пайдасы ЖІӨ-нен нарықтық бағаларда есептелінетін еңбек ақы, сонымен қатар импортпен өндіріске салынатын таза салықтарды алып тастау арқылы есептелінеді.

$$\text{ЭЖП} = \text{ЖІӨ} - \text{ОТР} - \text{ЧНПИ} \quad (44)$$

(Өндіріске салынатын салық және импорт - өндірістің субсидиясы және импорт). Себебі: экономиканың жалпы пайдасы кәсіпорынның пайдасынан айыптардың мөлшері, өсім және

кәсіпорынның басқадай төлемдерінен айырмашылығы бар. Жалпы пайда толығымен бухгалтерлік пайданы ашып көрсетеді.

Бухгалтерлік пайда дегеніміз – бұл таза пайда немесе салықты төлегенге дейінгі шығындарды алып тастаған кезеңдегі зиян. Әрі қарай бұл анықтамадан пайданың жаңа анықтамасы туындайды-салық салынатын пайда (салық зияны) салық ұйымдары бекіткен ережелерге сәйкес анықталынған пайданың (зиянның) сомасы, соның қатынасында пайдаға салық төленеді немесе орны толтырылады. Осыған сәйкес есептеу түрлерінің тәуелділіктеріне байланысты мынандай түрлерге бөлінеді: жоспарлы, нақты, жоспардан көп және қалдық пайда.

Ал шетелдік экономистер. “... Бизнес әлемінде “Пайда” термині табыс жиынтығының және нақты шығындардың әр түрлілігін белгілеу үшін ғана қолданады. Бұл пайданы бухгалтерлік пайда деп атады. Олардың тұжырымы, көзқарасы бойынша кәсіпорынның бухгалтерлік есебінде сипатталынатын бухгалтерлік пайда тек қана нақты ақшалай төлемдерді есептеу кезінде қолданылады”, деп санайды.

Бухгалтерлік және таза экономикалық пайда арасындағы қатынас келесідей түрде көрініс табады.

Таза экономикалық пайда = Бухгалтерлік пайда – ИмPLICITтік шығындар

Нақты шығындар-аралық бұйымдар мен өндіріс факторларының жабдықтаушыларының тікелей (ақшалай) төлемдерін жасауға қатысатын альтернативті шығындар. Мысалы: жұмысшыларға төленетін жалақылар (еңбек ақылар), менеджерлердің айлықтары, сауда фирмаларына арзандатылған төлемдер, банктер мен қаржылық көмек көрсететін басқадай жабдықтаушылар, заңгерлік қызмет көрсеткендігі үшін қаламақы, транспорт шығындарын төлеу тағы басқа көптеген түрлерін атап көрсетуге болады.

ИмPLICITтік (айқын емес) шығындар. Оған: ресурстарды пайдаланудың альтернативті шығындары, фирманың иесіне тиісті (немесе заңды тұлға ретінде фирманың меншігіндегілер). Фирма иелерінің іске салған капиталының имPLICITтік альтернативтік шығындары жақсы пайда атауын алды.

“Табысты” дәрежесі - тек қана пайда мөлшерінде көрсетіледі.

Пайданың мөлшері келесідей формула бойынша анықталынады:

$$P^1 = \frac{m}{c+V} \quad \text{немесе} \quad P^1 = \frac{m}{k} \cdot 100, \quad (45)$$

мұнда: P- пайда

C+V - өндіріс шығындары;

m - қосылған құн;

Пайда мөлшері өндіріс рентабельділігінің табыстылығы дәрежесін көрсетеді.

Ауыл шаруашылығы өндірісінде пайданы нақты суреттейтін, есеп жүргізуге өте ыңғайлы көрсеткіш пайданың мөлшері болып табылады.

$$P_m = \frac{K_o}{K_{об}} \cdot 100, \quad (46)$$

мұнда: P_м- пайда мөлшері;

K_о-негізгі қордың орташа жылдық құны;

K_{об}- айналым құралдарының орташа жылдық құны.

Бұл көрсеткіш өндіріс қорларының (негізгі және айналым) бірлігінен алынатын пайда мөлшерін сипатайды.

Ал коммерциялық кәсіпорындар үшін пайда мөлшері келесідей түрде есептелінеді:

$$P_o = \frac{П}{Т} \cdot 100, \quad (47)$$

мұнда: P_о- кәсіпорынның шаруашылық қызметінің жалпы экономикалық рентабельділігі;

П- пайданың сомасы (жалпы немесе таза);

Т- тауар айналымының көлемі (қосылған құн салығынсыз).

Бұл формула коммерциялық кәсіпорынның (салынған құралдарының) капитал пайдалылығын анықтау үшін қолданылады.

Тауар айналымы көрсеткішін капитал көрсеткішімен ауыстыру қажет. Бұл формула ауыл шаруашылығы өнімін өткізудің рентабельділігін, сонымен қатар осы салада салынған капитал айналымын анықтау үшін қолданылады.

Біз осыған дейін ауыл шаруашылығы өндірісінің экономикалық тиімділігі қорытындылаушы көрсеткіштерін қарастырдық. Жекеменшік иелері жеке ресурстар мен шығындарының түрлерін пайдалану тиімділігін сипаттайды. Ағымды өндірістік шығындар мен ресурстық әлеуетті толық бағалауды қорытындылаушы болып табылады.

Ресурстарды пайдалану тиімділігінің жеке көрсеткіштеріне мыналар жатады: жерқайтарымы, қорқайтарымы және тағы басқалары жатады. Қорытындылаушыға-ресурсқайтарымы, өзіндік күн, материалсыйымдылығы, еңбексыйымдылығы, рентабельділік деңгейі жатады. Жеке көрсеткіштердің нәтижесінде, нәтижелі, қорытындылаушы көрсеткіш – рентабельділік қалыптасады.

Жалпы түрде өндірістің тиімділігінің есебі үлкен қызығушылықты тудырады (Θ_T). Ол оның нәтижесі пайда (П) немесе табыс (Т) түрінде шығындарға (Ш) қатынасын білдіреді.

$$\Theta_T = \frac{T}{\text{Ш}} \times 100, \quad (48)$$

Әртүрлі тауарларды өндірудің салыстырмалы тиімділігін бағалау немесе осы барлық нұсқалар бойынша келтірілген шығындарды салыстыру жолдары арқылы жобалар іске асырылады. Әрі аз мәнді сапалы, оңтайлы нұсқаны таңдайды.

$$\Theta_{CT} = A\text{Ш} + E_{\text{П}} \times K\text{Ш}, \quad (49)$$

мұнда: АШ - ағымды шығындар;

КШ - күрделі шығындар;

$E_{\text{П}}$ - күрделі немесе инвестициялық шығындарды ағымды мен өлшемдестікке келтіру үшін тиімділіктің нормативті коэффициенті. Ол дисконттың ставкасы ретінде қабылданады. Әдетте ол 0,12- 0,15 .

Барлық экономикалық көрсеткіштерді анықтау кезінде ауыл шаруашылығы өнімін өндіруге жұмсалынған шығындарға тоқталмау мүмкін емес.

Сондықтан неғұрлым өндіріске шығын аз жұмсалынса, рентабельділіктің деңгейі жоғары болады. Сондықтан шығындарды

азайту жолдары кез келген агроқұрылымдардың басты міндеті болып табылады. Оларға еңбек өнімділігін арттыру, негізгі және көмекші материалдар шикізаттарын пайдалануды жақсарту; отын, өнімнің бірлігіне энергия, ысырапты азайту.

Пайдалануға ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Есполов Т.И., Белгібаев Қ.М., Сүлейменов Ж.Ж. «Экономикалық теория негіздері». Оқу құралы, Алматы, «Агроуниверситет», 2009 жыл. 187 – 190 беттер.
2. Коваленко Н.Я. «Экономика сельского хозяйства». Москва, «Экмос», 1998 жыл. 303 – 314 беттер.
3. Мейірбеков А. Қ., Әлімбетов Қ. Ә. «Кәсіпорын экономикасы». Оқу құралы, Алматы, «Экономика», 2003ж. 88 – 93 беттер.
4. Абдильдина Л.И., Абдильдин С.С. «Экономика предприятия». Учебник, Алматы, «КазНацАГРУ» 2004г. 272-278 беттер.
5. Ниязбекова Б.Қ., Рахметова Б.А., Байнеева П.Т. «Кәсіпорын экономикасы». Оқу құралы, Алматы, «Экономика», 2008 жыл. 536 –542 беттер.
6. Үмбетәлиев А., Керімбек Ғ. «Кәсіпорын экономикасы және кәсіпкерлік». Алматы, «Бастау», 2002 ж. 116 - 122 беттер.
7. Қайырбаева А.Е. «Кәсіпорын экономикасы». Оқу құралы, Алматы, «Нұр-принт», 2007 жыл. 74-86 беттер

Бақылау сұрақтары:

1. Өндірістік шығын дегеніміз не?
2. Жұмсалған шығындардың иесіне қарай, өндірістік шығындар қандай түрлерге бөлінеді?
3. Жеке кәсіпорындарда, фирмаларда өндірілген өнім көлеміне байланысты өндірістік шығындар қандай топтарға бөлінеді? Оларға анықтама беріңіз.
4. Бухгалтерлік шығындар ұғымына анықтама беріңіз.
5. Баламалы шығындар ұғымына анықтама беріңіз.
6. Трансакциондық шығындар ұғымына анықтама беріңіз.

7. Соңғы жылдары экономистер соңғы өнім категориясын ұсынуда, қайта есептеуден босатылған жалпы өнімді ұсынған еді. Оны қалай анықтауға болады?
8. Табыс ұғымына анықтама беріңіз.
9. Шығындар ұғымына анықтама беріңіз. Оның түрлерін атаңыз.
10. Коммерциялық кәсіпорындар үшін пайда мөлшері қалай есептелінеді?

Экономикалық тренинг

1. Негізгі категориялар

Өнім, өндіріс шығындары, тікелей шығындар, жанама шығындар, сыртқы шығындар, ішкі шығындар, тұрақты шығындар, өзгермелі шығындар, жалпы шығындар, бухгалтерлік шығындар, баламалы шығындар, трансакциондық шығындар, табыс, пайда.

2. Сол жақтағы беттен оң жақтағы беттегі формула сәйкестігін анықтаңыз

Пайданың мөлшері

$$\Theta_T = \frac{T}{Ш} \cdot 100$$

Жалпы түрде
өндірістің тиімділігі
шығындар

$$ТЭП = \text{Бухгалтерлік пайда} - \text{Имплиттік}$$

Таза экономикалық пайда

$$P^1 = \frac{m}{c+V} \quad \text{немесе} \quad P^1 = \frac{m}{k} \cdot 100$$

3. Дұрыс – дұрыс емес

3.1. Өндірістік шығын дегеніміз – тауар өндірушінің белгілі бір тауар өндіру үшін материалдық заттай және ақшалай жұмсалған қаржысы.

3.2. Өндірістік шығын дегеніміз – тауар алушының белгілі бір тауар алу үшін материалдық заттай және ақшалай жұмсалған қаржысы.

3.3. Өндірістік шығын дегеніміз – тауар өндірушінің белгілі бір тауар өндіру үшін қарызға алған қаржысы.

4. Дискуссиялық сұрақтар

4.1. Кәсіпкер өзінің өнімін немесе тауарын алдын ала айқындалған бағытта сатып өткізе ала ма?

4.2. Өнімді өткізудің қандай тиімді жолдарын пайдаланатын едіңіз?

4.3. Пайда қайда қалыптасады? Өндірісте ме, әлде нарықта ма?

11. Кәсіпорынның маркетингтік және өндірістік қызметі

11.1 Маркетингтің мәні, функциялары

«Маркетинг» ұғымы ағылшынның «market» сөзінен шыққан және нарыққа ену деген мағынаны білдіреді. Маркетинг бұл сатып алушының қажеттілігін қанағаттандырудың және ұйым мақсатында жетудің тиімді тәсілдерінің көмегімен сатып алу – сатуды жүзеге асыру үшін нарықты зерттеуді, тауарды өндіруді және тауарды жылжытуды зерттейтін іс әрекет. Маркетинг негізінде жатқан негізгі идеологиялық алғышарт – сатып алушылардың қажеттілігінің күшіне емес, пайданы көбейту және нарықтық үлесті кеңейтудің тиімді тәсілімен қанағаттандыру.

Маркетинг – бұл рынокты талдау, кәсіпорындар қызметінің әр қилы түрлерінің өзара іс қимылдарын қамтитын өндірісті ұйымдастыру және өнімді өткізудегі кешенді жүйе: жоспарлау, өнім және қызмет көрсету.

Маркетингтің негізгі мақсаты – сатып алу, сату процесінде ең жоғары мөлшерде пайда табуды, сонымен бірге оның міндеті – кәсіпорын қызметінің тұрақтылығын барынша қалыптастыру және стратегиялық мақсаттарға жетуді қамтамасыз ету.

Маркетингті пайдаланудың экономикалық мәні – негізгі және айнымалы қорлардың қайтарымын тездету, өндірістің жұмылдыруын және бәсекеге қабілеттілік деңгейін арттыру, қазіргі тауарларды жасау және олардың нарықтағы жылжуын тек тездету

ғана емес, барынша өнімді көп табысты нәтиже алатындай етіп жылжыту.

Маркетингті өнімнің өндірісі мен сатылуы жүзеге асырылатын басқарудың философиясы, нарықтық қызметтің әдістемесі деп жиі айтылады. Ұйымды басқаруда оның рөлінің өсуі бәсекенің күшеюінің шынайы үрдістерімен, сыртқы экономикалық қатынастың ырықталуымен, тұтынушылардың таңдау қабілетінің артуымен байланысты.

Маркетингтің қазіргі тұжырымдамасының негізінде әр түрлі адамдар мен мәдениеттілігіне тән қажеттіліктерінен туындайтын адамдардың мүддесі жатыр. Олар әр түрлі тауарлар мен қызметтер, жаңа ой пікір, тың идеялар көмегімен қанағаттандырылуы мүмкін. Мұны нарық біліміне, тұтынушылардың мүмкіндіктері мен талаптарына сүйене отырып, бәсекелестерге қарағанда жоғары деңгейде жүзеге асыру – маркетингтің басты мәселесі болып табылады. Бұл тәжірибеде:

- Ұйымдар мен оның өнімін тұтынушылардың, бәсекелестердің, жабдықтаушылардың, делдалдардың арасында қалыптасқан нарықтық қатынастарды жан жақты зерттеу арқылы.
- Нарыққа және сату табыстылығы мен нарықтағы үлесін арттыру үшін сұранысқа белсенді ықпал ету арқылы жүзеге асуы мүмкін.

Маркетингтің қазіргі заманғы тұжырымдамасы тауарлы – бағалық саясаттың және өнімді бөлу, жылжыту қаражаттарын кешенді пайдалану негізіне сүйенеді. Қаражаттардың бұл жиынтығы бір жағынан тұтынушылардың мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне сәйкес келуі, төлемге қабілетті сұранысты қанағаттандыруы қажет, екінші жағынан – ұйым жұмысының тиімділігін арттыруы тиіс. Бұл тұжырымдаманың басты қағидасы: «Сатылмайтын затты өндіруге тырыспаңыздар, сөзсіз сатып алынатын өнімді өндіріңіздер».

Ұйымның нарықтық қызметінің бастапқы жағдайын анықтайтын қағидалар маркетингтің негізін құрайды. Оған жататындар:

Нарықтың өзгеру үрдісі мен жағдайын тұрақты зерттеу, тұтынушылардың мүмкіндіктері мен талаптарын ескере отырып,

оның жағдайларына лайықты бейімделу, ұйымға қажетті бағытта нарықтың белсенді қалыптасуы.

Маркетингтің негізгі функциялары:

- нарықты талдау, оның жағдайы мен өзгеру үрдісін зерттеу, өнімді тұтынушылар мен жабдықтаушылардың талғамдылығын зерттеу, делдалдар мен бәсекелестердің көрсеткен қызметін талдау, нарықты сегменттеу, мақсатты сегменттердің, субсегменттердің және сатып алушылардың бөлінуін көрсету, нарық жағдаятын болжау жүргізіледі.
- жаңа тауарлар өндіру бойынша ұсыныстар жасау және коммерциялық сипаттамаларын жобалау, өндірілетін өнімнің ассортиментін басқару, таңбалы саясатты қалыптастыру, тауардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталады.
- ұйым мүддесін білдіретін нарықтағы маркетингтік жағдайлардың даму үрдісі мен жағдайына шолу жасалынады. Оның маркетингтік қызметінің әлсіз және күшті жақтары, қауіптері мен мүмкіндіктері бағаланады.
- шығарылатын өнім түрлерін, нарықтың географиялық аудандарын, тұтынушылар топтарын нақтылау арқылы жоспарлы кезеңге маркетингтік қызмет стратегиясы мен негізгі басымдылықтары анықталады.
- тауар саясаты, бағаны реттеу, өнімді өткізу, сатуды ынталандыру аумағында қызмет ету бағдарламалары жасалынады.
- ұйымның маркетингтік бюджеті және жекелеген маркетингтік компаниялар бюджеттері қалыптастырылады.
- маркетингтік қызметті бақылау әдістері және қаражаттары, маркетинг жоспарын жасау және жүзеге асыру кезінде ұйым оның даму стратегиялық жоспарында анықталған басымдылықтарды басшылыққа алады.

11.1 Маркетингтің стратегиялық бағыты

Маркетингтің стратегиялық бағыты. Сатылу көлемін және нарықтық үлесін арттыруға ұмтылу ұйым алдында көптеген мәселелерді қояды. Олардың ішіндегі негізгісі – маркетингтік ортаның даму үрдісіне және жағдайына сәйкес келетін, ұйым

қызметінің күшті жақтарына негізделетін маркетингтің басымдықтарын іздеу.

Өнімнің өзіндік құнын төмендету стратегиясы. Өнімнің өзіндік құнын төмендету стратегиясын пайдалану үшін ынталандыру өндіріс ауқымында едәуір үнемдеу және сатып алу кезінде бағаны анықтаушы фактор болып саналатын тұтынушылардың көпшілігін тарту болып табылады.

Өнімнің бөлшектену стратегиясы. Стандартты бұйымның түрлендіруі болып табылатын ерекше өнімді дайындауда мамандануға негізделген. Мұндай өнімдер тұтынушылар үшін стандартты өнімдер, оларды қанағаттандырмаған жағдайда таптырмайтын өнім болып табылады. Нарықтың тауардың жекеленуі, кең мағынада – оның коммерциялық сипаттамаларының бөлшектенуі неғұрлым жетілген техникалық көрсеткіші бар және сапалы жасалған өнімді шығару арқылы, төмен бағалы бұйымдарды өткізу мен пайдаланудағы қызметтерді жоғары талапты таңдаудың негізінде ғана жүзеге асуы мүмкін.

Нарықты сегменттеу стратегиясы. Бәсекелестік артықшылықтарды қамтамасыз етуге, нарықтың белгілі бір сегментіне бағытталған. Ұйым өзінің санаулы мақсатты нарығында бәсекелестерге қарағанда неғұрлым тиімді қызмет ете алады және ресурстарды барлық нарықтарға бөліп орналастыра алады. Мақсатты нарықтың қажеттілігін толық қанағаттандыру немесе таңдап алынған сегментте қызмет ету кезінде аз шығындарға қол жеткізу мақсатында тауарларды бөлшектеу арқылы бәсекелестік артықшылықтарына қол жеткізеді.

Жаңалық ендіру стратегиясы. Жаңалықты ендіру стратегиясын ұстанған ұйым жаңа, тиімді технологияны, осы уақытқа дейін белгісіз болып келген өнім түрлерін, өндірісті ұйымдастыру әдістерін, өткізуді ынталандыру тәсілдерін іздеуге бар күшін салады. Басты – міндет бәсекелестерден озып кету, бәсекелестер жоқ немесе олар аз нарықта орнығу болып табылады.

Нарық қажеттілігін тез сезіну стратегиясы. Кәсіпорындар бизнестің әр түрлі облыстарда пайда болған қажеттіліктерді барынша тез толығымен қанағаттандыруға бағытталған. Іс әрекеттің негізгі қағидасы – ағымдағы нарықтық жағдайда неғұрлым табысты бизнес – жобаларды таңдау және жүзеге асыру.

Мұндай ұйымдарға «өндіріспен айналыспайтын» сауда кәсіпорындары жатады.

Пайдалануға ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Ниязбекова Р.Қ., Рахметова Б.А., Байнеева П.Т. «Кәсіпорын экономикасы». Оқу құралы, Алматы, «Экономика», 2008 жыл. 630 – 640 беттер.
2. Мейірбеков А. Қ., Әлімбетов Қ. Ә. «Кәсіпорын экономикасы». Оқу құралы, Алматы, «Экономика» 2003ж. 181 – 186 беттер.
3. Қайырбаева А.Е. «Кәсіпорын экономикасы». Оқу құралы, Алматы, «Нұр-принт», 2007 жыл. 87-90 беттер

Бақылау сұрақтары:

1. Маркетинг ұғымына анықтама беріңіз.
2. Маркетингті пайдаланудың экономикалық мәні неде?
3. Маркетингтің тұжырымдамалық негізі неде?
- 5.Маркетинг қағидалары, функциялары мен элементтеріне анықтама беріңіз.
6. Маркетингтің стратегиялық бағытын атаңыз.
7. Өнімнің өзіндік құнын төмендету стратегиясы неде?
8. Өнімнің бөлшектену стратегиясы неде?
9. Нарықты сегменттеу стратегиясы неде?
10. Жаңалық ендіру стратегиясының мәнін атаңыз.

Экономикалық тренинг

1. Негізгі категориялар

Кәсіпорын, маркетинг, өндірістік қызмет, нарық, тауар, пайда, коммерция, ассортимент, жоба, тауар саясаты, бағаны реттеу, өнімді өткізу, сатуды ынталандыру, өзіндік құн, нарықты сегменттеу, технология, бизнес.

2. Сол жақтағы беттен оң жақтағы беттегі анықтама сәйкестігін анықтаңыз

Маркетингтің стратегиялық	Стандартты бұйымның түрлендіруі бағыты болып табылатын ерекше өнімді дайындауда мамандануға негізделген
Өнімнің бөлшектену стратегиясы	Бәсекелестік артықшылықтарды қамтамасыз етуге, нарықтың белгілі бір сегментіне бағытталған
Нарықты сегменттеу стратегиясы	Сатылу көлемін және нарықтық үлесін арттыруға ұмтылу ұйым алдында көптеген мәселелерді қояды

3. Дұрыс – дұрыс емес

3.1. Маркетинг бұл сатушының қажеттілігін қанағаттандырудың және ұйым мақсатында жетудің тиімді тәсілдерінің көмегімен сатуды жүзеге асыру үшін нарықты зерттеу.

3.2. Маркетинг бұл сатып алушының қажеттілігін қанағаттандырудың және ұйым мақсатында жетудің тиімді тәсілдерінің көмегімен сатып алу сатуды жүзеге асыру үшін нарықты зерттеуді, тауарды өндіруді және тауарды жылжытуды зерттейтін іс әрекет.

3.3. Маркетинг бұл сатып алушының қажеттілігін қанағаттандырудың және өз мақсатында жетудің тиімді тәсілдерінің көмегімен сатып алуды жүзеге асыру үшін тауарды өндіру.

4. Дискуссиялық сұрақтар

4.1. Біздің мемлекетімізде маркетинг ұғымы қашаннан бастап қолданыста?

4.2. Қазақстанда мемлекеттік реттеу қандай мөлшерде және қайда жүргізілуде?

4.3. Бүгінгі таңда ауыл шаруашылық кәсіпорындарында маркетингтік іс әрекет бар ма?

12. Өнімнің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету

12.1 Бәсекеге қабілетілік түсінігі

Сапа және кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігі проблемасы қазіргі дүниеде әмбебап сипатқа ие. Кез–келген елдің экономикалық және әлеуметтік өміріндегі көп нәрсе аталған проблеманың қаншалықты табысты шешілетіндігіне байланысты.

Нарықтық экономика жағдайында бәсекелестік өндірушілерді тек қажеттілігі бар тауарларды ғана өндіруге жетелейтін, негізгі реттеуші тетік болып табылады. Бәсеке өндірушілер мен сатушылар арасында сатып алушылар үшін талас тартысты анық сипаттайды. Нарықта бәсекелестердің мақсаты тауарды сатып алушыға сату - негізгі құрал ретінде кәсіпорындағы сапалы маркетинг саналады.

Бәсеке адал ниетті емес деген түсініктерге бөлінеді. Халықаралық құжаттарда адал ниетті емес бәсеке өнеркәсіп және сауда істерінде адал әдетке қайшылық білдіретін кез келген іс әрекет деп түсіндіріледі. Соның ішінде, тыйым салуға жататындар:

- Бәсекелестің өнеркәсіптік немесе сауда саттық қызметінде, кәсіпорындарда, тауарлар өндіруде қым қиғаш жағдай туғызатын іс әрекет.
- Бәсекелестің өнеркәсіптік немесе сауда қызметін, кәсіпорын және оның тауары туралы теріс ой туғызатын, жалған тұжырымдар жасау.
- Сауда саттық іс әрекетпен айналысқанда тауардың сипаттамасы, дайындау тәсілі, пайдалану қасиеті немесе оның көлемі жайлы қоғамды шатастыратын пікірді пайымдау.

Қазіргі таңда, адал ниетті емес бәсекенің бөтен немесе соған ұқсас тауар белгісімен таңбалау, тапсырысты мақалалар, жалған ой туғызатын ақпараттар және басқа да әдістері кең етек жайған.

Адал ниетті бәсеке жоғары тұтынушылық қасиеттерге ие тауарларға сұранысты қалыптастыру мен тауар өткізуді ынталандыруды қарастырады. Тауардың бәсекелестік артықшылығы оның бәсекеге қабілеттілігін құрайды. Ол басқа сондай тауарлармен салыстырғанда оның артықшылығын көрсететін тұтынушылық және құндық қасиеттердің жиынтығы.

Бәсекеге қабілеттілік – бұл нысанның белгілі бір нарыққа ұсынылған ұқсас нысандармен салыстырғанда нақты қажеттілікті шынайы немесе әлеуетті қанағаттандырудың дәрежесін сипаттайтын қасиеті.

Бәсекеге қабілеттілік – нарықтың талабын анықтайтын және тауардың басқа тауармен салыстырғандағы оның сапалық және экономикалық қасиеттерін кешенді бағалайтын кез келген тауардың негізгі маңызды сипаттамаларының бірі.

Бәсекеге қабілеттілік – дегеніміз бұл фирмалардың өздеріне жасалып отырған жағдайларда олардың бәсекелестерінің тауарларымен салыстырғандағы бағасы және бағадан тыс сипаттамалары бойынша тұтынушылар үшін тартымдырақ болатын тауарлар әзірлеу мен өткізудің нақты және әлеуетті мүмкіндігі.

Елдің бәсекеге қабілеттілігі неғұрлым жоғары болса, ол елдегі өмір сүру деңгейі де соғұрлым жоғары болады.

Өнімнің бәсекеге қабілеттілігі оның жоғары тұтынушылық қасиеттері төмен бағасымен анықталады. Бәсекеге қабілеттілікті анықтайтын тұтынушылық және құндық қасиеттер әр түрлі тауарлар үшін әр түрлі болады. Мысалы, ұзақ қолданылатын және өндіріске қажетті күрделі тауарлар үшін бәсекеге қабілеттілікті көрсететін көрсеткіштерге келесілер жатады:

- тауардың пайдалану шеңберін анықтайтын атқарымдық міндетінің көрсеткіштері;
- тауардың қолданыстағы ыңғайылығы мен оның қауіпсіздігін сипаттайтын пайдалану көрсеткіштері;
- тауарды сатып алу мен пайдалану шығындарын сипаттайтын экономикалық көрсеткіштері;
- жоғарыда көрсетілмеген (сертификат, сервистік қызмет көрсету), т.б. бағалық емес көрсеткіштер.

Көп салалы шаруашылықтарда ауыл шаруашылығы өндірісімен қатар өнімдерді қайта өңдеу, оларды сату жұмыстары да жақсы дамиды.

Экономикалық тұрғыдан алсақ, өздері өндірген өнімді өздері қайта өңдеуден өткізіп, әрі қарай тұтынушыларға жеткенше өздері қадағалаған шарауашылықтар өз еңбектерінің нәтижесін көріп жатыр. Сондықтан ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірумен қатар кәсіпорын қарамағында әр түрлі қайта өңдеу мекемелерін дамыта отырып, олардың қазіргі нарық жағдайындағы бәсекелестікті жандандыру мүмкіндігін орынды пайдалануға әрекет жасау керек.

Аграрлық реформаның алғашқы жылдарында ауыл шаруашылығындағы қосымша өнімнің біршама бөлігі дұрыс ойластырмаған баға, салық және несиелер жүйесі арқылы экономиканың басқа салаларына қайта бөлініп кетті.

Өнімнің немесе тауардың бәсекеге қабілеттілігі техникалық, экономикалық және ұйымдық көрсеткіштермен сипатталады. Олар өнімнің бәсекеге қабілеттілік деңгейін сапалылық тұрғысынан бағалау белгілерінің жиынтығы болып табылады. Оны бағалау үшін бірлік, топтық және интегралдық көрсеткіштер жүйесі қолданылады.

Бәсекеге қабілеттіліктің бірлік көрсеткіші – бұл қандай да бір техникалық немесе экономикалық параметрдің қажеттілік элементін теориялық түрде толығымен қанағаттандыратын осындай параметрдің мөлшеріне пайыздық қатынасы.

Топтық көрсеткіш – бірлік көрсеткіштерді біріктіреді және қажеттілікті қанағаттандырудың жалпы дәрежесін сипаттайды.

Интегралдық көрсеткіш – өнімдердің бәсекелестік қабілетінің сандық сипаттамасы, ол өнімнің техникалық параметрі бойынша топтық көрсеткішінің экономикалық параметрі топтық көрсеткішіне қатынасымен анықталады.

12.2. Стандарттау және сертификаттау саласындағы саясат және бәсекелестікті қорғау

Өнімнің бәсекеге деген қабілеттілігін жоғарылатуда сертификаттау үлкен рөл атқарады. **Сертификаттау дегеніміз** – өнімнің нақты сипаттамаларының қажетті стандарттар мен басқа нормативті құжаттарға сай екенін растауға бағытталған іс әрекеттер

жүйесі. Сертификаттау дамыған елдерде XX ғасырдың 60 жылдары пайда болды. Сертификаттау сатып алушыны, онымен қатар алынып жатқан тауардың қауіпсіз және жоғары сапаға ие екенін сендіру үшін қажет болды.

Сертификаттауды ұйымдастыру төмендегі кезекпен жүргізіледі:

- Өндіруші бәсекелестік жағдайында сатып алушыға оның тауары қазіргі талаптарға сай және бәсекеге қабілетті деп дәлелдеуге мүдделі;
- Сатып алушы өзінің алған тауарының қауіпсіз және бәсекеге қабілетті екендігіне көз жеткізуі керек;
- Қоғам өздерінің басқару органдары арқылы өндірушілерден оның тауары қауіпсіз екендігіне дәлелді талап ете алады;
- Өндіруші оның тауары жеке тұтынушыға ғана емес, сонымен бірге жалпы қоғамға пайдалы деген пікір қалыптастыруды қалайды;
- Өндіруші өзінің өніміне сертификат алу үшін стандарттауды ұйымдастыратын бас ұйыммен хабарласады;
- Стандарттау бойынша ұйым немесе өндірушінің өзі өнім сертификаттауы бойынша кешенді жұмыстарды жүзеге асыратын ұйымды анықтайды;
- Сертификаттау жасайтын ұйым сынау зертханаларының көмегімен сертификацияланып жатқан өнімнің нақты сипаттамаларын анықтап, сертификат беру жөнінде қорытынды дайындайды;
- Сертификаттау жасайтын ұйым сынақтан өткен өнім үшін өндірушіге сертификат береді.

Сертификаттауды жүргізу барысында оған қатысушылар арасында жауапкершілік былай бөлінеді:

- 1) өнім өндіруші кез келген шығарылған өнімнің сапасы ұлттық стандарттар мен техникалық шарттарға сай екеніне жауапты болады;
- 2) жабдықтаушы өзі жеткізіп отырған өнімнің сертификаты бар екеніне жауапты болады;
- 3) сертификаттау жасау ұйымы берген сертификаты заңды екеніне жауапты болады;
- 4) сынау зертханасы өткізілген сынақтар нәтижесінің дұрыс екеніне жауап береді.

Өнімнің сапасын қамтамасыз ету – сапа жағынан талаптарға сай келетін өнімді шығару үшін жағдайды көрсететін әрбір кезеңдерін орындауға қажетті жоспарлы және жүйелі түрде атқарылатын іс – шаралардың жиынтығы.

Сапаны басқару – сапа жағынан талаптарға сай келетін өнімді шығару үшін күнделікті іс әрекет пен оның әдістері. Оған жататындар: үдерісті басқару, өнімде, өндірісте немесе сапа жүйесінде болатын қайшылықтарды дер кезінде анықтау және оған әсер еткен себептерді жою.

Сертификаттың болуы өнімнің бәсекелік қабілеттілігін айтарлықтай жоғарылатады, себебі көпшілік тауардың сертификаты болмауы оларды ашық сатуға кедергі болады. Сондықтан сертификаттың болуы бәсекелік қабілеттіліктің бірден бір негізгі факторы болып саналады.

Стратегияны іске асыруды стандарттау, метрология және сертификаттау саласындағы бірыңғай талаптарды белгілейтін халықаралық сауда жүйесіне Қазақстанның кіруі арқылы жүзеге асырылады.

Стандарттау мен сертификаттаудың мемлекеттік жүйелерін жетілдіру әрі оларды еуропалық және басқа да халықаралық талаптарға сай 2010 жылға қарай сәйкес келтіру:

- техникалық реттеу жүйесін құру, қалыптастыру және міндетті стандарттаудан ерікті түріне өту;
- жаңа техникалық комитеттерді, оның ішінде кәсіпорындар салаларында халықаралық деңгейде стандарттау және метрология қызметін құру, стандарттау уәкілетті органның құрылымын нығайту мен жетілдіру;
- стандарттау, метрология және сертификаттау мәселелері бойынша ДСҰ мен өзара іс қимыл жөніндегі ақпараттық орталықты дамыту;
- ИСО халықаралық стандарттарының сериялары 9000 және 14000 талаптарына сәйкес келетін сапа және экологиялық менеджменті жүйелерін әзірлеу мен республика кәсіпорындарында енгізу;
- ҚР Үкіметінің «Сапа саласындағы жетістіктері үшін және «Қазақстанның үздік тауарлары» сыйлығына конкурстар

өткізу арқылы отандық кәсіпорындарды ынталандыру жөнінде мемлекеттік саясатты жүргізу;

- Қазақстанды аккредиттеу жөніндегі органын халықаралық деңгейде тану жөніндегі жұмыс жүргізу;
- Халықаралық тәжірибені ескере отырып, өнім сапасына мемлекеттік қадағалау жүргізуді жетілдіру көзделеді.

2010 жылға дейінгі кезеңде қаржы жүйесі саласында халықаралық стандарттарға өту жүзеге асырылуы қажет, білім беру, әлеуметтік сала, денсаулық сақтау, туризм сияқты және басқа да салаларда – олардың даму стратегияларына сәйкес жүзеге асырылады.

Аталған іс шараларды іске асыру қазақстандық өнімдердің ішкі және сыртқы нарықтарда сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, республиканың экономикалық әлеуетін көтеруге ықпал етеді.

Бәсекелестік қорғау. Бәсекелестік – экономиканың тиімді дамуы мен жұмыс істеуінің басты тетігі. Тиімді бәсекелестік үшін жағдай жасау, адал бәсекелестікті қолдау мен қорғау мемлекеттің индустриялық және инновациялық саясатын негізгі міндеті – экономиканың әр тараптануы мен өнеркәсіпті жаңғыртуды іске асыруға ықпал ету.

Бәсекелестік саласындағы мемлекеттік саясат жосықсыз бәсекелестікке жол бермеу, шектеу тәжірибесінің шектен тыс шоғырлануы мен өсуі жайлы мәселелерді шешуге бағытталған. Бәсекелестік саясатының негізгі бағыттары:

- Монополиялық бағаларды белгілеу, өндірісті негізсіз қысқарту, монополиялық тауарлар мен қызмет көрсетулерді жеткізу, басқа кәсіпорындардың тауар және қаржы нарықтарына кіруіне кедергі жасау, нарық субъектілерді және олардың бірлестіктерін құру, қайта ұйымдастыру, тарату, нарық субъектілерінің жарғылық капиталындағы акцияларды сатып алу жөніндегі монополистер әрекеттерінің жолын кесу арқылы басым жағдайға ие болуына нарық субъектілерінің асыра сілтеуіне жол бермеу.
- Бірыңғай бағалар мен тарифтерді белгілеуге, нарықты аумақтық қағидасы бойынша бөлуге, ықтимал бәсекелестердің нарыққа қол жеткізудің шектеуге немесе

нарықтағы бәсекелестік субъектілер арасында сөз байласуға бағытталған бәсекелестер арасындағы келісілген әрекеттердің жолын кесу арқылы бәсекелестікті жоюға немесе шектеуге бағытталған жосықсыз бәсекелестік пен бәсекелестікке қарсы келісімдерге тыйым салу.

- Мемлекеттік органдардың кәсіпкерлік қызметке негізсіз араласуына жол бермеу. Мемлекеттік органдардың жекеленген кәсіпорындарға жеңілдіктер беруі, сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің белгілі бір тобына тауарлар мен қызмет көрсетудің бірінші кезектегі жеткізілімі туралы шаруашылық субъектілеріне нұсқау беруі арқылы бәсекелестікті шектеуге бағытталған әрекетінің жолын кесу.

Бағдарламаны табысты іске асыру мақсатында қазіргі күні қолданыстағы тарифтерді жасанды ұстап тұрудан бас тартып, табиғи монополиялар саласына барлық қатысушыларына – субъектілердің өздері мен олардың қызмет көрсетуін тұтынушылар мүдделері теңдестіруге қол жеткізуге бағытталған икемді тарифтік реттеу саясатына көшу қажет.

12.3 Өнімнің бәсекеге қабілеттілігін бағалау әдістері

XX ғасырдың басынан бастап өнімнің бәсекелік қабілеттілігін бағалау әдістері даму сатысын бастады. Жекелеген тұтыну қасиетіне техникалық экономикалық сипаттамасының әр түрлі үйлесуі арқылы қол жеткізуге болады. Бәсекелік қабілеттілікті санау жолдары келесіні қамтиды:

- Нарықта болатын басқа өнімдердің сипаттамасы жайлы ақпаратты жинау;
- Көп өнімнің ішінен бағалауға жататын оның ұқсасын тауып алу;
- Бағалайтын үлгі мен ұқсастың тұтыну қасиеттерін салыстыра отырып, бәсекелік қабілеттілік жайлы қортынды шығару.

Техникалық жағынан күрделі тауарлар үшін саралану көрсеткіштері тиісті құжаттарда көрсетіледі. Тауарлардың кейбір түрлері 13.1– кесте көрсетілген.

12.3.1– кесте. Өнімнің кейбір түрлерінің саралану көрсеткіштері

Техника түрлерінің аты	Саралану көрсеткіштері
Жеңіл автомобиль	– қозғалтқыштың жұмысшы көлемі – шанақ түрі
Теледидар	– экранның диагоналы – түстілігі
Компьютер	– ақпаратты нақтау мүмкіндігі – жылдамдығы
Металл кесетін станок	– өңдеу түрі – өңделетін бөлшектің көлемі.

Бағалайтын үлгі мен ұқсас тауардың саралану көрсеткіштерін анықтағанда іс жүзінде олардың айырмашылығы 10 – 15% аспауы керек.

Бәсекелік қабілеттілікті бағалау ережелері келесіден тұрады:

- егер бағаланып отырған тауар ұқсас тауарға қарағанда ешқандай қасиеттерінен басымдылық көрсетпей, бірақ тұтыну қасиетінің көрсеткішінен төмен болса, онда оның сапасы төмен деп саналады;
- екеуінің тұтыну қасиетінің көрсеткіштері бірдей болған жағдайда онда олар тең бағалы деп саналады;
- ешқандай көрсеткіштерінен төмен болмай, бір ғана көрсеткіштерінен асып түссе, онда бағаланып отырған тауар ұқсасына қарағанда басымды деп саналады;
- егер бағаланып отырған тауар ұқсасына қарағанда кейбір көрсеткіштеріне қарағанда асып түссе де, кейбір көрсеткіштері бойынша төмен болғанда **тауардың бағалануы белгісіз деп аталады.**

Пайдалануға ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Ниязбекова Р.Қ., Рахметова Б.А., Байнеева П.Т. «Кәсіпорын экономикасы». Оқу құралы, Алматы, «Экономика», 2008 жыл. 682 – 696 беттер.

2. Шарақымбаев Ж.Ш. «Аграрлық реформаның кейбір нәтижелері». Алматы, «Бастау», 2005 жыл. 63 – 74 беттер.
3. Оразалы Сәбден «Бәсекелестік экономика». Оқу құралы, Алматы, «Экономика институты», 2007 жыл. 39 – 50; 121-139 беттер.
4. Үмбетәлиев А., Керімбек Ғ. «Кәсіпорын экономикасы және кәсіпкерлік». Алматы, «Бастау», 2002 ж. 105 - 115 беттер.
5. Коваленко Н.Я. «Экономика сельского хозяйства». Москва, «Экмос», 1998 168 – 189 беттер.
6. Попов Н.А. «Экономика сельского хозяйства». Москва, «Экмос», 1999 109 -112 беттер.
7. Абдилдин С.Ә. «Агробизнесті ұйымдастыру». Алматы, 2001жыл. 267-279 беттер.
8. Ниязбекова Р.Қ., Рахметова Б.А., Байнеева П.Т. «Персоналды басқару». дәріс, тәжірибелік жинағы, Алматы, «Экономика», 2007 жыл. 288 – 363 беттер.
9. Мейірбеков А. Қ., Әлімбетов Қ. Ә. «Кәсіпорын экономикасы». Оқу құралы, Алматы, «Экономика», 2003ж. 158 – 166 беттер.
10. Қайырбаева А.Е. «Кәсіпорын экономикасы». Оқу құралы, Алматы, «Нұр-принт», 2007 жыл. 91-98 беттер

Бақылау сұрақтары:

1. Нарықтық экономика жағдайында бәсекелестік орны?
2. Бәсекелестік дегеніміз не?
3. Бәсекеге қабілеттілік нені білдіреді?
4. Өнімнің бәсекеге деген қабілеттілігін жоғарылатуда сертификаттау қандай рөл атқарады?
5. Сертификаттау дегеніміз не?
6. Сертификаттау қалай ұйымдастырылады?
7. Өнімнің сапасын қамтамасыз ету ұғымын қалай түсінесіз?
8. Сапаны басқару әдістері қанша топқа бөлінеді?
9. Тарифтік саясат дегеніміз не?
10. Бәсекелестік қалай қорғалады?

Экономикалық тренинг

1. Негізгі категориялар

Нарықтық экономика, бәсекелестік, бәсекеге қабілеттілік, сертификаттау, өнімнің сапасы, тариф, стандарттау, тауар.

2. Сол жақтағы беттен оң жақтағы беттегі анықтама сәйкестігін анықтаңыз

Сертификаттау	экономиканың тиімді дамуы мен жұмыс істеуінің басты тетігі
Бәсекелестік	өнімнің нақты сипаттамаларының қажетті стандарттар мен басқа нормативті құжаттарға сай екенін растауға бағытталған іс әрекеттер жүйесі
Сапаны басқару	сапа жағынан талаптарға сай келетін өнімді шығару үшін күнделікті іс әрекет пен оның әдістері

3. Дұрыс – дұрыс емес

3.1 **Бәсекеге қабілеттілік** – тауарды басқа тауармен салыстырғандағы оның сапалық және экономикалық қасиеттері.

3.2 **Бәсекеге қабілеттілік** – нарықтың талабын анықтайтын, кез келген тауардың негізгі маңызды сипаттамаларының бірі.

3.3 **Бәсекеге қабілеттілік** – нарықтың талабын анықтайтын және тауардың басқа тауармен салыстырғандағы оның сапалық және экономикалық қасиеттерін кешенді бағалайтын кез келген тауардың негізгі маңызды сипаттамаларының бірі.

4. Дискуссиялық сұрақтар

4.1 Неге біздің отандық тауар өндірушілеріміз бәсекеге қабілетті емес? Оған қандай факторлар кері әсер етіп жатыр?

4.2 Ал экспорттық өнімдердің шамадан тыс келуіне не себеп?

4.3 Нарықтық экономика жағдайында баға қалай реттеледі?

IV. Кәсіпорын қызметінің қаржы нәтижесі

13. Табыс және өндіріс рентабельділігі

Рентабельділік неміс сөзінен алынған, ол “тиімді табыс” деген ұғымды білдіреді.

Рентабельділік кәсіпорынның өнімді сатудан түсетін ақшасы өндірістік шығындардың орнын толтырып қана қоймай, сонымен бірге өндірісте ұлғайтылған ұдайы өндіріс ұстанымы бойынша жүргізу үшін қажетті пайда алуға қабілетті екенін білдіреді.

Ауыл шаруашылығы өндірісінің, салалардың, жеке кәсіпорындар мен өнім түрлерінің рентабельділігінің көрсеткіштерін талдау мен бағалау өзінің кешенді мәселе екенін көрсетеді. Оған жататындар:

- экономикалық тиімділіктің негізгі өлшемдері мен көрсеткіштер жүйесін олардың өзара қарым - қатынасында анықтау;
- бұл көрсеткіштерді анықтаудың әдістерін әзірлеу;
- жеке кәсіпорындардың шаруашылық қызметін, аудан, облыс, республика ауыл шаруашылығының қазіргі жағдайы мен даму серпінін талдаған және бағалаған кезде тиімділігінің рентабельділік көрсеткіштерін қолдану.

Кәсіпорынның рентабельділігін бағалау көрсеткіштері келесідей түрде анықталынады:

$$\begin{array}{l} \text{Кәсіпорын} \\ \text{мүлкінің} \\ \text{рентабельділігі} \end{array} = \frac{\text{Таза (немесе жалпы) пайда}}{\text{Кәсіпорын мүлкінің (активтерінің) орташа шамасы}} \times 100; \quad (57)$$

$$\begin{array}{l} \text{Өзіндік} \\ \text{құралдардың} \\ \text{рентабельділігі} \end{array} = \frac{\text{Таза (немесе жалпы) пайда}}{\text{Өзіндік құралдардың орташа құны}} \times 100; \quad (58)$$

$$\begin{array}{l} \text{Өндірістік} \\ \text{қорлардың} \\ \text{жалпы} \\ \text{рентабельділігі} \end{array} = \frac{\text{Жалпы(баланстық) пайда}}{\text{Өндірістік қорлардың орташа құны}} \times 100; \quad (59)$$

$$\frac{\text{Баланстық пайданың мөлшері}}{\text{Жалпы (баланстық) пайда Сатудың таза көлемі}} = \text{-----} \times 100; \quad (60)$$

$$\frac{\text{Пайданың таза мөлшері}}{\text{Таза пайда Сатудың таза көлемі}} = \text{-----} \times 100. \quad (61)$$

Шетелдік тәжірибеде ең соңғы көрсеткіш пайданың маржасы (коммерциялық маржа) деп аталынады. Оның экономикалық мазмұны - айналымдағы әр теңгеге таза пайданың үлестік салмағы. Рентабельділіктің екі түрін айырамыз: шаруашылық есептік және халық шаруашылықтық. Шаруашылық есеп рентабельділігі-бұл жеке ауыл шаруашылық кәсіпорынның немесе өнімнің жеке түрінің рентабельділігі. Ол өнімнің саны мен сапасына, сату бағасының деңгейіне және өнім өндіруге жұмсалған шығынның көлеміне байланысты. Алайда, мемлекет сату бағасы арқылы ауыл шаруашылығында жасалған қосымша өнімнің бір бөлігін жалпы халықтың мұқтажы үшін өз қарамағына алады.

Бөлшек сауда бағасымен және оны өңдеу, дайын ауыл шаруашылық өнімін сақтау мен сату сатыларында жұмсалған қосымша шығындармен салыстырып өлшесе, онда осы тәсілмен алынған нәтиже халық шаруашылық рентабельділігі болып табылады.

Ауыл шаруашылық өндірісінің рентабельділігін ең алдымен оның өлшемдері мен көрсеткіштері арқылы сипаттауға болады.

Өлшем (критерий) - бұл терминнің ғылыми түсінігі бойынша анықтаушы белігіні, баға өлшемін білдіретін негізгі сапалы, басты қасиетті көрсеткішті білдіреді.

Өлшемдердің көрсеткіштерден айырмашылығы-ол ішкі, түпкілікті белгі, ол бойынша әлеуметтік-экономикалық тиімділік туралы пікір айтылады, оның ішкі өлшемі көрсеткіш болып табылады. Көрсеткіш - оның көрініс нысаны және оның сыртқы өлшемі. Көрсеткіштің рөлі өндіріс рентабельділігі мен экономикалық тиімділік өлшемінің мазмұнын сандық тұрғыдан

сипаттайды. Ауыл шаруашылығы өндірісінің рентабельділігін есептеу үшін экономикалық тиімділіктің барлық көрсеткіштерін есептеу қажет.

Рентабельділік еліміздің экономикалық дамуын сипаттайтын басты көрсеткіш болып табылады. Ол жыл ішінде қайта алынған құнды білдіреді. Егер жалпы өнімнен жыл ішінде жұмсалынған өндірістің материалдық құралдарын алып тастасақ (қорлардың орнын толтыру), онда нәтижесінде таза өнім алынады, құндық көрінісі ұлттық табысты құрайды.

Пайдалануға ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Ниязбекова Қ., Рахметова Б.А., Байнеева П.Т. «Кәсіпорын экономикасы». Оқу құралы, Алматы, «Экономика», 2008 жыл. 706 – 730 беттер.
2. 4. Үмбетәлиев А., Керімбек Ғ. «Кәсіпорын экономикасы және кәсіпкерлік». Алматы, «Бастау», 2002 ж. 122 - 126 беттер.
3. Коваленко Н.Я. «Экономика сельского хозяйства». Москва, «Экмос», 1998 347 – 354 беттер.
4. Попов Н.А. «Экономика сельского хозяйства». Москва, «Экмос», 1999 181 -203 беттер.
5. Мейірбеков А. Қ., Әлімбетов Қ. Ә. «Кәсіпорын экономикасы». Оқу құралы, Алматы, «Экономика», 2003ж. 117 – 123 беттер.
6. Қайырбаева А.Е. «Кәсіпорын экономикасы». Оқу құралы, Алматы, «Нұр-принт», 2007 жыл. 99-102 беттер

Бақылау сұрақтары:

1. Рентабельділік дегеніміз не?
2. Кәсіпорынның рентабельділігін бағалау көрсеткіштерін атаңыз.
3. Пайданың маржасы ұғымын қалай түсінесіз?
4. Кәсіпорын мүлкінің рентабельділігі қалай анықталынады?
5. Өзіндік құралдардың рентабельділігі қалай анықталынады?
6. Өндірістік қорлардың жалпы рентабельділігі қалай анықталынады?
7. Баланстық пайданың мөлшері қалай анықталынады?

8. Пайданың таза мөлшері қалай анықталынады?
9. Рентабельділік -ол қандай көрсеткіш?
10. Таза өнім қалай алынады?

Экономикалық тренинг

1. Негізгі категориялар

Табыс, рентабельділік, кәсіпорын, пайда, таза пайда, ауыл шаруашылығы, өндірістік қор, маржа, баланстық пайда, таза өнім.

2. Сол жақтағы беттен оң жақтағы беттегі формула сәйкестігін анықтаңыз

Өзіндік құралдардың рентабельділі	$= \frac{\text{Таза (немесе жалпы) пайда}}{\text{Кәсіпорын мүлкінің (активтерінің) орташа шамасы}} \times 100$
-----------------------------------	--

Пайданың таза мөлшері	$= \frac{\text{Таза (немесе жалпы) пайда}}{\text{Өзіндік құралдардың орташа құны}} \times 100$
-----------------------	--

Кәсіпорын мүлкінің рентабельділігі	$= \frac{\text{Таза пайда}}{\text{Сатудың таза көлемі}} \times 100$
------------------------------------	---

3. Дұрыс – дұрыс емес

3.1 Рентабельділік кәсіпорынның өнімді сатудан түсетін ақшасы өндірістік шығындардың орнын толтырып қана қоймай, сонымен бірге өндірісте ұлғайтылған ұдайы өндіріс ұстанымы бойынша жүргізу үшін қажетті пайда алуға қабілетті екенін білдіреді.

3.2 Рентабельділік кәсіпорынның өнімді сатудан түсетін ақшасы өндірістік шығындардың орнын толтырады.

3.3 Рентабельділік өндірісте ұлғайтылған ұдайы өндіріс үстанымы бойынша жүргізу үшін қажетті пайда алуға қабілеттілік.

4. Дискуссиялық сұрақтар

4.1 Рентабельділік экономикалық категорияға жата ма?

4.2 ҚР шаруашылық субъектілерінің іс - әрекетін 100% рентабельді деуге бола ма?

4.3 Бүгінгі таңда рентабельділік деңгейі төмен кәсіпорындарға қандай шаралар ұсынатын едіңіз?

14. Кәсіпорын қаржысы

Қаржы ұғымы мемлекетпен бірге бір уақытта қоғамның таптарға жіктелуі кезінде, мемлекеттің дамуы мен оның ресурстарға деген қажеттіліктерін қанағаттандыруға байланысты жүйелі тауар-ақша айырбасы жағдайында пайда болып, дамыған.

Қаржы ұғымы тұңғыш рет “ақшалай төлем” мағынасымен 13-15 ғ.ғ. Италияда кең қолданылған. Кейін ол халықаралық дәрежеде таралып, мемлекетке өзінің саяси және экономикалық қызметтерін орындауға жұмылдыратын ақша ресурстарын жасаумен байланысты ұғым ретінде қолданыла бастаған.

Қаржының мәні – ақша нысанындағы күн қозғалысынан туындайды. Қаржы ақшаның қызмет етуімен тура және тікелей байланысты. Қаржы – жалпы және ішкі өнім мен ұлттық табысты бөлуді” экономикалық тетігі, ақша қорларын жасау мен пайдалануға бақылау жасаудың құралы.

Баға – бұл тауар құнының ақшалай көрінісі.

Қаржы дегеніміз – мемлекеттің қызметтері мен міндеттерін орындау мен ұлғаймалы ұдайы өндірістің жағдайын қамтамасыз ету мақсатында орталықтандырылған және орталықтандырылмаған ақша қорларын қалыптастыру, бөлу және пайдалану мен байланысты болатын экономикалық қатынастар. Қаржының мәні, іс-әрекет механизмі және рөлі оның атқаратын қызметтерінен айқын көрінеді. Оның қызметтері:

Бөлу қызметі – ол қаржы құралдарын қоғамдық өнім мен оның негізгі бөлігі - ұлттық табысты бөлу және қайта бөлу үдерісінде пайдаланған кезде көрінеді. Мұнда өнімнің натуралды-заттық құрамын бөлу ақша қорларын бөлу арқылы жасалады. Мемлекет, кәсіпорын, фирма және халық арасында ақша қорларын бөлуге сәйкес жасалынған натуралды өнім де бөлінеді.

Қаржы көмегімен ұлттық табысты бөлу және қайта бөлу екі әдіспен жүзеге асырылады.

А) қаржылық-бюджеттік әдіс;

Ә) несиелік-банктік әдіс.

Бақылау қызметі – бұл жалпы ішкі өнімді тиісті қорларға бөлуге және оларды мақсатты арналым бойынша жұмсауды бақылау. Оның мынандай түрлері бар:

А) қаржылық-шаруашылық бақылау;

Ә) қаржылық-бюджеттік бақылау;

Б) несиелік-банктік бақылау.

Қаржының экономикалық рөлі мына бағыттардан көрінеді:

- капиталдың айналымын тездете отырып, кәсіпорындардың өндірістік қызметі тиімділігінің өсуіне жағдай жасайды;

- кірістер мен шығыстарды ұдайы салыстырып отыру арқылы кәсіпорындар есебін нығайтып, дамытады;

ақша қорларын бөлу және қайта бөлу арқылы экономикалық өсудің арақатынасын реттейді;

- ұлттық табыстарға қорлану мен тұтыну қорларының үйлесуі тиімділігін арттырудың экономикалық негізін жасайды;

- ұлттық экономикада меншіктің сан-алуан нысандары және шаруашылық жүргізу нысандарының дамуына мүмкіндік туғызады.

Қаржы ресурстары – жалпы ішкі өнім құнының бір бөлігі.

Қаржы қорлары - ұлттық шаруашылықта іс-әрекет ететін ақша қорларының бүкіл жүйесінің құрамды бөлігі.

Ұлттық шаруашылық салаларының қаржысын басқаруды министрліктердің, ведомствалардың, қоғамдардың, серіктестіктердің қаржы басқармалары мен бөлімдері, бірлестіктердің, кәсіпорындардың, ұйымдардың қаржы бөлімдері жүзеге асырады.

Қаржы саясаты нақты шаруашылық өмірде қаржы механизмі арқылы жүзеге асады.

Кәсіпорынның қаржы механизмі - Мемлекет қаржыны өзінің қызметтері мен міндеттерін жүзеге асыру үшін қаржы саясаты маңызды рөл атқарады.

Қаржы саясаты дегеніміз - қаржыны басқарудың түпкі мақсаты, оның нақты нәтижесі.

Қаржы саясаты құрамына: бюджет, салық, ақша, несие, баға және кеден саясаты жатады.

Қаржы механизмі – экономикалық және әлеуметтік даму үшін қолайлы жағдайлар жасау мақсатында қоғам қолданатын қаржы қатынастарын ұйымдастыру нысандарының, қаржы ресурстарын қалыптастырып, пайдалану әдістерінің жиынтығы.

Басқару адам қызметінің барлық аясына, соның ішінде қаржы қызметіне де тән нәрсе. Ол белгілі бір нәтижеге қол жеткізу үшін субъектінің объектіге нысаналы ықпал етуінің тәсілдері мен әдістерінің жиынтығы.

Қаржыны басқару – бұл қаржыны және шектесуші экономикалық және әлеуметтік жүйелерге оларды жетілдіру және дамыту мақсатымен ықпал жамау процесі және қаржы қатынастарының бүкіл жиынтығының тиімді жұмыс істеуіне жетуді және мұның негізінде тиісті қаржы саясатын жүргізуді қамтамасыз ету жөніндегі мемлекет шараларының жиынтығы.

Қаржыны басқарудың мақсаты макроэкономикалық теңгерілімдікте, бюджет профицитінде, мемлекеттік борыштың азаюында, ұлттық валютаның беріктігінде, ақырында, мемлекет пен қоғамның барлық мүшелерінің экономикалық мүдделерінің үйлесуінде көрінетін қаржының тұрақтылығы мен қаржының тәуелсіздігі болып табылады.

Қаржылық жоспарлаудың мазмұны, міндеттері, қағидаттары мен әдістері:

Қаржылық жоспарлау мен болжау – бұл қаржы механизмінің қосалқы жүйесі, саналы басқарудың аса маңызды элементтерінің бірі және әлеуметтік – экономикалық жоспарлаудың құрамды бөлігі.

Қаржылық жоспарлаудың объектісі шаруашылық жүргізуші субъектілері мен мемлекеттің қаржылық қызметі, ал қорытынды нәтижесі қаржы жоспарлары мен жеке мекеменің сметаларынан бастап мемлекеттің жиынтық қаржы жоспарына дейінгі қаржы жоспарларын жасау болып табылады. Қаржылық

жоспарлаудың нақтылы міндеттері қаржы саясатымен айқындалады. Бұл жоспарлы тапсырмаларды орындауға қажетті ақшаның көлемі мен олардың көздерін анықтау; кірістерді өсірудің, шығыстарды үнемдеудің резервтерін анықтау, орталықтандырылған және орталықтандырылмаған қорлар арасында қаражаттарды бөлуде оңтайлы үйлесімдерді белгілеу және басқалары.

Қаржылық жоспарлаудың мазмұны ақшалай табыстар мен қорланымдарды жасау, бөлу және қайта бөлуді экономикалық процестермен оңтайландырудың күні бұрын анықталған мүмкіндік ретінде көрінеді және осының негізінде орталықтандырылған және орталықтандырылмаған ақша қорларын қалыптастыру және пайдалану.

Қаржылық болжау – мемлекеттің мүмкін болатын қаржы жағдайын алдын ала көре білу, қаржы жоспарларының көрсеткіштерін негіздеу. Болжамдар орташа мерзімді (5-10 жылдан) және ұзақ мерзімді (10 жылдам астам) болуы мүмкін.

Индикативтік жоспарлау нарықтық экономиканы мемлекеттік реттеуде және экономиканың стратегиялық ұзақ мерзімді бағыттарын анықтауда маңызд орын алады, мұның процесінде экономиканы ойдағыдай дамытудың бүкіл шегі анықталады.

2001 – 2005 арналған индикативтік жоспардың басты мақсаты – экономикада бәсекелестікті арттыру.

Индикативтік жоспардың ажырағысыз бөлігі ирдикативтік қаржылық жоспарлау болып табылады, бұл жоспарлаудың басты мақсаты – болжанған дамуды қамтамасыз ету үшін қаржы ресурстарының шамаланған ауқымын және олардың бағытын анықтау.

Қаржылық жоспарлаудың әдістемелігі аса маңызды мына қағидаттарға негізделеді: орталықтандырылған және орталықтандырылмаған тәсілдемелердің үйлесуі.

Нарықтық қатынастар жағдайында аумақтық және предметтік мақсатты қағидаттар кеңінен қолданылатын болады. Аумақтық қаржылық жоспарлау әкімшілік – аумақтық бөліністердің қаржы ресурстарын анықтауға мүмкіндік береді; ресурстар ауқымын шаруашылық қызметтің нәтижелеріне тәуелді ғып қоюға көмектеседі;

Қаржылық жоспарлаудағы предметтік – мақсатты қағидат белгілі бір экономикалық, әлеуметтік, экологиялық, мәдени және басқа бағдарламаларды қамтамасыз ету үшін қаржы ресурстарын нақты қалыптастыруға және пайдалануға бағытталған.

Қаржы жоспарларын жасау негізінен үш кезеңнен тұрады: бірінші кезеңде есеп беріліп отырылған мезгілдің қаржылық көрсеткіштердің орындалуына экономикалық талдау жасалады.

Екінші кезеңде әлеуметтік және экономикалық даму жоспарлары мен бағдарламаларының көрсеткіштері негізінде кірістер мен шығыстардың нақтылы түрлерінің есеп - қисаптары жасалады.

Үшінші кезеңде сметадағы тапсырмалар және кірістердің баптары үйлестіріліп, теңестіріледі.

Қаржылық жоспарлаудың негізгі құжаты боып келетін қаржы жоспары шаруашылық жүргізуші субъектілердің, салалардың, аймақтардың және жалпы мемлекеттің ақшалай табыстары мен қорланымдарын құрудың және пайдаланудың жоспары болып табылады.

Жиынтық қаржы жоспарлары жалпы мемлекеттік қаржы ресурстарының қозғалысын негіздейді, мемлекеттің қаржы жүйесі жүзеге асыратын қайта бөлу процестерін белгілейді.

Нысаны бойынша олар әрқашан жиынтық жоспарлар болып табылады, бірақ бұл оның жалғыз ғана белгісі емес.

Жиынтық қаржы балансы дап орта мерзімді (бесжылдық) кезеңге арналған дамудың жалпы мемлекеттік болжамының қаржылық бағдарламасын айтады. Оны жасаумен Қаржы министрлігінің, Ұлттық банктің белсенді қатысуымен экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі айналысады. Баланстық кіріс бөлігі мыналарды кіріктіреді: таза табыс, тұтынуға салынатын салықтар (қосылған құнға салынатын салық, акциздер, кеден баждары), амортизациялық аударымдар, сыртқы сауда операцияларынан түсетін түсімдер, салықтар мен алымдар, қысқа мерзімді несиелендірудің ресурстары, ұзақ мерзімді несиелендірудің көздері.

Шығыстар бөлігінің аса маңызды көрсеткіштері: экономиканы дамытуға жұмсалатын шығыстар (күрделі жұмсалымдарды қаржыландыру, айналым қаражаттарының өсіміне жұмсалатын шығындар, мемлекеттік субвенциялар); сыртқы экономикалық

операциялар жөніндегі шығыстар; әлеуметтік – мәдени шараларға жұмсалатын шығыстар; басқару мен қорғаныс шығыстары ; қысқа мерзімді кредит салымдарының және ұзақ мерзімді кредит беруге арналған қаражаттардың өсімі.

Дүниежүзінің барлық елдерінде оперативтік қаржы жоспары мемлекеттік бюджет болып табылады.

Мемлекеттік сақтандырудың жиынтық қаржы жоспары бұл ұйымның барлық ақша түсімдері мен тиісінше стихиялық апаттарды ескертумен және оның зардаптарын жоюмен байланысты ұйғарылған шығындарды анықтайтын. Мемлекеттік әлеуметтік сақтандырудың бюджеті әлеуметтік сақтандыру қаражаттарын жасау мен бөлуді жоспарлайтын.

Бюджеттен тыс қорлар, әдеттегідей, жалпы мемлекеттік қаржы жүйесінің дербес буыны болып табылады, айрықша көздер есебінен құрылады және өзінің ресурстарын функциялық міндеттерді орындауға жұмсайды

Бюджеттен қаржыландыратын мемлекеттік мекемелердің қаржы жоспарлары смета деп аталады, шығындарды негіздейтін кіріс – шығыс сметалары жасалынады. Ұжымшарлар, кооперативтік ұйымдар, қоғамдық бірлестіктер және сақтық компаниялары қаржы жоспарларын, мемлекеттік биліктің органдары түрлі деңгейлердегі бюджеттерді жасайды. Комерциялық есепте жұмыс істейтін кәсіпорындар мен ұйымдар қаржы жоспарларын бұрын кірістер мен шығыстардың балансы түрінде жасайтын. Олардың кіріс бөлігінде табыстар мен қаражаттардың түсімі, шығыс бөлігінде осы түсімдер есебінен жасалатын шығындар анықталатын.

Есептеулер мен ақша қаражаттарының айналымдарын тіркеу арнаулы қаржы жоспарында – төлем күнтізбесінде жүзеге асырылады.

Нарыққа өту кезінде кәсіпорын қызметін тиімді басқарудың шешуші шарты ретінде фирманың ішкі қаржы жоспарларының да мәні арта түсті.

Бизнес-жоспар - бұл кәсіпкерлік қызметтің техникалық-экономикалық негізіне сайма – сай болатын құжат.

Басқаруда және шаруашылық - қаржылық қызметті жоспарлауда қаржылық көрсеткіштер – шаруашылық жүргізуші субъектілердің, салалардың және жалпы ұлттық шаруашылықтың

ақшалай табыстары мен қорланымдарын жасаумен және пайдаланумен байланысты қызметтің түрлі жақтарын сипаттайтын жоспардың, есептің немесе есеп-қисаптың мәліметтері пайдаланылады. Олар абсолюттік және салыстырмалы мөлшерлерде тұлғаланады.

Жиынтық қаржы көрсеткіштеріне бюджеттің кірістері мен шығыстарының, сондай-ақ олардың жеке құрамдастарының көрсеткіштері мен оларың үлес салмақтары; бюджеттер тапшылығының сомасы; мемлекеттік бюджет кірістерінің, шығыстарының, тапшылығының ұлттық табысқа жалпы ішкі өнімге қатынасы және басқалары жатады.

Ұлттық шаруашылық деңгейіндегі қаржылық көрсеткіштер мемлекеттің қаржы ресурстарының ауқымы мен құрылымын, мемлекеттік бюджет және басқа қаржы жоспарлары арқылы олардың бөлінуін, экономиканың түрлі салаларының рентабелділігін және бюджетке төленетін табыстың үлесін сипаттайды

Қаржылық көрсеткіштерді есептеу кезінде нормалар мен нормативтер пайдаланылады, олар қаржы жоспарларын, болжамдарын, бағдарламаларын ғылыми негіздеуге арналған.

Қаржылық жоспарлауда қаржы ресурстарын жасаудың, бөлудің және пайдаланудың ең төменгі, орташа және ең жоғарғы шекті нормалары мен нормативтері қолданылады.

Қаржы нормалары мен нормативтері сондай-ақ бекітілген және есеп-қисаптықтары ішкі жоспарлауда пайдаланылады.

Сондай-ақ бірінғай нормалар мен нормативтер болып ажыратылады, мысалы, әр түрлі шаруашылық жүргізуші субъектілер мен салалар үшін амортизациялық аударымдардың нормалары және сараланған- түрлі шаруашылық жүргізуші субъектілерде түрліше болатын айналым қаражаттарының нормалары мен нормативтері.

Қаржы құқығы – бұл қоғам дамуының тиісті кезеңіндегі мемлекеттің міндеттерін жүзеге асыру үшін қажетті ақша қорларын жасау, бөлу және пайдалану процесінде пайда болатын қаржы қатынастарын реттейтін заң нормаларының жиынтығы.

Қаржы құқығында қаржы- құқықтық нормалар - құқықтың негізгі бастапқы элементтері, яғни мемлекет белгілеген және қаржы қатынастарындағы мемлекеттік мәжбүрлеу шараларымен

камтамасыз етілген қылықтың қатаң белгілі бір ережесі пайдаланылады.

